туралы бертінге дейін бізге жеткен мәліметтер өте аз. 1987 жылы шумер қаласы Сиппарда археологтар қызықты мәліметтің көзін ашты. Олар екі мыңнан аса сына жазулы сазды балшық таңбалары сақталған кітапхананың орнын тапты. Ғалымдар мұны б.э.д. 2700 жылға қатысты деген ұйғарым жасайды. Оның жасы 46 ғасырдан да асып

Біздің заманымызға дейінгі III ғасырда негізі қаланған антикалық дәуірдегі алғашқы алып кітапхана Александрияда Зенодот Эфесский, Эратосфен Киренский, Аристофан Византийский, Аристарх Самофракийский секілді ұлы ойшылдар қызмет атқарды. Жеті ғасырда жүздеген ғалым еңбек еткен екен. Сол кездегі патша ұйғарымымен кітапхананы ақын-ғалымдар басқарыпты. Бұлардың басым бөлігі археолог, астроном, дәрігер және сыншы болған. Кітапханашы мамандығының мәртебесі де биік болғанға ұқсайды.

шыққан. Төрт мың жылдық тарихы бар қалада бірқатар кітапханалар, «таңбалар үйі», діни кітаптар жинағы табылды. Жеке кітапханалар да кездесіп жатты. Лагаш қаласындағы 20 мыңнан аса таңба төрт мың жыл бойы елеусіз жатқан. Мұның бәрі мазмұнына қарай жүйеленіп сақталды. Кітапхана іргесі осылай басталған. Сол кездегі кітапханалар мен «таңбалар үйі» сазды балшықпен жазылған кітаптардың қоймасына айналды.

Шумер кітапханасы, оның құрылуы

түседі. Кітапхананың қабырғалары күйдірілмеген кірпіштермен біріктірілген. Ішкі қабатында – таңбаларды сақтау үшін ағаш бағаналармен жақталған гипс сөрелер.

Кітапты, оның сақталуын және әлемдегі ең көне кітапхананың қорын ұлғайту туралы түсіндіретін саз балшықты таңбалар жинағы көптеген қалаларда табылып жатты. Солардың қатарында әйгілі ассириялық патша-әмірші Ашшурбанипал жинаған «саз балшықты кітаптар» кітапханасы да бар.

Дәуір дидары

Ежелгі дәуір жауһары – Ассирия патшасының кітапханасы Ашшурбанипал (б.э.д. 668-635 жж.). Кейбір деректерде ең көне ассириялық кітапхананың іргесі Ашшур қаласында Тиглатпаласар I патша (б.э.д. 1114-1076 жж.) билік құрған дәуірде қаланған делінеді. Ал Ашшурбанипал кітапханасында месопотамиялық ауыз әдебиеті туындылары, патшаның жарлықтары мен хаттары жинақталды.

Ассирия астанасы Ниневияның


тағдыры бәрімізге аян. Вавилония мен Мидия әскерлерінің бірлескен қысымынан Ассирия державасы жойылып, қаладағы барлық ғимарат-тар, сарайлар мен ғибадатханалар тоналып, өртке оранды.

Өткен ғасырда ағылшын археологы О. Лэйярд Ниневия аймағына қазба жұмыстарын жүргізді. Еңселі ескерткіштер қалдығы – олардың мәдени деңгейінің көрсеткіші. Ғалым тағы бір кітапхананың филиалын тапты, бірақ кітаптардың ба-сым бөлігі басқа жерде сақталған екен. Көп ұзамай О. Лэйярддың көмекшісі О. Рассам қабырғасы арыстан аулауға шыққан патша бейнесімен безендірілген кең залы бар сарай кездестіреді. Ол «Арыстан зал» аталып кетті. Мұнда да үлкен кітапхана болғандығы айғақталды. Оның қорындағы кітаптар өрттен көп зақым тартпаған тәрізді. Сазды балшықпен жазылған таңбалар жертөлеге опырылып түсіп, сонда 25 ғасыр бойы елеусіз жатқан. Таңбалардың орындары ауысып, бірқатары сынған. Бұлардың мағынасы, аты-жөні не атауы көрсетілмеген. Сондықтан кітап қазынасын қайта өңдеу ғалымдардың қажырлы еңбегін қажет етті. Ғасырлар, жылдар өте бұл жұмыстар да атқарылды. Сонымен бұл жер әр алуан тілдегі әдебиеттер қоймасы әрі мемлекеттік мұрағат болғандығы анықталды. Кітапхана қоймасынан астрономиялық зерттеулер нәти-жесі,

медициналық трактаттар, грамматикалық анықтамалықтар, ассириялық әміршілер шежіресі, діни кітаптар және ежелгі мифтік аңыздар табылды.

Кітапханадан тағы да 30 мың таңба табылды. Сонымен қатар оның қорында 700-ден аса шығарма сақталған. Оның екі жүзі ғылымға арналса, үш жүзден көбісі - болашақты болжауға қатысты мәтіндер. Ал әдеби ескерткіштер қатарына екі жүздей жазбаны жатқызамыз. Бұл сол дәуірдегі әдеби туындылардың үштен бірін құрады. Осылайша кітапхана Ежелгі Шығыс халықтарының мәдени қазыналарының қоймасы деп аталды. Ассириялық кітапханашылар әлем әдебиетіндегі шоқтығы биік шығармаларды жинап, бізге мұра етті.

Ниневиядағы кітапханаға Ашшурбанипалдың екі сарайының бірі берілді. Кітапхана қоры жүйеленіп, тұңғыш рет санақ жүргізілді. Кітаптар бөлімдеріне қарай жайғастырылды: грамматика, тарих, құқық, заң, табиғат, география, математика, астрономия және дін тәрізді. Кітап сақтау жүйесі күрделене түсті. Бұл кітаптарды қиындықсыз табуға қолайлы болды. Сөйтіп кітаптардың барлығына мөр басылды. Кітапханада арнайы қаталог та құрылған, тақтада туындының атауы көрсетілді. Бұлар бөлмедегі сөрелерде сақталды. Кейбір кітаптардың таңбалары бөлек ағаш жәшіктерге салынып қойылды. Мұның бәрі кітапханашылардың қажет кітапты қиналмай табуына мүмкіндік берді. Осылайша көне заманғы көрікті кітапханалардың бірі ретінде Ашшурбанипал кітапханасы да ғасырлар қойнауында қалды.




Александрия кітапханасы

Александрия (Мысыр) кітапханасы - ежелгі дәуірдегі ең ірі кітапхана. Мұның тарихы Жерорта теңізі бойына грек мәдениетінің таралуымен және Египеттегі Птолемей династиясының пайда болуымен тығыз байланысты. Б. д. д. дейінгі 295 жылы Птолемей I Аристотель мектебінің үлгісімен Александрия академиясын ашты.

Б. д. д. III ғасырдың басында Мысырды Птолемей II билеген дәуірде Александрияда тұңғыш рет кітапхана іргесі қаланды. Бұл көне замандағы жазбалардың ең ірі қоймасы болды. Александрия кітапханасының ғимараты қаланың зәулім сарайлары бой тіккен Брухейонда орналасқан. Кітапхана ежелгі дәуір әдебиетінің, каталогтеу мен библиографияның орталығына айналды.

Рим кітапханаларынан ерекшелігі Александрия кітапханасы көпшілікке арналмады. Бұл тек ел билеуші шенеуніктер



таушылары – Зенодот Эфесский (б.д.д. 234 ж.), одан соң Эратосфен Киренский

мұның саны – 700 мыңға жетті. Бұл жағдай жазушы-ғалымдар еңбегінің жемісімен байланысты деп түсіндіріледі.

Мысырлықтар құнды қазыналарды сақтап қалу жолында жан аямады. Бұйрық бойынша кедендегілер Александрия портына келгендерден конфискелеу арқылы кітаптарын олжалап, кітапхана қоймасына жөнелтіп отырған. Осылайша, папирустардан, қыш кітаптардан және сирек қолжазбалардан құралған кітап қорының қатарын «кеме кітапханасы» деген каталог та толықтыра түсті.

Мұнда грек мәдениетінің үздік үлгілері шоғырланған. Олар – ақындар, тарихшылар, шешендер, дәрігерлер мен математиктер еңбектері. Ғалымдар әдебиеттің кез келген саласын оқуға мүмкіндік алды. Бірқатар шетелдік авторлардың аударылған туындылары да болды. Египеттік, сириялық, үндістандық және еврей авторлардың еңбектері түпнұсқа тілінде сақталды. Ал папирустарға сыйғызылған өлеңдер мен трактаттар, теріге жазылған жазбалар – кітапханадағы сирек басылымдар қатарында.

мен патша отбасыларын ғана қабылдады. Ал көпшілік оқырман кітапхананың еншілес мекемелері арқылы қажетті мәліметіне қол жеткізді.

Кітапхана бірнеше рет өрттен жапа шекті. Соның салдарынан көптеген көне кітаптар ғайып болды.

Кітапхананың алғашқы қорғап сақ-

(б.д.д. 236-195 жж.), Аристофан Византийский (шамамен б.д.д. 180 ж. дейін), Аристарх Самофракийский (б.д.д. 146 ж.) және басқа да ғалымдар. Кейбір тізімдерде Каллимах та бар.

Библиография атасы Каллимах кезегіне дейін кітапханада 400 мың шиыршық қағаз сақталса, екі жүз жылдан кейін

Алып кітапхананы құрушылар, кітапханашылар тізімі және бірқатар оқырмандар есімі көрсетілген деректер бүгінгі күнге дейін сақталған.

Пальмира Зиновия патшайымға қарсы көтерілген Рим соғысы кезінде,



яғни б.д.д. дейінгі 273 жылы Александрия кітапханасы тағы да өртеніп кетеді. Өрттен кейін кітапхана қайта қалпына келтіріледі.

Сан алуан соғыстың салдарынан көп қағажу көрген кітапхана Серапеум ғибадатханасына көшіріледі. Монохтар қашан да халықты бір-бірімен өшіктіріп отырған. Жан-жақтан қысым көп. Соғысып, ақылынан адасқан адамдар кітапхана ғимаратына басып кіреді. Ғибадатхананың ішкі жағы, кітап қоймасы қиратылды. Қойманы қызметкерлер қару алып қорғады. Белгілі ғалымдардың, кітапханашылардың есіл еңбегімен жиналып, сақталған бағалы байлықтарды жау жағы олжалады. Кітаптар сөрелерден түсіріліп, аяқпен тапталды.

Ғибадатхана жойылды. Александрия кітапханасы тас-талқан болып тоналды. Бұл 391 жыл еді.


Қордалы қоры бар Александрия кі-

тапханасы бірнеше ғасырға ғайып болды. Ал бүгінде Египет Үкіметі ЮНЕСКО ұйымымен бірлесе отырып, Александрия кітапханасын қайта қалпына келтірді.

1995-2003 жылы Александриядағы көне кітапхананың орнына осы замандық үлгідегі жаңа ғимарат тұрғызылды. Мұнда 8 миллион кітап еркін сияды. Жаңа кешенде оқу залы, мәжіліс орталығы, көз мүгедектеріне арналған кітапхана, жастар мен балаларға арналған бөлім, үш мұражай, төрт өнер галереясы, қолжазбаларды қалпына келтіру орталығы секілді залдар бар.

Мемлекет кітапхана қорын толықтыруға қаржы аяған жоқ. Мұны бүгінгі қоғам алдындағы өз елінің беделі деп біледі.

Ғалия ИСАҚАНОВА,
ғалым-хатшы





Тұрсын ЖҰРТБАЙ,
филология ғылымдарының докторы, профессор,
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық
университеті жанындағы «Отырар кітапханасы»
ғылыми орталығының директоры



«ОТЫРАР КІТАПХАНАСЫ»

ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША МАҒЛҰМАТ

2001 жылы наурыз айының он екінші жұлдызы күні кешкі сағат сегізде сол кездегі Премьер-министрдің орынбасары Иманғали Тасмағамбетов үйге хабарласып, Астанаға шұғыл жетуімді өтінді. Бір күннен кейін университеттің сол кездегі ректоры Мырзатай Жолдасбеков ағамыз екеуімізге: Еуразия ұлттық университетінің жанынан «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығын құру туралы тапсырма берді. Сөйтіп он алтыншы наурыз күні университет кітапханасының директоры болып шыға келдім. Бұл – әрине, мен күтпеген «сыбаға». Бұйрық қатты, жан тәтті болды. Иманғалидың тапсырмасы шұғыл, батымды, сенімді, жан аяйтын нәрсе емес еді. Мырзатай ағамыз да жанып түсті.

Бұл өзі Күлтегіннің тас жазуының көшірмесі келетін қарсаңдағы ұлттық рухтың өрлеп тұрған бір жұлдызды шағы еді. Басты идея – осыдан мың жыл бұрын Отырар қаласында Александрия кітапханасынан кейінгі дүниежүзіндегі екінші кітапхана болған. Біз – сол ұлы мұраның иесіміз. Жаңа Астананы рухани қасиеттендіру үшін осы үлгідегі ғылыми кітапхананы ашу керек, сол арқылы тарихи тамырды танып, өркениеттің елшісі – кітапхана арқылы бәсекеге қабілетті ғылымды бүгінгі күнгі қазақтың рухани-мәдени дамуының шешуші идеологиясына айналдыру қажет деген нысанға негізделді. Біздің алдымызға қойылған мақсат – дүние жүзіндегі Қазақстан тарихына қатысты қандай да бір деректер мен кітаптардың мүмкін болса түпнұсқасын, жоқ болса көшірмесін бір орталыққа жиып, ғылыми айналымға түсіру; профессорлар мен оқытушыларды ғылыми жұмысқа тартып, аудармалар жасау, соның негізінде студенттерге дәріс оқу; сөйтіп студенттердің өз бетінше Отан тарихы туралы ғылыми жұмыспен айналысуына мүмкіндік жасау; ғылыми жұмыстарды баспадан шығарып, ұлттың игілігіне ұсыну.

Ғылыми орталықтың жұмысы үш бағытты қамтиды. Бірінші – ғылыми зерттеу жұмыстары. Бұл реттен алғанда осы сегіз жылдың ішінде қазақ тарихына қатысты 36 жинақ пен монография шығардық. Оның ішінде сонау IX ғасырдағы көне қолжазбалардан бастап, күні кеше ғана арамыздан өткен ғалымдардың мұралары бар. Мысалы, абайтану саласындағы ғұлама ғалым, осы саладағы ғылыми еңбектері үшін кезінде ату жазасына кесілген Қайым Мұхамедхановтың тоғыз томдық еңбегінің сегіз томы жарық көрді. Қалған соңғы томы алдағы жылдардың еншісінде. Шәкәрімнің тағдырын құшып, шекарада

қызылдардың қолынан қаза тапқан, осы күнге дейін есімі елге орала қоймаған, кезінде Әсет Найманбаевпен айтысқан атақты Кәрібай Таңатарұлының бір томдық жинағы биыл баспаға ұсынылды. Қырқыншы жылдардың екінші жартысында Шығыс Түркістан үкіметін құруға атсалысқан, сол үшін 50 жылдары ату жазасына кесілген, 55 жылы Қазақстаннан саяси баспана тапқан, қытай мен қазақ тілінің арасындағы байланысты зерттеген, сол үшін кеңестік идеологияның қысымына ұшыраған Балқаш Бафиннің бір томдық еңбегін жарыққа шығардық. Қазір сондай тағдырдың иесі ғалым, этнограф Жағда Бабалықұлының қолжазбаларымен жұмыс істеп жатырмыз. Сондай-ақ «Ел шежіре» баспасы шығарып жатқан «Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы» атты отыз томдықтың бес томын дайындап, жариялауға қатыстық. Соның ішінде «Шығыс Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы» атты үш томдықтың ғылыми маңызы ерекше деп ойлаймын. «Зар заман әдеби ағымының соңғы өкілі» (Мұхтар Әуезов), Кеңес өкіметі тұсында үш рет тыйым қаулысы шыққан Нарманбет Орманбетұлының бір томдығын Б. Кенжебаевтың шәкірті Аманкелді деген ел дегдары жинаған қолжазбаларының негізінде дайындадық. Біз қолға алмасақ, ақиық ақынның мұрасы осы күнге дейін жарияланбай қалуы мүмкін екен. Белгілі тіл маманы марқұм Тұрағұл Қоңыровтың «Теңеулер табиғаты» атты еңбегі қазақ тіл білімі саласындағы елеулі зерттеу болып табылады. Мұндай тағдырлы кітаптың қатарына XIX ғасырда аты бүкіл Еуропаға Ивановскийдің мақаласы арқылы кеңінен танылған, «өз заманының Гомері», соқыр Ноғайбай ақынның бір томдығы да жатады. Осы уақытқа дейін оның өлеңдері

мен шығармаларынан ешқандай мағлұмат жоқ болатын. Тек аты ғана аталатын. Ақын, аудармашы Әубәкір Нілібаевтің тапсырған қолжазбасы бойынша баспаға дайындалды және ол туралы бұрын-соңды жазылған зерттеулер де жинақталып берілді. Сонымен қатар, IX-XX ғасырларда дүниеге келген әрі сол дәуірлердегі тарихи оқиғаларды қамтитын «Жетінші қазына» атты дастандар жинағының біз үшін орны ерекше. Сондай-ақ, қазақ мәдениеті мен дәстүріне, әдет-ғұрпына, дастархан мәдениетіне, этнографиясына, ырым-тыйымдарына қатысты Сейіт Кенжеахметұлының көркем безендірілген қазақ, орыс және ағылшын тіліндегі үш томдық энциклопедиялық кітабы қалың оқырманның көңілінен шығып, екі-үш рет қайта басылды. Қазір қытай тіліндегі басылымын жүзеге асыру туралы жобаның қам-қаракеті жасалып жатыр. Оның қатарында біздің жыл қайыруымыздан бұрынғы ғасырдан бастап көне қытай деректерінде хатталған түркі жұртының руханиятына қатысты аңыздар мен әфсаналарды, жырларды, авторлық шығармаларды бір том етіп жарияласақ деп еңбектеніп жатырмыз. VIII-IX ғасырдың мұрасы «Маитри смит» атты көне пьесаны да баспаға дайындау қамындамыз. Мұны көне қытай тілінің мамандары Қалбан Ынтыханұлы мен Еркінжан Сіләмханұлы аудару үстінде. Оған Гың шы мин сияқты қытай ғұламасы мен көне монғол жазуын білетін Қаржаубай Сартқожаұлын ынтымаққа шақырып отырмыз. Көне түркі жазба ескерткіштерін зерттеу бағытында түркітанушы Қаржаубай Сартқожаұлымен сегіз жылдан бері тақырыптарымызды еншілестіріп бірігіп жұмыс істеп жатырмыз. Қытайға, Монғолияға, Сібір аңғарына, Түркияға ғылыми





экспедициялар жасалды. Бұл реттегі Қаржаубайдың олжасы өте мол. Қазір Орхон-Енисей жазба ескерткіштері атласының екінші томын дайындаудың қарбаласымен жүр. Әбігердің аптығы басылып, ойы мен көңілі орныққан соң аса бай әрі құнарлы мұраларды асықпай пайымдап, ғылыми сипаттама жасап, тарихи оқиғалардың әдібін ашып беретін жақсы бір еңбектер дүниеге келеді деп сенемін. Сол сәтті күндерде «Қазақ жазуының тарихы» атты он томдық танымдық басылым жарық көріп қалуы да мүмкін. Бұл – Қаржаубай екеуміздің аңсарлы бір жобамыз. Дайындық бар, бірақ бұл – екі жақтан да алаңсыз, тізе қосып қатар отыруды талап ететін еңбек. Ілгеріде Қаржаубайдың көне түркі әрпінің шығу тегін ғылымда тұңғыш рет жүйелеп берген «Байырғы түркі жазуының генезисі» деген монографиясы жарыққа шықты. Менің

ойымша, бұл басылым отандық түркітанудағы жаңа баспалдақ. Жинақтаушылық, тұжырымдық, қорытындылаушылық сипаты басым. Иманғазы Нұрахметұлының «Ұлыстық әдебиеттен – ұлттық әдебиетке» атты монографиясында біздің жыл қайыруымыздан бұрынғы Х ғасырдан бастап XVI ғасырға дейінгі көне түркі және қазақ ақындары туралы қытай деректеріндегі мағлұматтарға талдау жасалады. Ал орталықтың ғылыми қызметкері кезіндегі Тұрсынхан Қайыркеннің «Көне түркі ескерткіштеріндегі қытай жазбалары» атты көлемді де маңызды еңбегі – ғылыми көпшіліктің назарын аударатын сүбелі зерттеу. Қазір үш мың жылдық кеңістікті қамтитын хрестоматия дайындалып жатыр. Егер ол ойдағыдай жүзеге асса, «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының құрылуы өз міндетінің алғашқы

нәтижесін бергені деп есептеймін. Тағы бір тосын жаңалық бар. Қытайдағы Ішкі Монғолияның астанасы Көкөттан (Хохот) жүз шақырымдай жерде уақтардың (Бағылық оңғыттарының) ежелгі астанасының орны бар. Жапон, қытай археологтары түбегейлеп қазба жұмыстарын жүргізген. Соның нәтижесін баяндайтын «Бағылық оңғыттары» деген Гай шан линнің зерттеуін Қалбан атты сауатты ғалымымыз аударып бітті. «Фолиант» баспасының директоры Нұрлан Исабек өз қаражатымен шығарып бермек, мұндағы тарихи деректер мен қазба мұралар біздің көзқарасымызға өзгерістер әкелетініне еш күмәнім жоқ.

«Алаш» партиясы мен «Алашорда» қайраткерлерінің түрмедегі сұрақ-жауаптарына негізделген екі томдық «Алаштың ақиықтары» атты кітаптың заңды жалғасы «Ұраным – Алаш!» атты үш томдық құжаттар мен

деректер жинағы да ғылыми ортаны бей-жай қалдырмас деп ойлаймын. Қордағы қолжазбалардың негізінде С. Бегалиннің көп томдығының алғашқы төрт томы дайындалып, жарық көріп еді. «Балалар әдебиеті» деген ғылыми еңбекті, ағаны сыйлауды былай қойғанда, жай қызметтік әдепті білмейтін мекемеден көңілі қалып, іргемізді аулақ салуды жөн көріп отырмыз. Айта берсе арман да, аңсар да көп. Арнайы жобаның деңгейінде «Көне түркі жазба ескерткіштері мен қазақ қолжазбалары – Қазақстанның тәуелсіздік идеясының негізі» деген тақырыпта зерттеу жұмысы жүргізілуде. Мұның нәтижелері келер күннің еншісінде. Атақты Ұлықбектің «Төрт тарих» атты екі томдық еңбегін шығыстанушы ғалым Ж. Төлебаева тәржімалау үстінде. Бұл еңбек тікелей қазақ тарихына қатысты. Осы ретте Райхан Мәженқызы мен жазушы-баспагер Дидахмет Әшімхановқа айтар алғысымыз мол. Бұл басылымдар солардың оң көзбен қарауының нәтижесінде жүзеге асты.

Қысқаша айтқанда, мұның барлығы – осы жылдың ішінде жүргізілген іздестіру, жинастыру, жүйелеу, сипаттама жасау, аудару жұмыстарының жүзеге асырылуының барысында мүмкін болған еңбектер. Бұл – бір академик, төрт доктор, үш кандидат пен ғылыми қызметкерлердің, ізденушілер мен кітапхана қызметкерлерінің еңбегі. Алдағы уақытта қазақ тарихына қатысты өте сирек кездесетін көп томдық шығару ойымызда бар.

Екінші бағыт – ғылыми-мәдени қызметтер жасау. Бұл бағыттағы үлкен жұмыс – Қ. Сартқожаұлының қажыр жұмсауымен осы университетте ашылған «Жазу тарихы» оқу-әдістемелік мұражайы. Лев Гумилевтің, Әлкей Марғұланның, Кемел Ақышевтің, Тұрсынбек Кәкішевтің,

Серік Қирабаевтың, Мұхамеджан Қаратаевтың, Рабиға Сыздықованың, Оразгүл Нұрмұхамедованың, Ақселеу Сейдімбектің мұражай-кітапханаларының ашылуы – сол бағыттағы игерілген істердің бір парасы. Біз Қазақстанның белгілі ғылым, қоғам қайраткерлерінің кітапханасын жию арқылы кітап қорын ғана молайтып қоймаймыз, сонымен қатар сол ғалымдардың тәжірибесін, ғылыми мектебін одан әрі жалғастырып, зерттеу жұмыстарын жүргіземіз. Академик Әбдуәли Хайдари ағамыз да кітап қорын бізге тапсыратынын айтты, бұл орайдағы ізденістер әлі де жалғасын таба береді.

Үшіншісі – оқу-ағарту қызметі. Қандай университет болсын оқулыққа деген сұранысты толық қанағаттандыруы мүмкін емес. Өйткені, ғылым – күнделікті өсіп-өніп, жаңа саласы ашылып отыратын үрдісті сала. Қазір ғылыми орталық пен университеттің кітапханасы екіге бөлінді. Сирек кітаптар мен қолжазбаларды байыптай қарастыруға бет алдық. Әрине, мәселе көп. Бұл мәселелерді кешенді түрде шешудің реті алдағы уақытта салынатын жеті қабатты кітапхана ғимаратын пайдалануға беру орайында түсетін шығар деп үміт артып отырмыз.

«Отырар кітапханасын» ғылым мен оқуды ұштастыратын нағыз университеттік - академиялық кітапхана дәрежесіне жеткізуге үлкен күш керек. Бұрын тәжірибеде болмаған жаңа құрылым. Қазір қызмет аясының бағыт-бағдары толық анықталып, қалыптасу кезеңінен өтті деп есептеймін. Енді өзінің әуел бастағы негізгі міндетіне белсенді түрде көшуге бет алғаны дұрыс.

Қазір шетелдердегі ғылыми ізденіс жұмыстары әр ғалымның жеке

басының қабілеті мен түрлі жобаларға қатысып тапқан қаражатына байланысты шешіліп жатыр. Мысалы, Қытайға бардық, қаншама тарихи мұралардың ізін көрдік. Олар әр қалада шашылып та жатқан жоқ, бір-екі қалада және кімнің қолында екені белгілі. Мен бес ай Қытайда болғанымда (Пекиндегі университетте сабақ бердім), бұл елдегі біздің елшілік бір мұрағатқа кіруге қол ұшын бере алған жоқ. Ақыры жеке адамдардың көмегімен Қытайдың Бас мұрағатына кірдім. Мәдени ықпалға келгенде, біздің елшіліктер мен министрліктер тасырқайды да қалады. Осындайда, «Олар неге отыр, өздерінің қызметін біле ме, жоқ па?», – деген сұрақтар менің көкейімде үнемі қатталып тұрады. «Отырар кітапханасында» Қытайдың 20 мың жылдық тарихын қамтитын «Жиырма төрт тарих» және қытай мен қазақ арасындағы үш жүз жылдық қарым-қатынасты қамтитын, шикі деректердің өзі 70-80 том боларлық мұрағат деректерінің «Библиографиялық көрсеткіштері» бар. Сондай-ақ мәмлүктер тарихының барлық байланысын қамтитын 15 томдық кітап қорға алынды. Оны маған Қайрат Сақи мен Бәтес шәкіртім жолдап берді.

Мақалада «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының құрылу кезеңінен бастап, мұнда бүгінгі күнге дейін атқарылып жатқан ғылыми бағыттағы жұмыс қарқыны туралы баяндалған.

ДАРХАН ДАЛА

24 қарашада ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында қазақ әдебиетінің хас қаламгерлері Әбіш Кекілбаев пен Фариза Оңғарсынованың 70 жылдық мерейтойларына арналған «Әлем әдебиетінің ақтаңгері» және «Поэзия падишасы» атты көрме ұйымдастырылды.

Көрмеде мерейтой иелерінің жеке кітаптары, аудармалары, олардың шығармашылығы туралы ғылыми еңбектер, қос алыптың қайраткерлік қасиеттері жайлы мерзімді басылым беттеріндегі мақалалар мен фотоқұжаттар қойылған.



Мұхтар ҚҰЛ-МҰХАММЕД,
ҚР Мәдениет және ақпарат министрі

Меніңше, қазақ кітабы тиражының кемуі әдебиетке деген ықыластың кемдігінен емес, әдебиет жанашырының кітап сатып алу мүмкіндігінің төмендеуімен түсіндіруге болады. Бүгінде бәріміз жабылып жамандап жүрген социализмнің жасаған қазаққа керемет сыйы – халқымыздың жаппай сауаттылығы дер едім. Қазақ халқының сауаттылық дәрежесі Еуропаның аузымен құс тістеген талай халықтарынан әлдеқай-да жоғары тұр. Сауатты халық кітап оқымай тұра алмайды, бірақ қазір сөздің парқын базар нарқы басып тұрған заман. Бірақ қиын кезең артта қалды, осыншама жанашыры тұрғанда қазақ кітабының тиражы әлі-ақ қаулайтын болады...

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің ресми сайты www.mki.gov.kz

Қай халықтың әдебиетін, қай кездегі әдебиетін алып қарасаңыз да өз ішінде байқалатын қарайластары болады. Өмір ортақ, тақырыптар ортақ, күнделіктің талабы да, таразысы да ортақ, арманына қарай ұмтылысы да ортақ болған соң әр дәрежедегі қарайластықтар да табиғи жайға жатады. Мен ақын Фаризаны бүгінгі поэзиямыздың ең жоғары сатысында тұрған замандастарымен қарайлас биікте көремін.

Ғабит МҮСІРЕПОВ



ДАНАЛАРЫ



Мен Әбішті оқыттым деп айтуға бата алмай тұрмын, ойпырай, бұл не деген шексіз терең білім?!

Зейнолла ҚАБДОЛОВ



Маңғыстауда ежелден 362 әулие бар еді, 363-ші әулие – Әбіш Кекілбаев шығар...

Мырзатай ЖОЛДАСБЕКОВ



Әбіш Кекілбайұлының «Сыр десте» атты көптомдығына бұрын-соңды кітап болып шықпаған шығармалары еніп отыр. Жанрлық жағынан әртекті кітаптарға публицистикалық, философиялық толғамдар, тарихи-танымдық баяндамалар, зерттеулер, эсселер, естеліктер топтастырылған. Жазушының 70 жылдық мерейтойы қарсаңында оқырманға тарту ретінде әзірленген кітаптар заманауи дизайнмен безендіріліп «Нұр Әлем» баспасынан жарық көрген.

СИМВОЛ ценности ЗНАНИЙ

С 8 по 9 октября 2009 года в Национальной библиотеке Беларуси прошли V Международные книговедческие чтения «Электронные библиотеки и ликвидация информационного неравенства».

Организаторами конференции выступили Министерство культуры Республики Беларусь, Национальная комиссия Республики Беларусь по делам ЮНЕСКО, Национальные библиотеки Беларуси и Чехии.

В мероприятии приняли участие около 300 делегатов – это ведущие специалисты национальных и зарубежных библиотек, образовательных и научно-исследовательских учреждений и организаций, представители законодательной сферы и органов исполнительной власти, общественных объединений, производители программного обеспечения, технических средств и информационной продукции.

Столица Беларуси Минск удивляет, прежде всего, широтой и чистотой своих площадей, улиц и проспектов, скверов и парков. Дома, как на картинке, гармонично вписываются в живописный облик города. Возникший более 900 лет назад на месте слияния двух рек - Свислочи и Немиг, Минск за свою многовековую историю много раз разрушался и сгорал дотла, но каждый раз восставал из руин.

Наряду с известными достопримечательностями города: Троицким и Раковским предместьями, знаменитыми церквями и костелами, старинными замками, мемориальными комплексами, многочисленными музеями гостям города, как правило, показывают уникальное здание На-

циональной библиотеки Беларуси.

История Национальной библиотеки Беларуси берет свое начало с 1922 года, когда именовалась как Белорусская государственная и университетская библиотека. Она входила в состав Белорусского государственного университета (БГУ), но исполняла все функции главной библиотеки республики. На момент открытия фонд библиотеки насчитывал всего 60 тыс. экземпляров, которыми пользовались 1,1 тыс. человек. Перед началом второй мировой войны число читателей достигло 15 тыс. человек, а фонд составил более 2 млн. томов. Однако боевые действия и три года оккупации практически полностью уничтожили библиотеку. После освобождения

Минска из двухмиллионного фонда библиотеки уцелело только 320 тыс. экземпляров. Огромная помощь, как в восстановлении фонда, так и в первоначальной его организации была оказана многими библиотеками союзных республик. С весны 1945 года начался систематический поиск вывезенных книг в Германии, Польше, Чехословакии, Венгрии. И уже через два года, в 1947 году, фонды библиотеки были восстановлены и достигли довоенного уровня, хотя многие лакуны в них не удалось заполнить до сих пор.

Современная Национальная библиотека Беларуси (НББ) расположена в новом здании, которое открылось для пользователей в 2006 г. Это уникальный архитектурно-строи-



тельный и программно-технический комплекс, рассчитанный на более чем 14 млн. экземпляров изданий. На данный момент фонд НББ насчитывает более 8 млн. книг, здесь работают 1300 сотрудников, имеются 20 читальных залов на 2000 мест. Здание НББ расположено в парковой зоне на берегу реки Свислочь. Перед фасадом библиотеки на небольшой площадке установлен памятник белорусскому первопечатнику Франциску Скорине. Внешне здание напоминает облицованный стеклом многогранник-«бриллиант», возвышающийся в центре трехэтажной подставки (стилобата). Форма здания символизирует собой ценность знаний и бесконечность познавательного мира.

Главный вход в библиотеку выполнен в виде страниц раскрытой книги с художественными изображениями на тему развития мировой и славянской письменности. Перешагнув через порог, посетители

попадают в Атриум, где происходит первое знакомство с библиотекой. Здесь расположены справочно-регистрационная и информационная службы, осуществляется запись на экскурсионное обслуживание.

Читальные залы оснащены современным оборудованием, позволяющим осуществлять сканирование и копирование документов, печать с электронных копий; частично компьютеризированы рабочие места для пользователей. Не забыты и пользователи с ограниченными физическими возможностями - для них предусмотрены специальные спуски, пандусы.

Уникальность проекта новой библиотеки заключается в том, что ее фондохранилище расположено в высотной части здания. Такое расположение имеет определенные преимущества по сравнению с подземным, так как является оптимальным с климатической точки зрения.

К тому же коридоры, расположенные по периметру всего фондохранилища, создают двойную прослойку (принцип термоса) и позволяют в любую погоду поддерживать постоянную температуру внутри помещения. Здание новой библиотеки оснащено современным инженерным оборудованием, которое объединено в единый комплекс и дает возможность управлять всем объектом и его подсистемами как единым целым.

Национальная библиотека Беларуси – это современная библиотека, сочетающая функции информационного, социокультурного и социополитического центра. Она стала визитной карточкой страны. На базе здания Национальной библиотеки Беларуси создан Центр международных встреч и переговоров на уровне Глав государств и правительств, включающий Овальный и Круглый залы для международных заседаний, конференц-зал, международный пресс-центр. Особую популярность получили обзорные экскурсии, знакомящие посетителей непосредственно с новым зданием библиотеки. На ее крыше размещается обзорная площадка, откуда, поднявшись на панорамном лифте, можно любоваться прекрасным видом на Минск.

Библиотекарям здесь предоставлены все возможности для творческой деятельности, воплощения наиболее интересных и актуальных проектов, идей. Большинство сотрудников НББ имеют специальное высшее библиотечное образование. В Минске при Белорусском государственном университете культуры и искусства уже многие годы работает факультет информационно-документных коммуникаций, который является



основным поставщиком квалифицированных кадров для библиотеки. Все это весьма заметно отражается на высоком профессионализме библиотечной НББ.

Посетив главную библиотеку Беларуси, я убедилась, что между ней и нашей Национальной академической библиотекой есть много общего. Во-первых, обе библиотеки размещены в новых, современных зданиях, поражающих обилием света, художественно-декоративным оформлением, технической оснащённостью. Во-вторых, несколько лет назад перед нашими коллективами была поставлена одинаковая задача – создать библиотеку нового типа с современными электронными услугами для читателей, электронным хранилищем для фонда, полным циклом автоматизации библиотечных бизнес-процессов. Библиотеки являются давними партнерами и единомышленниками в реализации политики, направленной на усовершенствование деятельности и рабо-





ты с читателями. Так, за последние несколько лет с визитом в нашей библиотеке побывали генеральный директор Национальной библиотеки Беларуси Мотульский Р.С. и его заместитель по библиотечным вопросам Кирюхина Л.Г.

Необходимо отметить, что в Национальной библиотеке Беларуси, впервые на территории СНГ, была внедрена система автоматизированной доставки документов TELELIFT. Транспортная система перемещения фондов – это программно-







управляемая система, предназначенная для адресной доставки книг, журналов, газет и газетных подшивок малого формата, различных носителей аудио/видео информации из мест хранения до мест выдачи. Самоходные контейнеры передвигаются быстро и бесшумно по рельсовой сети без ограничений по горизонтали и вертикали. Монорельсовые транспортные системы фирмы TELELIFT широко популярны и успешно функционируют в различных административных и общественных зданиях, магазинах, промышленных предприятиях, аэропортах, вокзалах, фармацевтических центрах и в крупных и средних библиотеках по всему миру. В настоящее время свыше 100 библи-

отек мира оснащены монорельсовой транспортной системой фирмы TELELIFT.

Наша библиотека, вторая на территории СНГ, планирует запуск в декабре 2009 года. Также работы по использованию данной системы ведутся во многих библиотеках других государств. Проект находится на стадии завершения в Национальной библиотеки России (Санкт-Петербург), на стадии подготовки - в Российской государственной библиотеке (Москва), Национальной библиотеке Азербайджана (Баку), Парламентской библиотеке Украины.

В течение двух дней мы познакомились с возможностями системы TELELIFT, на которой наши коллеги работают уже четвертый год.

Специалисты, работающие на станциях выдачи в книгохранениях и читальных залах подтвердили, что система проста в использовании и значительно облегчила их труд.

Можно с уверенностью говорить, что и минчанам и нам удалось создать такой комплекс информационно-технологических систем, который позволил по-новому взглянуть на технологию основных направлений деятельности библиотеки: формирование информационных ресурсов, обслуживание пользователей, организация фондов и обеспечение их сохранности.

Алия САРСЕМБИНОВА,
заместитель генерального
директора







Алдан СМАЙЫЛ,
ҚР Парламенті
Мәжілісінің депутаты,
ҚР Мемлекеттік
сыйлығының лауреаты




Құрметті редакция!

Ұлттық Академиялық кітапханаға талантты жазушы, драматург Рахымжан Отарбаевтың келуі білім ордасының жұмысына шығармашылық серпін бергеніне куә болып жүрміз. Соның бір көрінісі – «Кітап патшалығы» журналының жарық көруі.

Адамзат тарихында мыңдаған патшалық болған, аспандаған, дәуірлеген, өткен. Тек жалғыз патшалық мәңгі жасап келеді. Ол – кітап патшалығы, білім патшалығы. Адамзат жаппай мойындаған, түгел құрметтеген хандық та, империя да болған емес. Дәуірлер бойы үзбей қадірленіп келе жатқаны да әлгі патшалық. Әлемдегі жеті миллиардқа жуық пенде жасына, нәсіліне, мұрат-мүддесіне қарамай сол патшалықтың қол астында ғасырдан ғасырға озуда. Ғаламға мәшһүр халиф Харон Рашид жаулап алған елдерінен салықты ұзақ уақыт кітап түрінде жинатқан екен. Араб өркениетін сол арқылы дамытқысы келген шығар.

Атақты Ескендір Зұлқарнайын Ираннан жинап әкелген кітаптардың бірінің жалғыз парағын жыртқан әскербасының оң қолын шауып тастапты. Білімді құрметтемеу ауыр қылмыс екеніне айналасын осылай ұйытқысы келген болар.

Ұлттық академиялық кітапхана шығаратын «Кітап патшалығы» кітап есімді құдіретке арналған өткен дәуірлер ықыласын қайта тірілтіп, білім мен ақпарат алу көздері көбейген бүгінгі ұшқыр заманда білім сүйер, әдебиет сүйер, сөз қадірін білер елдің қатарын көбейтуге қызмет етеді деп білемін. Осы өнегелі жолдағы жұмыстарыңызға табыс тілеймін.



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОҚУ ДЕФОРМАЦИЯСЫ

Электронды мәдениет. Медиаортаның негатив салдары. Деформацияға ұшыраған оқу. Оны қайта жандандырудың жалғыз жолы әрі жаңа моделі ретінде елімізде бұдан үш жыл бұрын «Бір ел – бір кітап» акциясы басталды.



Мәдениеттің әмбебап феномені – оқу. Бұқаралық ақпараттық медиа мен интернеттің жедел өріс алуына байланысты бүкіл әлемде соңғы он бес жылда оқуға деген құлшыныс төмендеп кетті.

Кітап оқу үрдісінің кенжелеп қалуы ғаламдық көкейкесті мәселеге айналды. Сондықтан да кітап, кітапхана, кітапханашыға қатысы бар оқуға деген қызығушылықтың жоғалуы ерекше назар салуды талап етеді.

Оқу – тек кітапханашыға ғана тиісті мәселе емес, ол – қоғамдық дерт. Осы ретте қазақстандық кітапханашылар планеталық масштабтағы кітап өркениеті үшін күрестің алдыңғы қанатында тұруға бел байлады. Сонымен алты құрлыққа ортақ проблема жайын талқылап, жүрек түбінде жатқан ойды тайсалмай тарқатуға жол бастаған да – біздің кітапханашылар.

2007 жылғы халықаралық оқу конгресінде жария етілген жаңа жоба – «Бір ел – бір кітап» акциясы. Қазақстанда бұл жобаны ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының ұжымы ұсынды. Оған негіз болған – әлемде жүзеге асырылып жатқан тәжірибе. Қазақстандық зиялы қауым өкілдері бұл жобамен жете танысып, бірден мақұлдады.

Бір кітапты жаппай оқу идеясы Америка Құрама Штаттарына қарасты Чикаго қаласында алғаш қолға алын-

Жұмыр жерді тіршілік еткен
әрбір халықтың өз данышпаны
бар. Ал қазақ халқынан шыққан
Ұлы Абай мұралары – бүкіл
адамзатқа азық. «Қара сөздерді»
қазақтың бойтұмарына балаған
Елбасымыз: **«Заманалар ауы-
сып, дүние дидары өзгерсе де
халқымыздың Абайға көңілі
айнымайды, қайта уақыт өткен
сайын оның ұлылығының
тың қырларын ашып, жаңа
сырларына қаныға түседі.
Абай өзінің туған халқымен
мәңгі - бақи бірге жасайды,
ғасырлар бойы қазақ елін,
қазағын жаңа биіктерге, асқар
асуларға шақыра береді»**, деп
әлдеқашан бағасын берген.

«Қара сөздер» – ақын
өміртанымының өзегін құрайтын
өзгеше өнер түрі. Ол осы өнері
арқылы ғұмырында ғибрат
болған дүние сабақтарын
тұжырымдап, кейінгіге із тастау-
ды мақсат етті.

ған. Бұдан соң мұндай акциялар әлемнің бірқатар мемлекеттерінде жалғасын тапты.

Акцияның мақсаты – оқуды насихаттау, оқу мәдениетін қалыптастыру, қоғамды оқуға тарту.

Кітап пен оқудың өзектілігі – оқу конгресінен бастау алған тақырып.

Бүгінде білім алудың әдісі де өзгеріп келеді. Жаңа жетістік – телекомпьютер. Ақпарат жеткізудің бір арнасы – телевидение. Десек те білім мен мәдениетті таратушы жалғыз нұсқаушы бар. Ол – кітап.

Оқу – кітап пен адам баласының өзара дидарласуы. Бірақ бұл диалог ерекше зейін мен ақыл-ой жұмысын, зеректікті талап етеді. Ақылды кітап ойға жетелейді, демек оқудың өзі де – еңбек. Оқу арқылы халқымыз рухани құндылықтарын қайта жандандыра алады.

Осылайша оқу мәдениетін қалыптастыру үшін қазақстандық кітапханалар «Бір ел – бір кітап» акциясын өткізетін орталыққа айналды.

Оқу акциясын елімізде алғаш рет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы және Қазақстан Кітапханашылар ассоциациясы ұйымдастырды.

Осы орайда, ұйымдастырушылардың алға тартқан міндеті – кітап таңдау механизмдерін әзірлеу. Мақсатты аудитория – қазақстандық қоғам және жастар.



Кітап талқылауда республикамыздың білім беру мекемелері мен кітапханаларында қызмет атқаратын мамандардың жоғары белсенділігі байқалды. Көптеп келіп түскен ұсыныс-пікірлер нәтижесінде алғашқы жылы қазақстандықтардың ортақтаса оқуына Абай Құнанбаевтың «Қара сөздері», екінші жылы ұйымдастыру комитетінің шешімімен Мұхтар Әуезовтің «Қилы заманы» таңдалса, үшінші жылғы кезекте поэзия, соның ішінде Мағжан Жұмабаевтың махаббат лирикасына жол берілді.

Үш жыл бойы ұйымдастырылып келе жатқан акция аясында республикамыз бойынша ауқымды мәдени іс-шаралар өткізілді. Оған ҚР Парламентінің депутаттары, Мәдениет және ақпарат министрлігінің өкілдері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар, баспагерлер, ғалымдар, оқытушылар, әскери қызметкерлер, білім және мәдениет мекемелерінің жетекшілері, журналистер, кітапханашылар және студент жастар атсалысты.

Акцияны өткізуге әр алуан жол-

мен қолдау көрсеткен серіктестер – оқу мекемелері (мектептер, арнайы орта және жоғары оқу орындары), жастар ісі жөніндегі жауапты органдар, бұқаралық ақпарат құралдары (газет редакциялары, телевидение және радиолар), баспалар мен басқа да жеке тұлғалар.

Мәдениет және ақпарат министрлігі акцияның іс-шаралар жоспарын, акцияны қолдау жөніндегі медиа-жоспарларды әзірлеп, ақпарат құралдарын іске тартты.

Акция өз нәтижесін берді.

Оқу навигаторы ретінде кітапханалардың өзіндік рөлі өсе түсті. Акция арқылы кітапханалық қызметтер, мұндағы ақпараттық ресурстар жарнама-


сын жетілдіру жөніндегі жұмыстар жүзеге асырылды. Бірқатар баспа өнімдері әзірленді. Олар – кітап, акцияға арналған жинақ, әдістемелік ұсыныстар, буклеттер, плакаттар, үнпарақтар, ашық хаттар, шақырулар. Жарнамалық материалдар қоғамдық орындарға, жоғары және орта оқу орындарына үлестірілді, интернет желісіне таратылады. Мәдени шара қоғамдық сипат алып, оқуды қолдауға арналған жарнамалар жұмысы да қарқынды жүзеге асты.

Кітапханашлар әлеуметтік серіктестермен өзара байланыс орнатты. Осылайша оқуды қолдауға бағытталған қоғамдық шараларды ұйымдастыру арқылы айтарлықтай тәжірибе жинады.

Жеке тұлғаның рухани жетілуіне жағдай жасайтын мәдени-білімді орта құру жауапкершілігі кітапханашы мамандарына жүктеліп отыр. Ал кітап-хана қызметінің негізгі базасы, оның басты компоненті – Кітап. Сондықтан да кітапханашылар өз деңгейінде мемлекеттік мәселеге айналған оқу кризисін шешуге атсалысады. Осы замандық кітапханашылардың басты міндеті – рухани құндылықтың бастауы болған



«Бір ел – бір кітап» акциясы





оқудың қажеттілігін көпшілік санасына сіңіру. Өйткені оқымысты тұлға – жаңа дәуір жемісі, қазіргі қоғам нормасы.

Кітап пен оқуды көпшілікке тарату формаларының бірі ретінде «Бір ел – бір кітап» акциясын өткізу өмірге қажет екендігін айғақтап берді. Үш жылғы акцияға да қатысушылардың барлығы зор ықыласпен үн қосып, мұндай маңызды шаралардың өткізіліп тұру идеясын мақұлдады. Ак-

ция қоғамдағы моральдық-этикалық нормалардың, тіл дамытудың, рухани-инабаттылықты жетілдірудің танымдық үрдісі ретінде оқуға құлшынысқа қозғау салды. Мұның бәрі оқырманның бір-бірімен қарым-қатынас орнату алаңы ретіндегі кітапхана имиджіне оң ықпал етеді.

Акцияда ұсынылатын кітапты таңдаушы сарапшылар қатарында жазушылар, оқытушылар, кітапханашылар және журналистер бар. Жыл кітабы

«Бір ел – бір кітап» атты жалпыхалықтық оқылымға ұсынылған Мұхтар Әуезовтің «Қилы заман» тарихи әпсанасы – Алаш ұранды ұлтты ойландыратын ұлы шығарма. Өйткені, ол – қазақ елінің жегісін жеген тарих трагедиясын көркем ой трагедиясына көтерген, Алаш нысаналы тағдырлы туынды. Біз бұл шығарманы ұлт назарына ұсыну арқылы жамиғи жұртымызды елдік идеяға иітіп, бір мақсатқа жұмылдыра аламыз. Сол арқылы біз кітаптан қол үзіп бара жатқан бүгінгі ұрпақты туған халқының аса тауқыметті тағдырымен таныстырамыз. Сондай-ақ қағаз бетіне қарау-қарамауы неғайбылдау ертеңгі ұрпаққа да ескерту жасаймыз...

Тұрсын ЖҰРТБАЙ

онлайн – конференция онлайн – конференция онлайн – конференция онлайн – конференция

онлайн – конференция

Кітапсыз адам – айсыз түнде айдалада адасып қалған дәрменсіз дәруіштің үрейі. Кітап – саналы жан иесін жарыққа жетелеген иманды ойлардың кәусар жиынтығы. Ғасырлар бойы адамзатты рух нәрімен сусындатып заманалар сүрдегінен адастырмай бүгінге алып жеткен ақыл қазынасы – кітапқа жаңа ғасыр адамдарының құрметі қандай? Ақпараттық технология дамыған уақытта кәдімгі кітаптың орны қаншалықты? Қоғамның кей адамдары болашақта кітап оқылмайды, қазірдің өзінде жастар заманауи технологиялармен жабдықталған аудио кітаптар, электронды кітаптар, ғаламторды қолдана бастады деген пікірді ұстанады. Ал келесі бір топ кітап дүниенің ең соңғы күніне дейін өмір сүреді, яғни жер бетін басқан топан судың соңғы сарқыны шіріткен парақтарды ғайыптан келген періштелер тауып алғанша өз өміршеңдігін жоймайды деген сенімді ойға табан тірейді. Осындай әр алуан көзқарастардың бел ортасында жүрген журналистер қауымына онлайн конференция ұйымдастырып, келесі сұрақтар негізінде жедел сауалнама жүргізген едік...

- 1) Кітап туралы жалпы түсінігіңіз?
- 2) ХХІ ғасырда кітаптың рөлі қандай болады? Электронды кітап, аудио кітаптарға көзқарасыңыз?
- 3) Қандай кітап оқисыз? Қайдан? Не себепті?





осы зиялы қауымның берген бағасымен байланысты таңдап алынады.

Мәдени шара қоғам мен мемлекеттің, мәдени-саяси элитаның, әлеуметтік жауапты бизнес пен қоғамдағы басқа да жас буынның оқу мәселесіне назарын аудартты деп ой түйдік. Оқу акциясын ұйымдастыру арқылы қоғамның оқу мәселесіне бейжай қарамайтындығын да аңғардық. Жыл сайынғы дәстүрлі акция аясында оқуды ілгерілету, халықты оқуға тарту жөніндегі жұмыстарымыз жалғаса беретін болады.

Өйткені кітап пен оқу ісін ілгерілету механизмі – мемлекет

пен қоғам алдында тұрған маңызды мәселе. Қазақстан халқы қайтадан оқымысты ұлтқа айналуы тиіс.

Халқымыздың біртуар тұлғаларының туындысын бүкіл ел болып оқыдық, сараладық. Үш жылғы акция да Қазақстанның өңірлік (облыстық), аудандық, ауылдық кітапханаларында, ағарту мекемелерінде, кәсіпорындарда, әскери бөлімшелерде ұйымшылдықпен өтті. Оқу мерекесі миллиондаған халықтың басын қосты, қолдарына Абай, Мұхтар, Мағжан сынды алыптардың шығармашылық мұраларын алып қайта зерделеді.

Құрманғазының ғажайып күйлері, Мағжанның мөл-мөлдір асыл лирикасы, Мұхтардың эпикалық көркем прозасы, Шоқанның барша әлемді таңқалдырған жаңалықтары, Ұлы Абайдың философиялық толғаулары ынта-ықылас қойған әрбір адамның ішкі жан - дүниесін байыта түсері анық...

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Акцияның маңыздылығында талас жоқ. Сонымен біз қоғамды оқуға тартумен қатар, олардың отандық әдебиетке, атап айтсақ, классикаға, қазіргі әдебиет пен поэзияға деген сүйіспеншілігін ояттық. Кітап пен оқуды насихаттаудың озық үлгісі ретінде «Бір ел – бір кітап» акциясының өміршеңдігі мен қажеттілігіне көз жеткіздік. Бұл – біздің жетістігіміз.

Айсұлу СЕЙІЛОВА,
кеңесші



онлайн – конференция онлайн – конференция онлайн – конференция онлайн – конференция

онлайн – конференция

1. Әліпті таяқ деп білмейтін әжем кез келген қағазға, тіпті қағаз қиындысына да құрметпен қарайтын. «Әр қағазда Құдайдың аты болады, сондықтан оны аяқ асты етпеу керек!» – деп үйрететін бізге.

Жалпы үлкендер «Кітап сөзі», «Кітапта жазылғандай...» дегенде Құранды меңзейді. Бұл кітаптың құдайлық «тегінен» хабар берсе керек. Яғни, кітап – Құдай сөзі. Шынында да, көктен түскен төрт кітаптың «міндеті» – адамзатты түзу жолға салу ғой. Ал «Төрт кітап түсіп болса да, жазуды қоя алмай жүргендердің» де кітаптары адамзаттың көкірегін байытып, жүрегіне мейірім ұялатып келеді.

Пенделер жазған кітап ісіне шайтан араласа бастағанын да жоққа шығаруға болмайды, бірақ түбі қайырлы болатынына сенем. Өйткені «әуелі сөз болған» дүниенің соңы да Сөз болуға тиіс.

2. Деректер қазір адамзаттың кітап оқудан алыстап бара жатқанын айтады. Меніңше, бүкіл қасіреттің бастауы сонда жатыр. Бәріміз «Мас кеменің» (А. Рембо) «тұрғындарына» айналдық. Күллі әлем бір түрлі жұтаң тартып барады. Бірақ қазір адамзат бұрынғы құндылықтарды аңсай бастаған секілді. Сондықтан XXI ғасырда кітаптың «беделі» қайта көтерілуі тиіс. Заман ағымына сай электронды кітап, аудио кітаптар да көбейері хақ. Бұл – әрине, дұрыс. Бірақ кітапты қолыңа ұстап отырып оқығанға не жетсін!

3. Маған қазір танымдық кітаптар оқыған ұнайды. Кітап дүкендерінен қараймын, кейде біреулерден қолқалап, кейде тіпті «көрсетпей сұрап алатын» да кездер болады. Ал қатты шаршап, жүдеген кезімде М. Мағауиннің «Аласапыранын» қолға алам. Бойыма күш құйылып, кәдімгідей тыңайып қалам. Кітапты үйде етпеттеп жатып алып оқыған ұнайды.



Бауыржан БАБАЖАНҰЛЫ,
«Ақтөбе» облыстық газетінің бас редакторы



ЖӘДІГЕРЛЕР ЖӘННАТЫ



Кітап – көкірегінің көзі ашық адам баласының ғасырлар бойы жинақтаған тұманнан тұнған тамшыдай мөлдір ойлары мен іңкәр көзқарастарының көшірмесі. Уақыт желінде тозаң тартқан тарихымыз һәм нұрлы үміт құбыласы – болашағымызды байыптау үшін, таразылау үшін тасқа қашалған жазбаларымыз бен жүздеген жылдарды бағындырған кітаптарымыз – біздің ең қасиетті, ең құнды мұрамыз. Міне, осындай баға жетпес жәдігерлеріміздің жұмақ мекені – Республикалық кітап мұражайына биыл 30 жыл толып отыр.



Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ,
Республикалық кітап мұражайының директоры

Республикалық кітап мұражайы 1978 жылы қазанның 20 жұлдызында Алматы қаласында ашылды. Ел мерейін асырған мәдениет ошағы – бұрынғы Кеңес Одағы бойынша Мәскеу мен Киевтен кейінгі үшінші, ал Азиядағы жалғыз кітап мұражайы. Мұражай қызметінің ең түпкі мақсаты – бұл мұражайға келген әрбір аза-

маттың бойына кітапты қадірлеу сезімін, кітапты үзбей оқу дағдысын дарытып, кітаптың қоғам өміріндегі атқаратын жасампаздық құдіретті күшіне әрбір адамның көзін жеткізе түсу және ел мен ел арасындағы татулық, бейбітшілік мұраттарын насихаттау мақсатына бағышталған.

Ұлы Абай: «Артық білім кітапта,

ерінбей оқып көруге», – деп кітапқа айрықша мән берсе, осыдан жиырма ғасыр бұрынғы заманда ғұмыр кешкен, 767 жылы туған араб жазушысы әл-Жиһаз кітап туралы тебіреніп: «Мен одан артық қайырымды көршіні, одан әділ досты, одан асқан елгезек жолсерікті, одан артық көнбіс ұстазды, одан асқан дарынды ақылшыны

онлайн – конференция онлайн – конференция онлайн – конференция онлайн – конференция

онлайн – конференция



Есей ЖЕҢІСҰЛЫ,
«Ұлан» газетінің бас редакторы

1. Кітап – адамзат баласы ойлап тапқан нәрселердің ішіндегі ең құндысы және ешқашан тозбайтыны. Қолыңызға бір түссе болды, ол сізден ерекше қамқорлық күтпейді, кез келген уақытта сізге өзіндегі қазынаны беруге дайын. Менің ойымша, кітап – адамзат ақыл-ойының шыңы. Оны ешбір компьютер де, басқа техникалық жаңалықтар да алмастыра алмайды. Кітапты қолға алып, ынта-шынтаңмен оқып кеткен сәттен артық ешбір рахатты шақ болмайды өмірде.

2. XXI ғасырда кітаптың мәні арта түседі. Қазіргі кезді өліара кезең деп білемін. Бізге дейін капитализм заңдылықтарын сіңірген елдер тәжірибесінен байқағанымыздай, қарын қамымен кеткендердің кейінгі ұрпағы да сол жолды ұстанады, ілуде біреуі ғана рухани даму жолына түседі. Ал мұз жастанып, қар төсенсе де рухани жолдан айнымағандардың ұрпақтары қоғамның алдыңғы қатарлы күшіне айналады. Иншалла, біз де сол кезеңге жетеміз. Сол кезде оқығаны көп, тоқығаны одан да көп жандар қоғамды алға сүйрейді. Ал кітаптың электронды бейнеге көшуі немесе аудио түрінде болуы өте дұрыс. Көзімен





білмеймін», – деген екен. Шынында да сонау Платонның, Сократтың, Аристотельдің, Әбу Насыр әл-Фарабидің, Гомердің, Дантенің адамзаттың өзге де, кемеңгерлерінің туындыларынан, осынау сарқылмас рухани байлықтан асқан байлық бар ма?!

Бүкіл адамзаттың асыл қазынасы жайлы тамырын тереңге тартып ғасырлар

қойнауынан сыр суыртпақтайтын ақыл дариясының бір арнасы – түркі кітаптары, яғни қазақ кітаптары.

Ұлан-ғайыр даланы тұлпарының тұяғымен сызған ұлы бабаларымыз өздерінің қолжазбаларын, кітаптарын әуел баста түркі, соғды, ұйғыр әліппесімен жазса, X ғасырдан бастап араб әліппесімен таңбалағаны да алты

құрлықтың алтын қорына қосылған қазынаға айналып отыр.

Ұлы Тұран, қазіргі қазақ жерінде алғаш шыққан кітап – «Ырық бітік» – «Сәуегейлік кітабы». Құнды мұрамыз – осы кітаптың соңғы бетінде басылып шығуына байланысты берілген деректеме қызыл түсті бояумен таңбаланып: «Сәуегейлік – бұл кітап таңғажайып туын-

онлайн – конференция онлайн – конференция онлайн – конференция онлайн – конференция

онлайн – конференция

оқуға ерінетіндер құлағымен тыңдасын, компьютерден қарасын, әйтеуір кітапты мүлде серік етпей қалмаса болды. Студент кезімізде әдеби кітап оқымайтын курстастарымызға кітаптың мазмұнын әңгімелеп беріп-ақ емтихан тапсыруына көмектесетінбіз. Адам болғасын, оның ішінде түрлісі кездеседі. Біреулер кітап оқуға ерінеді, екіншісі өзі қызығатын тақырыптарды ғана оқиды. Осындай топтағы оқырмандар үшін кітаптың заманауи техникалық жетістік бейнесінде көрінуінде тұрған ештеңе жоқ.

3. Әдеби кітаптарды көбірек оқимын. Бір мезетте үш-төрт кітапты қатар оқуға дағдыланып алдым. Үйде, жұмыста, жол үстінде оқитын кітаптарым бөлек-бөлек. Бірақ соларды бітірмей, ұзақ жүріп алатын да жаман әдетім бар. Кітаптарды баспалардың өзінен аламын. Біріншіден, бағасы тұрақты, екіншіден, баспа жаңалығына құлақ түріп жүресіз, үшіншіден, өзім бұрын оқыған кітаптарды серия-сериясымен перзенттеріме жинау мүмкіндігі де бар. «Атамұра» кітапханасын тұрақты алып тұрамын. Ал «Жазушы» баспасының «Қазақтың 100 романы» сериясын енді ғана ала бастадым. Сондай-ақ Санкт-Петербурдың «Амфора» баспасынан да кітаптар аламын. Әлем-жәлемі аз, кез келген жерде оқуға ыңғайлы кітаптар.



ды. Түрікше жыл қайыру жүйесі бойынша Барыс жылы /қазіргіше 930 жылы/ ақпан айының он бесінші жұлдызы», – деп жазылған. Түркілердің тұңғыш кітабын кезінде В. Томсон, Дж. Клоусон, С. Тезджан, М. Эрдель, С. Кляшторный сынды белгілі түркітанушылар жан-жақты зерттегендері туралы нақты деректер бар. Кітаптың көлемі 29 парақ, 58 бет болған. Әрбір парақтың биіктігі – 13,2, ені – 8 см. Оған бәйіттер басылған. Біздің көне замандағы тағы бір кітабымыз – VI ғасырда дүниеге келген «Ики йылғызном» - «Егіз негізді киелі кітап». Бұл туындыда манихейлердің, Жетісу өңіріндегі қала тұрғындарының әдет-ғұрпы, шежіресі жазылған.

Бұл кітаптардың бірі қағазға жазылса, екіншілері теріге, ағаш қабығына жазылып келген. Шығыс және Батыс Түркістан – қазіргі Қазақстан топырағында, сондай-ақ кітап парақшалары да үздіксіз шығып тұрған. Мысалы, ежелгі сондай кітап парақшасының біріне түркі әліппесі басылса, екіншісі көне заман минерологиясына, қадым замандағы Жетісу қойнауындағы асыл тастардың сырларын сипаттауға арналған.

Мінеки, б. д. V-VI ғасырларының өзінде қазіргі Қазақстан жерінде басылған ежелгі кітаптар аз болмаған. Бұлардың

безендірілуі де ерекше. Тіпті сол бір ежелгі замандардың өзінде кәде, сый кітаптары да басылып тұрған.

1992 жылы Мәскеуде «Восточный Туркестан в древности и ранне средневековье. Этнос. Языки, Религии» деген аса маңызды монографиялық еңбек жарық көрді. Мұны айтып отырған себебіміз,

Бұған мұражайдың бірінші залындағы қойылымдар арқылы көз жеткізу оңай. Әлемдік жазу-сызудың, ежелгі түркі-қазақ кітаптарының пайда болу, қалыптасу, даму кезеңдеріне арналған осы бірінші залымызда түркінің көне жазу ескеркіштеріне арналған сөрелер бар. Бұл сөрелерге Орхон, Енисей, Талас өзендері

Ұлы Тұран, қазіргі қазақ жерінде алғаш шыққан кітап – «Ырық бітік» – «Сәуегейлік кітабы». Құнды мұрамыз – осы кітаптың соңғы бетінде басылып шығуына байланысты берілген деректеме қызыл түсті бояумен таңбаланып: «Сәуегейлік - бұл кітап таңғажайып туынды. Түрікше жыл қайыру жүйесі бойынша Барыс жылы /қазіргіше 930 жылы/ ақпан айының он бесінші жұлдызы», – деп жазылған. Түркілердің тұңғыш кітабын кезінде В. Томсон, Дж. Клоусон, С. Тезджан, М. Эрдель, С. Кляшторный сынды белгілі түркітанушылар жан-жақты зерттегендері туралы нақты деректер бар. Кітаптың көлемі – 29 парақ, 58 бет болған. Әрбір парақтың биіктігі - 13,2, ені - 8 сантиметр.

міне, осы еңбекте де қазақ кітаптарының тарихына байланысты көп-көп деректер келтірілген. Мәселен, кітаптың 352 бетінен мына бір жолдарды оқуға болады: «Если один из первых тюркских книг «Ырк битиг» на бумаге руническом письмом датируется 930 годом, то «Начальный этап существования древнетюркской литературы на бумаге относится к VI веку».

бойынан VI-VIII ғасырларда табылған жазу ескеркіштері қойылған. Солардың бірі «Білге қаған» және «Күлтегін» жазу ескерткіштері...

Ұлы бабаларымыз – Қорқыт Атаның, Әбу-Насыр әл-Фарабидің, Жүсіп Баласағұнның, Махмұт Қашқаридің, Қожа Ахмет Иассауидің асыл мұралары – бүгінгі мұражайымыздың мақтанышы.



онлайн – конференция онлайн – конференция онлайн – конференция онлайн – конференция

онлайн – конференция



Владимир КОЧЕНОВ,
доктор философских наук, профессор

1. Книга – это, безусловно, самое лучшее из того, что изобретено человеком. Без книги не было бы ни науки, ни образования, а, стало быть, и будущего у человечества. Книга будет вместе с человечеством вечно. Ей не страшны никакие достижения hi-tech. Для меня книга – главное достояние. Люблю, когда мне дарят книги. Всю свою жизнь занимаюсь собиранием книг. В моей личной библиотеке есть и редкие, и даже антикварные издания. Я рано, что называется с «младых ногтей», пристрастился к чтению. Помню, как-то в детстве, отец дал мне мелкие деньги на покупку сладостей. Каково было его удивление, когда вместо конфет он увидел в моей руке книгу. Книги – мои самые сокровенные друзья, без которых я не мыслю свою жизнь.

2. На этот вопрос замечательно ответил патриарх русской культуры, выдающийся знаток древнерусской литературы, академик Дмитрий Сергеевич Лихачев. Обращаясь к молодым, академик сказал, что все книги, которые написаны человеком за тысячелетия его цивилизованной истории, прочесть невозможно. Но можно и нужно притронуться ладонью к каждой книге, которая вошла в золотой фонд человечества,



Ежелгі жазба деректеріміздің аз сақталғаны, бабаларымыздың туындылары, олардың қолжазбаларының түпнұсқасы мен көшірмелері түрлі себептермен кезінде бөтен елдерге, алыс-жақын шетелдерге жөнелтілгені жақсы мәлім. Сондай-ақ Кеңес өкіметі жылдарындағы небір сұмдық зобалаңдардың кесірінен, әсіресе, отызыншы жылдары сталиндік қанды қырғыннан қазақтың маңдайына біткен біртуар зиялыларымыздың кітаптары да қапасқа түсті, өртелді, осылай қолды болып кетті. Мәселен, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Шәкәрім Құдайбердіұлы сынды арыстарымыздың 20-30 жылдары жарық көрген кейбір кітаптарының көшірмелері ғана қалған.

Кітап сөрелерімізде Міржақып Дулатұлының 1936 жылы түрік тілінде Стамбұлда жарық көрген «Оян, қазақ!» кітабы мен 1954 жылы Стамбұлда басылып шыққан «Түркістан» атты өлеңдер жинағы тұр. Бұл кітаптарды музейімізге Американың Висконсин университетінің ұстазы Теңіз Балқамыс деген ғалым сыйлаған болатын. Осындай тарту-таралғы жолымен де бірқатар бағалы кітаптарға қолымыз жетті. Осы ретте ұлы Абай көзі тірісінде оқыған кітаптарды қалай іздестіргеніміз және оның кейбір жемістері



Құран Кәрім. Шыққан жері және баспасы белгісіз. 1287/1869 жылдар шамасы.

туралы айта кетейік. Ғұлама Абайдың қолынан түсірмей, зерделей оқыған кітаптардың бір саласы – атақты ойшыл, философ Джон Дрепердің туындылары. Абайтанушылардың айтуынша, әсіресе, ол Дрепердің «Еуропаның ақыл-ойының даму тарихы» атты кітабын қатты қастерлеген. Сондықтан біз осы кітапты қалайда қолға түсірудің амалын іздестіру мақсатын алға қойдық. Мұның да сәті түсіп, бұл кітапты Алматыдағы жоғары білім беретін «Әділет» құқық мектебінің кітапханасынан кездестірдік. Кітапты осы оқу орнының басшылығы біздің мұражайымызға тарту етті.

Бабалар жүрегінің қанымен жазылған қасиетті қолжазбалардың кейбір нұсқалары шет елдерде Каир, Вена, Лейпциг сияқты қалаларда сақтаулы. Шетелдіктердің мақтанышына айналып отырған осы мұраларымыздың көшірмелерін алуға бізге қол ұшын берушілер табыла қалса, қуана-қуана іске кірісер едік.

Белгілі тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулатидің 1541-1546 жылдары қағазға түсірілген атақты «Тарих-и-Рашиди» қолжазбасының парсы тіліндегі бір нұсқасы Санкт-Петербургте Ресей ғылым академиясының Шығыстану институтында



почувствовать ее тепло и согревающую энергию, мысленно поклониться духовному величию тех, кто творил эти книги. От века к веку будет крепнуть тяга к книге, к чтению. Чтение книги – это общение с прекрасным, мудрым наследием, которое нам завещали наши предки.

3. У меня на полке, на видном месте, Книга книг – «Илиада и Одиссея» Гомера. Я много читаю литературы по философии, особенно античной. Перечитываю Абая – великана казахской мысли, его «Слова назидания», часто обращаюсь к творчеству Шакарима. Недавно с восторгом читал драматические произведения А.Чехова, летом – его «Остров Сахалин». Словом, мое чтение определяется моими занятиями философией и публицистикой. Иногда, пр авда, под настроение читаю что-нибудь из литературы путешествий и приключений, скажем, «Территорию Олега Куваева или «Таис Афинскую» Ивана Ефремова. Сейчас читаю сочинения нашего выдающегося философа, академика Жабайхана Абдильдина. Это громада. Я его ставлю в один ряд вместе с такими гениями, как Платон, Иммануил Кант, Гегель, Маркс. Жабайхан Мубаракович уже вошел в историю казахской мысли. И, если Аль-Фараби называют «восточным Аристотелем», то академик Абдильдин – «казахский Сократ». Второго такого масштаба дарования мыслителя не скоро родит земля казахов. Он уникален.



сақтаулы. Институт басшылығының көмегімен осы қолжазбаның көшірмесін түсіріп алып, түптеп біз оны сөремізге қойдық. «Тарих-и-Рашидидің» 1849 жылы түркі тіліне тәржімаланған қолжазбасының көшірмесі де – мұражайымыздың көркі.

Түркі әлемінің ғұламасы Қадырғали би Қасымұлы Жалайыриге арналған сөремізде ғалымның «Жами-ат-Тауарих» (Жылнамалар жинағы) атты 1603 жылы қағазға түркі тілінде түсірілген қолжазбасының көшірмесі қойылған. Бұл – Қазан мемлекеттік университетінің Лобачевский атындағы кітапханасындағы қолжазбаның көшірмесі.

Біз кітапты ежелден қадір тұтып, қастерлеп келген халықпыз. Енді оқырманымызды мұражай қойылымдарымен таныстыра кетейік. Ел руханиятына елеулі үлес қосып, мәртебесін көтеріп отырған Республикалық кітап мұражайында халқымыздың ғасырлар бойы сақталып келген сирек қолжазбалары, құнды кітаптары алты залға бөлініп қойылған.

Кіреді залдан басталатын VI-VIII ғасырлардан сыр тартатын Орхон-Енисей, Талас ескерткіштеріндегі сына жазулардан бастап, әл-Фараби, Қорқыт ата кітаптары, қағаздың алғаш рет Қытайда жаса-

луы туралы мәлімет сарапталып, санаға сәуле құйса, Қазақстанның шамы жарқыраған электр картасы кешегіні, бүгінгіні және болашақты көлденең тартып, көз қуантады.

Бір кездері қызыл империя боданында болған елдің 1917 жылғы қанды төңкеріске дейінгі сауаттылық дәрежесі небәрі екі-ақ пайыз болды деген жалған жаланы жоққа шығаратын экспонаттар санатында Ысқақ әл-Фарабидің, Ысмайыл әл-Жауһаридің, Жүсіп Баласағұндың, Махмұт Қашқаридың, Қожа Ахмет Иассауидың, Мұхамед Хайдар Дулатидың, Қадырғали Қосымұлы Жалайырдың, Әбілғазы Баһадүрдің арабша әріппен жазылған кітаптары, қолжазбалары мен мұндалап тұр.

Абай мен Шоқанның Санкт-Петербургте шыққан тұңғыш кітаптары, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің, Махамбеттің қолжазба дәптерлері XVII ғасырдағы қолжазба кітаптары, поэзия жинағы, Хафиз, Бедил, Руми, Физули, Әлішер Науаилердің ғылыми еңбектері, XVII ғасырдағы алтын сиямен көшірілген қолжазба «Құран», орама-бүктеме қолжазбалар, Қожа Ахмет Иассауидің «Диуани Хикметінің» қолжазбасы, Қазан қаласында басылып шыққан баспа кітабы, Меккеге барғанда қажыларға сыйға тартылған бармақтай ғана миниатюралық сегіз қырлы діни кі-

таптар сөреден орын алған.

Белгілі шығыстанушылар - С. Маловтың, А. Гумбольдтың, В. Дальдің, Г. Потаниннің, В. Бартольдтің, В. Радловтың, А. Левшиннің және П. П. Семенов-Тянь-Шанскийдің еңбектері өз алдына бір төбе.

Қазақ халқының ардақты перзенттері, кемеңгер ойшылдары Шәкәрім, Ахмет, Міржақып, Мағжан, Жүсіпбектердің кітаптары да сөремізге салмақты үн қосып тұр.

Теңдессіз байлығымыздың бірі – нарқасқа ғұламаларымыз Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан туындылары.

Мұражайда сирек кездесетін құнды кітаптар мен қолжазбалар да жетерлік.

Молда Мұхаметжан Самарқанди 1831 жылы қауырсын қаламмен көшірген Әлішер Науаидің «Хамса» поэмасы да құнды жәдігерлер қатарында тұр.

Ал кітап қорындағы, музей залдарындағы қолжазба Құрандардың алар орны, беретін әсері бөлек. Қазақ халқы қанша қуғын-сүргін көрсе де отарлық саясаттың тепкісінде жүріп, ата-бабасынан қалған діни кітаптарын ақ шүберекке орап, сандығында сақтаған. Солардың бірқатары осы кітап мұражайына берілген. Мұражайдайдағы



52

онлайн – конференция онлайн – конференция онлайн – конференция онлайн – конференция

онлайн – конференция



Мадияр КОЖАХМЕТ,
заместитель директора
департамента моло-
дежной политики
и воспитательной
работы МОН РК

1. Разумеется, положительно, ведь книги - это источник знаний, который может пронести мысли и идеи человечества через века. Именно по книгам мы узнаем историю своего народа, края, всего мира.

2. Сейчас, когда компьютеры вошли в нашу жизнь, книги, я считаю, несколько не потеряли своей актуальности. Одним из преимуществ новых технологий является то, что, не выходя из дома, мы можем попасть практически в любую библиотеку мира и заказать нужную нам книгу через Интернет.

3. Мне всегда нравились исторические романы, где красочно и подробно описывается история разных стран, сражений, биографии известных личностей. Сейчас читаю романы Акунина.



XVII ғасырда көшірілген, алтын сиямен жазылған Құранды көргенде әсіресе, шетелдік қонақтардың тебіреніп, таң қалмағаны кемде-кем.

Мұнымен қатар Каир, Константинополь, Лахор, Ташкент, Хиуа, Уфа және Қазан қалаларынан парсы, араб, түркі, шағатай тілдеріндегі діни кітаптар да сақталған.

Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) фибрат сөздері (1215 н/ж), қолжазба Құран XVII ғ., Ғылымхал XVIII ғасырда Қызылордада, Самарқанди молда көшірген, шарифаттар, тафсир (құранның түсініктемесі, мұсылмандық құқықтары жайындағы кодекстер) 1298 н/ж. Осы кітап қорындағы көркем, әдемі каллиграфиялық әдіспен жазылып, көшірілген діни кітаптарды, қолжазбаларды қолға алсаңыз, сол ғасырларға саяхат жасағандай боласыз.

Қазақ кітабының көне тарихы саналатын сирек қолжазбалар мектеп оқушыларына, студенттерге, жалпы жастарға, әсіресе кітап қадірін түсінетін қонақтарға тым қажет.

Қазақ халқының абыройын асырып, даңқын шығарған ұлыларымыз Абайдың, Жамбылдың, Махамбеттің мерейтойларына байланысты әзірленген көрмелер тұрақты сәулет нақышына айналды.

Сондай-ақ тағы бір тұрақты көрме-міз Тәуелсіздік залы – Қазақстан Президентінің ант беріп тұрған сәтіндегі әсем бояулы портретімен ашылады. Бұл көрме «Конституция - әділдік тұғырың, мәңгілік жасайтын ғұмырың», «Ежелгі шежіре – ел есінде», «Тарих тағылымы және қазіргі заман», «Егемен мемлекет даңқы», «Төл тарихың – тәуелсіздік туың», «Еркін елдің символы», «Елдің қуаты рухында», «Ғылым – ғалам нұры», «Қазақстан 2030», «Халық қаһармандары», «Шетелдегі қазақ жазушылары» атты 10 бөлімнен тұрады. Әлемнің әр елінде, әр алуан тілде жарияланған Президент еңбектері де осы залға қойылған.

«Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жарық көрген сериялар: «Отырар кітапханасы», «Алаш мұрасы», «Қазақ прозасы», «Бабалар сөзі», «Әлем әдебиеті», «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Фибраты мол ғұмыр», «Ауыл кітапханасы», «Алтын қор», «Қазіргі қазақ поэзиясы», «Ата мұраң – асыл қазынаң», «Тұлға-Личность», «Фибратты ғұмыр», «Шығыстың ұлылары», «Тарихи тұлға тағылымы», «Ұлттық энциклопедия», «Заң әдебиеттері», «Тарихи әдебиеттер», «Ғылыми әдебиеттер», «Та-

нымдық әдебиеттер», «Балалар әдебиеті», «Әлем балалары әдебиеті», «Балдырған сериясы», «Мектеп кітапханасы», «Жетінші сөз», т.б.

М. Әуезовтің 50 томдығы, көптомдықтар: «Қазақстан тарихы батыс дерек көздерінен», «Қазақстан тарихы» туралы монғол деректемелері, «Қазақстан тарихы» туралы араб деректемелері, «Әлеуметтану», «Саясаттану», «Жеріңнің аты – еліңнің хаты», «Альбомдар», «Экономика», «Психология», «Философия», «Сөздіктер», «Ұлттық энциклопедия» /орыс, ағылшын тілдерінде/ сериясы бойынша шыққан басылымдар - келешек ұрпақ үлесіне тиер тағылымды туындылар.

Сондықтан да Республикалық кітап мұражайы – мәдениетіміз бен әдебиетіміздің ажырамас асыл мұрасының мәңгілік мекені болып отыр.

Мақалада осыдан отыз жыл бұрын іргесі қаланған Республикалық кітап мұражайы, жәдігерлер жәннатына айналған құтты мекеннің жазба байлықтары жайлы баяндалады.



онлайн – конференция онлайн – конференция онлайн – конференция онлайн – конференция


онлайн – конференция

1. Қызық сұрақ екен. Көзімізді тырнап ашқаннан, ми қатпарлары қозғалып өздігінен жұмыс істей бастаған уақыттан кітап тәрбие құралы деп үйретті ғой. Менің түсінігімде, кітап – рухани құндылық. Адамға ауа қандай қымбат болса, рухани нәр беретін кітап та одан бір мысқал кем емес.

2. Замана ағымы өмірімізге технологияны мықтап енгізгеннен кейін, электронды және аудио кітаптардан ат-тонымызды ала қашсақ та іргемізді бөліп әкете алмаймыз. Жақында «Жазушы» баспасынан Абай жолының аудио кітабы шығыпты. Соны тыңдадым. Рас, басында жалығып кеттім. Аса әсер бермеді. Дегенмен, ұзақ жолда өзіңе таптырмас жолдас болатын құрал екен.

Монитордан да кітап оқып көрдік. Ол да оңды әсер қалдыра алмады. Мен үшін саусақтарым кітаптың ішіндегісін сезіп, кітаптағы әрбір сөзді жүрегімнен өткізіп, астын сызып оқығаннан артық ләззат жоқ. Сол себепті әзір электронды кітапты да, аудио кітапты да оқып, тыңдай алмайтын шығармын.

3. Көбіне әдеби кітаптарға ден қоямын. Біздің сіресіп қалған санаға технологиядан гөрі, романтика керек деп есептейтіндердің санатынанмын. Сондықтан көркем туындыны көбірек оқимын.



Ержан БАЙТЛЕС,
«Ана тілі» газеті
бас редакторының
орынбасары



ҚҰНДЫ ҚҰЖАТТАР

(«Чиң дәуіріндегі шекара өңіріне қатысты мәнжу жазуындағы мұрағат құжаттарының тізбесі» атты 12 томдық библиографиялық көрсеткіш жинағының ғылыми сипаттамасы)



Қазақ тарихында XVIII-XIX ғасыр айрықша аумалы-төкпелі оқиғаларымен ерекшеленеді. Азуын айға білеген жоңғардың жорығы қазақ елін жер бетінен құртып жіберуге айналып, тарихта «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атанып кеткен қанды қырғынға ұшыратты. Сонымен бірге ойда орыспен, қырда қытаймен қан жілік тартысқа барып, Алтайдан Атырауға, Сібірден Сырға дейінгі қара қазақ тағдыры саудаға салынып, ұтысқа түскен, ел болу мен құл болудың таразысындағы ел оқиғалары, ел тұлғаларының есімі – ұлт тарихында өшпестей ерекше орын алды. Жатталып та, сақталып та, қатталып та қалды. Жатталғаны ел есінде, халық жадында қалып неше алуан оқиғаларымен толығып, бүгінгі күнге жеткені де, жетпей қалғаны да бар. Ал қатталғаны мен жатталғанының басым бөлігі орыс пен қытай мұрағаттарында сақтаулы.

онлайн – конференция онлайн – конференция онлайн – конференция онлайн – конференция

онлайн – конференция



МӘДИНА ОМАРОВА,
«Хабар» агенттігінің
редакторы

1. Кітап әрқашан да жалғыз рухани әрі интеллектуалды қорек көзі болып қала бермек.

2. Қазір, әрине, кітаптың дәурені кетті деп жатады. Қалың шығармаларды оқуға уақыт та жоқ, теледидар, интернет заманында тіпті қажеті шамалы болып қалған секілді. Тіпті Тәуелсіздік тұсында өмірге келіп, қазіргі таңда қоғамның алып бір бөлшегіне айналған жастар үшін кітап оқып, таңды таңға ұру тіпті мағынасыз іс болып қалғанын көзіміз көріп жүр. Бұл – өте өкінішті жағдай. Бірақ уақыттың билігі қатал, оған шара, шынын айту керек, жоқ. Жағдаймен санасу ғана қалады. Электронды кітаптардың қағаз кітаптардан айырмашылығы шамалы, әрине. Бұл жерде тек дағды ғана шешеді таңдауды. Жеке өзім электронды кітаптарды оқи алмаймын, тіпті қызығып бара жатсам, қағазға шығарып алып оқимын. Мен үшін компьютерге немесе электронды құралға шұқшиып



Қытай жылнамалары өткенін хатқа түсіріп, бамбук шыпталарға сақтап отырған. Қазіргі тәуелсіз елдің тарихын жазарда сол хатқа түскен, шаң басқан мұрағаттардың көмегі айрықша. Соның бірі – Чиң империясының мәнжу жазуындағы іс-қағаздар мұрағаты. Айтпақ болып отырғанымыз да – осы мәнжу жазуындағы іс-қағаздар мұрағатының қазаққа қатысты бөлігі. Бұл «Чиң дәуіріндегі шекара өңіріне қатысты мәнжу жазуындағы мұрағат тізбесі» атты 12 томдық библиографиялық көрсеткіште жинақталған. Осы 12 томдық библиографиялық көрсеткіш жинағының бір данасын белгілі жазушы Тұрсын Жұртбай 2006 жылы алып келіп, Лев. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының сирек қолжазбалар бөліміне өткізген болатын.

I

Чиң империясы (1616-1911 жылдар) - Қытай тарихындағы ең соңғы әрі мәнжу ұлты билеген патшалық

империя. Чиң дәуірінде мәнжу тілі мемлекеттік тіл дәрежесіне көтерілді. Орталықтан жергілікті әр дәрежелі әкімшіліктерге дейін мәнжу тілін білетін мәнжу, монғол мансаптылары тағайындалды. Әсіресе, империяның тірегі сегіз жалаулы қосын мен шекара істеріне жауапты мансаптылар үкімет іс-қағаздарын мәнжу тілінде жүргізіп отырған. Қытай тіліне аударма жасалмайтын. Соған сәйкес жарлықтар, жолданытын хаттар мен әр түрлі дәрежедегі органдардың іс-қағаздары мәнжу тілінде жазылатын. Осылай мәнжу ұлты билеген Чиң дәуірінде мәнжу жазуындағы іс-қағаздар мұрағаты сақталып қалды. Бұлардың ішінде Ұсыныс хаттаманың алатын орны ерекше.

Ұсыныс хаттама – Чиң мансаптыларының патшаға жолдайтын хабар-ошар, мәліметтері, арыз-шағым, талап-тілектерінің маңызды бөлімі. Патша қызыл қылқаламмен ұсыныс хаттамаға бекіту салатындықтан, қызылмен бекітілген ұсыныс хаттама деп аталған. Қызылмен бекітілген ұсыныс хаттаманы Чиң дәуірі Юң Жиңның

8-жылы (1730 ж.) құрылған бүкіл мемлекеттің әскери-саяси істерін қадағалап, әскери құпия бақылау басқармасы (төменде қысқаша басқарма) саралап, мұрағатқа алып отырған. Басқарма осындай хаттаманы сараптап, реттегенде қосымша бір нұсқасын көшіріп алып, оны қосалқы ұсыныс хаттама деп атаған. Қосалқы ұсыныс хаттама бір немесе бір жарым айда жинақталып, мұрағатқа түсіп отырған. Бұл айлық тізбе қалта деп аталған. Мұның сыртында басқарма әр күні астанадағы әр дәрежедегі органдар мен шет өлкелердегі әскери сардар, уәзірлердің арыз-шағымдарын қабылдап, оларға жіберетін әмір-пәрмен, жарлық-жарғыларды көшіріп, ай-ай бойынша тізбелеп, мұны да айлық тізбе қалтасына хаттап отырған. Әйтсе де, осы айлық тізбе қалтасындағы қосалқы ұсыныс хаттама патшаның өзі бекіткен нұсқаның көшірме қосалқы нұсқасы болса да, пайдалану және зерттелу құны түпнұсқадан ерекше. Себебі ұсыныс хаттаманы басқарма мұрағатқа алғанда сол кездегі нақтылы уақыттарды қағазға түсіріп,



онлайн – конференция онлайн – конференция онлайн – конференция онлайн – конференция

онлайн – конференция

отыру – азап. Ал аудио кітаптар болса... Бәлкім, бос уақыты тек қозғалыс кезінде, көлікте ғана болатын кей адамдар үшін бұл да бір шығатын жол шығар. Дегенмен, консервативті танымыма салсам, жазушы мен оқырманның бетпе-бет тоғысып, сырласуына – тосқауыл. Жылдар бойы жиналған шаң-тозаңның қағазға ғана беретін бөлек иісін сезініп, сарғайған парақтарды аудару, ұнаған жерін қайта-қайта оқу, қайта-қайта оралу – шексіз ғажайып әлем.

3. Өз басым әдебиеттің төңірегіндегі кітаптарды көп оқимын. Әдебиетке енді келіп жатқан жастармен танысамын. Ал қазақ әдебиетінің дана қарияларын қайталап оқудан тіпті шаршаған емеспін. Мұхтар Әуезов, Әбіш Кекілбаев, Асқар Сүлейменов, Қалихан Ысқақ, Мұхтар Мағауин секілді алып бәйтеректер тек рухани қорек емес, қазақ тілінің құнарлы топырағы, жазу жолыңа бағыт-бағдар беретін ұстаз. Әлем әдебиеті болса, түпсіз, шексіз галактика. Оның түбіне жетуге бір адамның ғұмыры жетпес. Сондықтан кітап оқитын адам – әлемдегі ең бақытты жан. Оны ешбір экономика, әлеуметтік жағдай, дағдарыс ала алмайды.



толықтырулар енгізіп, қосымша құжаттарды үстемелеп қосып, ескертулер жазады. Бұл – мұрағатқа түскен әрқандай оқиғаның нақтылы жыл көрсеткіші мен оған қоса оқиғаға қатысты егжей-тегжейлі ерекше мазмұндар қосалқы ұсыныс хаттамада көрсетіледі деген сөз.

Чян Лұң патшаның (Ежен хан 1736-1795 жылдарда ел билеген) орта дәуірінен ілгері мәнжу жазуындағы айлық тізбе қалтасы әскери істер және күнделікті істер тізбе қалтасы деп бөлінді. Сол кезде (шамамен 1760 - жылдардан бұрын) солтүстік батыста соғыс жиі болғандықтан, соғысқа қатысты іс-қағаздар мол болды. Кейінгі күні пайдалануға қолайлы болу үшін басқарма солтүстік батыстың әскери істер жөніндегі құжаттарын әскери істер жөніндегі тізбе қалтасына, бұл көлемге жатпайтын әлеуметтік істер құжаттарын күнделікті істер жөніндегі тізбе қалтасына бөлек-бөлек салып, мұрағатта сақтаған. Чян Лұң патшаның орта дәуірінен кейін ендігәрі бұлай бөлінбейтін болған. Дегенмен, бірер маңызы

бар оқиғалар болғанда және сол оқиғаларға қатысты бір немесе бірнеше айдың құжаттары жинақталып, қытай тілінде түсінік беріліп, мұрағатқа алынып отырған. Мәселен, торғауыттардың Жоңғарияға оралуына байланысты құжатқа «Торғауыт құжаттары» деп түсінік жазылған. Бұл «арнаулы мұрағат тізбе қалтасы» делініп, күнделікті істер тізбе қалтасынан кейін тіркелген.

Әскери құпия басқарманың мәнжу жазуындағы айлық тізбе қалтасы мәнжу жазуындағы іс-қағаздар мұрағаты деп те аталады. 4594 хаттама (бума), 181074 дана, Юң Жыңның 8-жылынан (1730 ж.) Шуан Тұңның 3-жылына (1911ж.) дейінгі 8 патша билеген 181 жылдық Чиң империясының тарихи дәуірін қамтиды. Мұнда патшаның жариялаған бұйрықтары, жарлық-жарғысы, ережелері, хаттары, уәзірлердің арыз-шағымдары, ұсыныс-хаттамалары, әр дәрежедегі әкімшілік органдар мансаптыларының алысқан хат-хабарлары, жоғарының төменге берген

бұйрықтары, төменнің жоғарыға ілтипат еткен өтініш-ұсыныстары және іс-қағаздарға қосымша әр түрлі сызба карталар бар.

II

Мәнжу жазуындағы іс-қағаздар мұрағатындағы «Чиң дәуіріндегі шекара өңірге қатысты мәнжу жазуындағы мұрағат тізбесі» 12 томдықтың кітап болып шығу барысы жарты ғасырға созылды. 1964 жылы Бейжің қаласы Орталық ұлттар университетіндегі Ұлт институты ұлт тілдері факультеті мәнжу тілдері курсының студенттерін Қытайдың №1 тарихи мұрағатына тәжірибеге алып барды. Олар Юң Жыңның 8-жылынан Чян Лұңның 20-жылына дейінгі (1730-1755ж.) айлық тізбе қалтасын реттеп, ішкі істер, әскери істер, экономика, ауылшаруашылық, ұлт істері сияқты үлкен-үлкен 18 топқа бөліп, әр үлкен топты бірнеше мазмұнға жіктеп, мұрағат хаттамасының каталогін түзді. 1986 жылдың аяғында Қытайдың №1 тарихи мұрағатының мәнжу тілдері бөлімі мамандар даяр-



онлайн – конференция онлайн – конференция онлайн – конференция онлайн – конференция

онлайн – конференция



Серік САФЫНТАЙ,
«Алаш айнасы»
газетінің тілшісі

1. Жалпы, жарық жалғанды кітапсыз елестету мүмкін емес. Дидар Амантайдың батыс ойшылдарының кітап туралы тұжырымын «Кітап – автордың ой-қиялының жемісі болғанымен, жеке өмір сүруге құқық алған сана», – деп ұғынықты айтқаны бар. Шығармашылық адамы үшін кітап – сырлас дос, сыралғы дос. Қазақта «ашубасар» деген түсінік бар. Әке балаларының ортасында бір баласы «ашубасары» болады. Бүкіл жауапкершілік те, жағдай да әлгі баладан сұралады. Ашуы атқа мінсе, сол балаға кәріп төгіп тарқатар еді әке ашуын. Сол тәрізді, кітап, мен үшін бүкіл «тірі» достан артық ақылшы, мұңынды шағар, жаныңды ұғар жалғыз дос, «ашубасар». Камюдің «Чума» романында күнделік жазып жүретін бір кейіпкер бар. Әлгі кейіпкердің ойы, сөзі арқылы Камю көкем «Жазу жазатын адам ең соңынан өледі, тіпті, өлмеуі де мүмкін. Өйткені, ол – куәгер» деген ойды таратады. Кітап оқитын, жазатын адам да сондай артықшылыққа ие. Кітап дегеніміз – адамзат тарихының күнделігі ғой. Қайткенде де, кітап қазіргі кез келген адамнан ақылды!



лап, мұрағат құжаттарын жалғасты реттеу жұмыстарын қолға алып, 1987 жылдың аяғында мұрағат материалдарының каталогын жасап бітіріп, сканерлеуді бастап, 1988 жылы жаппай мазмұндық екшеу қызметін жүргізді.

«Чиң дәуіріндегі шекара өңіріне қатысты мәнжу жазуындағы мұрағат тізбесі» атты 12 томдық библиографиялық көрсеткіш 1988-1998 жылдар аралығында, яғни 10 жыл мерзімде дайындалды. 1999 - жылы Гуаң Ши педагогикалық университеті баспасынан 9 миллион иероглиф көлемінде 500 данамен басылып шықты. 12 томдықтың мазмұны мынадай:

1-том: Шың Жиңға (астана және астана маңына қарайтын өңір) қатысты оқиғаларды қамтитын мұрағаттар сипаттамасы. Жалпы көлемі 403 бет.

2-том: Жилин, Қи Лұң Жи-яң өлкесіне (Мәнжүрия) қа-

тысты оқиғаларды қамтитын мұрағаттар сипаттамасы. Жалпы көлемі 475 бет.

3-том: Ішкі Моңғолияға қатысты оқиғаларды қамтитын мұрағаттар сипаттамасы. Жалпы көлемі 355 бет.

4, 5-том: Ұластай өңіріне (Сыртқы Моңғолия) қатысты оқиғаларды қамтитын мұрағаттар сипаттамасы. Жалпы көлемі 977 бет.

4-том: Юң Жиңның 8-жылынан Чян Лұңның 46-жылының 7-айына дейінгі (1730-1781 ж.) оқиғаларды қамтитын мұрағаттар сипаттамасы. Жалпы көлемі 490 бет.

5-том: Чян Лұңның 46-жылының 7-айынан Шуан Тұңның 3-жылына дейінгі (1781-1911 ж.) оқиғаларды қамтитын мұрағаттар сипаттамасы. Жалпы көлемі 487 бет.

6-том: Юң Жиңның 8-жылы-

нан Чян Лұңның 27-жылының 9-айына дейінгі аралықтағы Шығыс Түркістанға қатысты сипаттама берілген (1730-1762ж.). Жалпы көлемі 512 бет .

7-том: Чян Лұңның 27-жылының 9-айынан Чян Лұңның 36-жылының 10-айына дейінгі аралықтағы Шығыс Түркістанға қатысты сипаттама берілген (1762-1771 ж.). Жалпы көлемі 500 бет.

8-том: Чян Лұңның 36-жылының 10-айынан Чян Лұңның 46-жылының 10-айына дейінгі аралықтағы Шығыс Түркістанға қатысты сипаттама берілген (1771-1781 ж.). Жалпы көлемі 508 бет.

9-том: Чян Лұңның 46-жылының 10-айынан Чян Лұңның 56-жылының 12-айына дейінгі аралықтағы Шығыс Түркістанға қатысты сипаттама берілген (1781-1791 ж.). Жалпы көлемі 488 бет .



онлайн – конференция онлайн – конференция онлайн – конференция онлайн – конференция

онлайн – конференция

2. Бұл ғасырда кітаптың рөлі көбінесе тарихи экспонат тәрізді болатын шығар. Сөрелерде сыңсып, сықасып тұрғанымен, қазір кітап оқитын адам аз. Қатарластарымның үйінен кітап, кітап сөресін көрмейтін сәттер тым жиілеп барады. Өзім де кейбір артық сүйетін авторлар болмаса, көп кітаптың электронды нұсқасын сақтап, компьютерден оқуға ойысып бара жатқан тәріздімін. Электронды кітап, аудио кітап классикалық кітаптың керемет бәсекелесі боп тұр. Бірақ, бәрібір қағаз кітаптың орнын толтыра алмайды ғой. Электронды кітап виртуал санада сақталғанымен, тасқа басылған ақиқат тәрізді қабылданбайды. Аудио, бейне кітаптар бүгінгі адамның жалқау санасына артық ләззат сыйлағанымен, классикалық кітап тәрізді адамды үлкен сабырға, үлкен қиялдар әлеміне жетелеп апара алмайды. Керісінше, адастырып кетеді. Бірақ, қайтеміз, көштен қалмау керек деп, ел тұтынған жабдықты жат көрмеу керек деп, санаға ақпарат салудың барша түрін пайдаланамыз...

3. Әлем әдебиеті, тарих, философия, социология, жалпы, барлық тақырыпта оқимын. Интернеттен суырып алып та, үйде жиналған «букинистің», ауыл кітапханасының ертеректе қолға түскен дүниелерін араластырып оқи беремін. Қалай оқу ыңғайлы, көңіл-күйге қатыссыз, жедел, жылдам оқуға тырысамын. Одан асқан білімді боп бара жатқан жоқпын да, әйтеуір бір қанағатсыздық бар оқуға...



10-том: Чян Луңның 56-жылының 12-айынан Жя чиңнің 24-жылы 4-айына дейінгі аралықтағы Шығыс Түркістанға қатысты сипаттама берілген (1791-1819 ж.). Жалпы көлемі 513 бет .

11-том: Жя Чиңнің 24-жылы 4-айынан Шуан Тұңның 3-жылына дейінгі аралықтағы Шығыс Түркістанға қатысты сипаттама берілген (1819-1911 ж.). Жалпы көлемі 508 бет .

12-том: Тибет, Жы Луң, Шан Дұң, Жяң Су, Жы Жяң, Гуаң Дұң, Гуаң Ши, Юн Нан, Фу Жяң, Тайвань қатарлы оңтүстік батыс, оңтүстік, шығыс елдеріндегі оқиғаларды қамтитын мұрағаттардың сипаттамасы, жалпы 615 бет.

III

Ал осы ауыз толтырып, көз қызықтырып отырған мәнжу жазуындағы іс-қағаздар мұрағатының зерттелу тарихы мынадай: Соңғы 20

жылда (XX ғасыр) «Қаң Ши патшаның (1662-1722 жылдары ел билеген) бекіткен ұсыныс хаттамаларының қытай тіліндегі жинағы», «Қаң Ши патшаның мәнжүр тілінде бекіткен ұсыныс хаттамаларының толық аудармасы», «Юң Жың патшаның (1723-1735 жылдары ел билеген) бекіткен ұсыныс хаттамаларының қытай тіліндегі жинағы», «Юң Жың патшаның мәнжүр тілінде бекіткен ұсыныс хаттамаларының толық аудармасы», «Гуаң Шұй патшаның (1875-1908 жылдары ел билеген) бекіткен ұсыныс хаттамалар жинағы», «Чян Луң патшаның (Ежен хан – 1736-1795 жылдары ел билеген) жарлық құжаты», «Гуаң Шұй (1875-1908 жылдары ел билеген), Шуан Тұң (1909-1911 жылдары ел билеген) екі патшаның жарлық құжаты», «Шиян Фың (1851-1861жылдары ел билеген), Тұң Жы (1862-1874 жылдары ел билеген) екі патшаның жарлық құжаты» және «ағылшын елшісі Мажаридың (ма жия ір ни) Қытайға сапарының мұрағат материалдарының жинағы» сияқты көлемді мұрағат жазбалар жинағы бірінен соң бірі ба-

сылып шықты. Сонымен бір уақытта Чиң империясының шекара аймақтарындағы ұлттық, саяси, әскери, экономика салалары бойынша тақырыптық мұрағат материалдарынан екшеленген кітаптар оқырмандармен жүздесті. Мәселен; «Мәнжу тіліндегі торғауыт мұрағат құжаттарының аударма жинағы», «Чиң дәуірінде батысқа - Шин Жияңға (Шығыс Түркістан) ауған Шахар монғолдарының мәнжу тіліндегі мұрағат құжаттарының аударма жинағы» сияқтыларды алып қарағанда осы мұрағат құжаттарында баяндалған материалдардан пайдаланып, зерттеу жұмыстарын ішкерілей әрі жанжақты жүргізуге болады. XVIII ғасырдың 60-жылдарындағы Шахар монғолдарының тың игеріп, Чиң патшалығының шекарасын қорғауы мен XVIII ғасырдың 70-жылдарындағы торғауыттардың Еділден шығысқа - Жоңғарияға ауып қоныстануы сол дәуірдің маңызды оқиғалары әрі қазіргі тарихшылардың назар аударатын толғақты мәселесі болып есептеледі. Мұрағат деректерінсіз, мәнжүр тіліндегі мұрағат



Ақберен ЕЛГЕЗЕК,
«www.Abai.kz» ұлттық
порталының редакторы

1. Мен кітапты аямен түскен ақпараттық-энергетикалық құрылым ретінде қабылдаймын. Бұл жерде, әрине, кітап деген атауға лайық дүниелерді ғана айтып отырмын. Бізді қоршаған барлық ғарыш-ғалам ең алдымен сөз бен ойдан тұратынын ескерсек, кітапты Тәңірі ілім-ғылымның көлеңкесінен түскен жазулар мен о бастағы сөзден тараған таңғажайып сөйлемдер жиынтығы деп қабылдауға тиіспіз.

2. Кітаптың рөлі ешқашан төмендемек емес. Электронды кітап пен аудио кітаптарды алып, тыңдап көргем. Көзбен көріп оқығанға жетпейді. Себебі, оқығанда сөйлемдер арасындағы дүниелерді түйсігіңмен байқап отырасың. Ал аудио кітаптарда құлағынан кірген дыбыстардың әуеніне арбалып қалатын кездер де аз емес. Дұрысын айтқанда миға қабылдау қиынға соғып жатады, себебі біздің миымыз әліппеден бастап ақпаратты көз арқылы қабылдауға дағдыланып қалған.

3. Өз басым әдеби, ғылыми-танымдық кітаптарды оқуға құмармын. Оның ішінде философиялық, эзотерика мен оккультизм, астрономия мен физикадан хабар беретін кітаптарды іздеп жүріп сатып алам. Қалғаны интернет пен газеттерде бар ғой.



құжаттарынсыз жоғарыда аталған екі тарихи оқиғаны зерделеу жалаңдық пен шикілікке ұрындырады.

Сонымен қатар «Қаң Ши патшаның мәнжу тілінде бекіткен ұсыныс хаттамаларының толық аудармасынан» Қаң Шидың 34-жылы мен 36-жылдары аралығында (1695-1697 ж.) Чиң империясының жоңғар тайпасының ханы Қалданмен ұрысы туралы жазбаларын кездестіреміз. Сол жинақта естелікке қатталған «Ұланбутың өңірінде Қалданның жеңілу жыры» (4296-дана), «Чиңдықтардың Керулен өңірінен Қалданды тазалау жыры» (4297 - дана), «Қалқа маңындағы патшаның жыры», (4294 - дана) сияқты тарихи естеліктерді басқа тарихи жазбалардан кездестірмейміз.

Чиң дәуіріндегі шекаралық өңірге қатысты мәнжу жазуындағы мұрағат тізбесінде де көптеген тарихи оқиғалар естелікке қатталған. Чиң империясы мен жоңғардың, қазақтардың әскери, саяси, экономикалық қатынастары сөз етіледі. Әсіресе, Әмірсана, Абылай дәуіріндегі қым-қуыт әскери қақтығыстар, батыс пен шығыс аралығында

тынымсыз сабылған елшіліктер тобы, билеушілердің әсіресе, қазақ ханы Абылайдың Чиң императорларына жазған хаттары, жіберген елшілері туралы құнды мәліметтер таптырмас тарихи маңызға ие. Мәселен, осы 12 томдық библиографиялық көрсеткіштегі Шин Жианға (Шығыс Түркістан) қатысты 6-томның 144-бетінде батысты орнықтырушы Сы Лың генерал қатарлардың Абылайдың бірге туған аға-бауырының бар-жоқтығына сұрау салғандығы туралы мәлімет бар. Осы кітаптың 157-бетінде шекараны тыныштандырушы оң қанат орынбасар Жау Хуи

генералдың қосынды Еренқабырғаға жетіп орналастырып, қысты өткереотырып, Іледеегінеккенненкейін қазақтарға шабуылға шықпақшы екендігі жазылған. Чян Лұңның 23-жылы қаңтарында (1758 ж.) қатталған мәліметте қазақтың әрбір тайпасының саны көрсетілгендігі туралы хабар бар (215-бет). Міне, осындай қилы-қилы оқиғалардың, сан алуан істердің қатталып, оның қысқаша тізбесінің жарық көруі XVIII–XIX ғасырдағы қазақ тарихын зерттеумен зерделеуіне қосыларулес болар деген ойдамын.

Еркінжан СІЛӘМХАНҰЛЫ,
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
жанындағы «Отырар кітапханасы»
ғылыми орталығының қызметкері



Мақалада Чиң империясы тұсында мемлекеттік тіл дәрежесіне көтерілген мәнжу тілі, сол тілде қатталған іс-қағаздар мұрағатындағы қазақ тарихына қатысты жарық көрген библиографиялық көрсеткішке ғылыми сипаттама берілген.

онлайн – конференция онлайн – конференция онлайн – конференция онлайн – конференция

онлайн – конференция

1. Жалпы кез келген нәрсе бұл өмірге жай келмейді. Барлығының өзінің мақсаты бар. Кітаптың да пайда болғаны адамзат үшін көмегі мол, алғашқы кітапты жасау үлкен қиыншылықтарды туғызған. Алайда кейіннен пайдасын осы күнге дейін көріп отырмыз. Компьютер өмірге келгенше соның рөлін атқарып келген де осы кітап! Жаппай білімсіздікті жойған да – сол кітап.

2. XXI ғасырда кітаптың рөлі ерекше болады. Қазіргі жайт– өткінші ғана алаңдаушылық. Кітап – адамзатты ақылға жетелеген ең ұлы және киелі дүние. Ерте заманнан білім алу құралы болып келген қарапайым кітап қазірдің өзінде өз міндетін үлкен абыроймен атқарып келді. Соңғы жылдары аудио кітаптар мен электронды кітаптар пайда болды. Әрине, оған мұқтаж жандар бар. Бірақ жанары барда адам қағаз кітап оқу керек қой. Қарапайым бала кезімізден дос болған кітапты айтып отырмын. Кәдімгі кітап көздің де, мидың да гимнастикасы екені белгілі.

3. Кез келген жанрдағы кітаптарды оқимын, тарих, фантастика, классика қызықтырады. Үйімде кітап көп. Өзім сатып аламын, ата-әжемнен де қалғандары бар.



Максим РОЖИН,
«7» телеарнадағы
«НЫСАНА» апталық-
сараптамалық
бағдарламасының
тілшісі



«ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҰЛТТЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫ КІТАПХАНА - ҚазҰЭК»

МЕМЛЕКЕТТІК ЭЛЕКТРОНДЫ КІТАПХАНАЛЫҚ ҚОР

ЭЛЕКТРОНДЫ ҚОЙМАҒА ЕНУ ПОРТАЛЫ [HTTP://WWW.KAZNEB.KZ](http://WWW.KAZNEB.KZ)

ЖОБА ЖАЙЛЫ:

• «Мемлекеттік электронды кітапханалық қор – Қазақстандық Ұлттық электронды кітапхана» жобасы Қазақстан Республикасындағы 2007-2009 жылдарға арналған ақпараттық теңсіздікті төмендету мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылады

• Жобаны жүзеге асыру базасы – Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы (ҚРҰАК)

МАҚСАТЫ:

• Мемлекеттік электронды кітапханалық қордың каталогына арналған ақпараттық жүйе мен депозитарлық және пайдалану қоры арқылы кітап көшірмелерінің бірегей электронды сақтау қоймасын құру.

• Интернет арналарының әр түрлі режиміндегі электронды каталог арқылы электронды қоймаға ену мүмкіндігімен әрі толық мәтін не электронды тапсырыс бойынша кітаптардың электронды көшірмелеріне қол жеткізу мүмкіндігімен қамтамасыз ету.

ҚЫЗМЕТТЕР:

• «ҚРҰАК каталогтары», «Кітаптардың е-көшірмелері» электронды каталогтарынан ақпарат іздестіру;

• «Таңдалғандар», «Менің электронды тапсырысым», «Менің оқу залына тапсырысым» папкаларын құру мүмкіндіктеріне қарай порталдан «Жеке кабинет» құру;

• ҚР «Авторлық құқық туралы» қолданыстағы заңнамаларына сәйкес белгіленген тәртіппен кітап нұсқасын

толықтай көшіру, кітап беттерін құрастыру;

• Жеке электронды поштасы арқылы қажетті кітап үзіндісіне электронды тапсырыс;

• Үйіңізде не кеңсеңізде отырып кітапхананың оқу залына кітапқа алдын ала тапсырыс беру;

• «Кітапханашыға сұрақ» виртуальді анықтамалық қызметі.

ҚазҰЭК ресурстары тұтынушылар үшін бірнеше бағытта ашық:

• кез келген интернет пайдаланушысы

• авторландырылған портал пайдаланушысы

• жобаға қатысушы ретінде тіркелген кітапханалар мен тұрақты оқырман билеті нөмірін иеленген оқырман

онлайн – конференция онлайн – конференция онлайн – конференция онлайн – конференция

онлайн – конференция




Ербақыт АМАНТАЙ,
республикалық «Алаш
айнасы» газетінің тілшісі

1. Кітап білімнің – көзі. Оқиға желісі қызықсыз деген кітаптың өзінен көп пайдалы ақпарат алуға болады. Нашар жазылған кітаптарды оқу арқылы солай жазбау қажет екенін білесің. Бірақ соңғы жылдары жаңа ақпарат көздері – теледидар, интернет дегендер шығып, кітапты залдың төрінен ығыстырып балконға бірақ апарды.


2. Адам жеңіл-желпі дүниелерден шаршайтын кез туады. Теледидар да, интернет те бір кездері жүректі айнытатындай деңгейге жетеді. Сол кезде адам рухани күш беретін кітапты қайта іздей бастайды. Балконда шаң басып жатқан кітап қайтадан төрге шығады. XXI ғасырда кітаптың рөлі артады деп ойлаймын. Электронды кітап, аудио кітап жеңілге құштарлар үшін қажет шығар. Кітап қағазының ісінің өзі неге тұрады?! Сондықтан қағазға басылған шығармалар мен үшін құнды.

3. Негізінен көркем шығарманы ұнатамын. Бірақ жұмысыма қажет болғандықтан, түрлі салалардан ғылыми еңбектерді оқып жүрмін. Көбіне кітапханадан алып оқимын. Ал кітап үйлерінен сатып алуым өте сирек.






- Электронды кітапханаға логин (оқырман билетінің номері) немесе пароль арқылы ену



- Әр алуан критерийлер бойынша электронды каталогтан «е-көшірмелерді» іздегізу: авторы, атауы, кілтті сөздер және жарыққа шыққан жылы бойынша



- Кітаптардың е-көшірмелерін қарау



онлайн – конференция онлайн – конференция онлайн – конференция онлайн – конференция

онлайн – конференция

1. Кез келген қара танитын пенденің бұл сұраққа «Кітап – адамның рухани шөлін қандыра қайнар көзі» мағынасында жауап берері даусыз. Менің де айтарым – сол. Өзім дүние жиғаннан гөрі, «кітаптан үй тұрғызардай» ұстанымда болғаным өкінбеймін.


2. Заманына қарай адамы. Екеуінің де қолданысқа енгенін құптаймын. Америка бұл үрдіске біз тәуелсіздікке енді қол жеткізіп отырған тұста-ақ көшкен. Кітаптың рөлі бірен-саран оқырман (әсіресе, руханият, мәдениет саласының өкілдері) үшін арта берер. Дегенмен, қарапайым көпшіліктің уақытты тиімді өткеруіне жақсы шығарманы көбінесе көлік ішінде аудио таспадан тыңдаған тиімдірек. Одан адам санасында жалпы шығармашылыққа деген немқұрайдылық сияқты кері әсер қалыптасады деп ойламаймын.

3. Мен кітапты өз шығармашылығымның шындалуы үшін оқимын. Жеке кітапханам – көп кездеспейтін қор десем, асылық айтқандық емес. Орта буын әдебиетшілер мен жас толқынның проза, поэзия, сатира жанрлары бойынша қалам тартқан туындыларын салыстырмалы түрде парақтаймын. Меніңше, әзір төл әдебиетімізге жаңалық әкелгендері сирек. Дегенмен, әріптестерімде ізденіс бар. Бірін-бірі қайталамауға тырысатындығына сүйсінемін. Әркімнің дара соқпағы болғанға не жетсін?!




Еркеғали БЕЙСЕНОВ,
«Астана ақшамы»
газетінің тілшісі






- Е-көшірмелерді қарау



- ҚРҰАК электронды каталогынан іздестіру нәтижесі: оқу залына кітапқа тапсырыс беру немесе қашықтан қатысу арқылы кітап үзіндісінің көшірмесін алу



- Сіздің тапсырысыңыз қабылданды!



Үміт ЗҰЛХАРОВА,
«Ара kz» журналы
бас редакторының
орынбасары

1. Әріп танытын жасқа жеткеннен қолымызға кітап ұстап, достарымызға кітап сыйлап, ата-анамыз бір дорба кітап сатып әкелсе, төбеміз көкке жеткендей қуанып, бағалап өскендіктен болар, кітапты қатты жақсы көреміз. Кітап – тәрбие, білім. Ол – адамның таным-деңгейін, сөйлеу мәнерін, өзіндік ой-пікірін қалыптастыратын керемет дүние. Көп оқыған адам мен қолына кітап ұстап көрмеген адамның айырмашылығы – жер мен көктей. Адамның рухани кемелденуін кітапсыз көз алдыма елестете алмаймын. Сондықтан кітап – бәрінен де бағалы!

2. Технология өз үстемдігін жүргізген қазіргі ХХІ ғасырда кітаптың рөлі бұрынғыға қарағанда бәсеңдегені рас. Бұрын баланы кітап тәрбиелесе, қазір оның орнын компьютер басты. Сананы «кітаптың қажеті шамалы» деген түсінік жайлады. Осы түсінік бізді рухани құлдырауға алып бара жатыр. Өйткені адам табиғи тазалықтан, шынайы сезімнен алыстап барады. Бұл тәрбиеге тікелей қатысты десек, ХХІ ғасыр өз дегеніне жететін сияқты. Яғни, кітаптың рөлі әрі қарай да күннен күнге бәсеңдей береді. Техника күн санап, сағат санап дамып, адамның



Электронды каталогтардың ақпараттық ресурстары «Кітаптардың е-көшірмелері» каталогы кітап көшірмелерінің төмендегідей тақырыптық каталогтарынан тұрады:

- «Қазахстаника» - 1940 жылдан бастап қазіргі кезеңге дейінгі Алматыдағы ҚР Ұлттық кітапханасы мен Астанадағы Президенттік Мәдениет орталығы кітапханасының қорындағы кітаптар, жоғары оқу орындары кітапханаларындағы ғалымдардың ғылыми еңбектері, облыстық кітапханалар қорындағы өлкетану қорларының кітаптары.
- «Сирек кітаптар» - ХІХ ғасырдан бастап 1940 жылдарға дейінгі Л.
- Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетіне қарасты «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының, облыстық кітапханалардың қорындағы кітаптар.
- «Мәдени мұра» - Мемлекеттік бағдарлама аясында жарық көрген кітаптар баспалар тарапынан ұсынылады.
- «Қазақстан халқы Ассамблеясы» - Қазақстан халқы Ассамблеясы Депозитарлық кітапханасының кітаптары.
- «Қазақстанның ауылшаруашылық әдебиеттері» - Республикалық а/ш кітапханасы қорынан ауыл шаруашылығы саласындағы қазақстандық ғалымдардың ғылыми еңбектері.
- «Шетелдік сирек кітаптар».

ҚРҰАК каталогтары келесі тақырыптық каталогтарға еруге мүмкіндік береді:

- «Кітаптар» - ҚРҰАК негізгі қоры.
- «Медиатека» - мультимедиалық басылымдар қоры.
- «Мұнай және Газ» - «Мұнай және Газ» саласына арналған Электронды оқу залының қоры.
- «Шет тіліндегі әдебиеттер» - әлем әдебиеттері бөлімінің қоры.
- «Авторефераттар, диссертациялар» - ҚРҰАК локальді желісінде ғана қолжеткізілетін толық мәтінге библиографиялық бейнелеу.



Жоба жұмыстары жалғастырылуда!

Барлық ұсыныстар мен түсініктемелер мына мекен-жай бойынша қабылданады:
kitapkhana@nabr.kz

Байланысу:

010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 11, ҚРҰАК ғимараты, 305 кеңсе
Телефон: +7 (7172) 24-20-85 ; e-mail: kitapkhana@nabr.kz



санасын билейтін болды. Мұның арты неге әкеп соғатынын ойлаудың өзі қорқынышты.

Ал бір жағынан техниканың тиімді жақтары да аз емес. Бұрын былай еді, қазіргісі дұрыс емес деп, ескіні аңсап, бір орнында жылжымай отыра беруге тағы болмайды. Сондықтан, электронды кітап, аудио кітаптардың шыққаны өте тиімді болды деп ойлаймын. Мәселен, мен бұрын кітапханадан қалмайтынмын. Керек кітабымды мұрағаттан әрең тауып, күні бойы сарылып кітапханада отырған кездерім көп. Ал қазір жағдай біршама жеңілдеді. Электронды, аудио кітаптарды интернеттен немесе танысыңнан көшіріп алып, жұмыста да, үйде де, қысқасы, өзіңе ұнаған жерде оқи аласың, тыңдай аласың. Табу да оңай, уақытыңды да үнемдейсің. Осы тиімділікке үйреніп алғандыкі болар, осы күні кітапханаға сирек бас сұғатын болдым. Электронды, аудио кітаптарды көп пайдаланамын. Үйде интернеттен тауып, принтер арқылы шығарып алған, А-4 форматтағы «том-том» кітаптарым жетерлік. Бұл ретте қазіргі технологияға алғысым шексіз.

3. Адам қашанда бір нәрсені қаламайды. Оның қалауы да, қажеттілігі де күн санап өзгеріп отырады. Бала кезде балалар жазушыларының кітаптарын, одан кейін махаббат туралы кітаптарды түнімен кірпік қақпай оқыдық қой. Ал кейін келе басқа тақырыптарға ауыса бастадық. Шытырман оқиғалы кітаптарды сүйіп оқыған кезім болды. Өзіміздің және шетел классикасын да қуалап жүріп оқыдық. Ал қазір психологиялық кітаптарды, рухани кемелдену, өзіңді тануға көмектесетін кітаптарды көп оқып жүрмін. Интернеттен де аламын.



«Павлодарское Прииртышье»: БУДУЩЕЕ ЗА ИННОВАЦИЯМИ



Галина ИВАНОВА,
заведующая отделом автоматизации
областной универсальной
научной библиотеки
им. С. Торайгырова
г. Павлодар



Шагая в ногу со временем, диктующим новые условия работы и предлагающим новаторские подходы и решения, наша библиотека использует в своей деятельности современные технологии и последние достижения науки. Одним из весомых результатов длительной и кропотливой работы является электронная библиотека «Павлодарское Прииртышье» - общедоступный информационный ресурс хранения документов, в том числе и краеведческих, в цифровом формате, активно формируемая областной библиотекой совместно с ЦБС области.

Проект является естественным продолжением областной программы «Ауыл кітапханасы 2004-2006гг.» и новым шагом по модернизации библиотек Павлодарской области. Он призван обеспечить свободный доступ всех жителей нашего региона к мировым информационным ресурсам, возможность получить информацию обо всех документальных печатных и электронных ресурсах, имеющихся в фондах библиотек, электронных документов или электронных копий печатных материалов.

онлайн – конференция онлайн – конференция онлайн – конференция онлайн – конференция

онлайн – конференция



Салтан СӘКЕН,
«Айқын» газетінің тілшісі

1. Кітап жайында сұрай қалсаң, бәрі бір ауыздан «кітап – адамның рухани азығы» деп жауап береді. Бұл жерде кез келген кітап жайында айтылмағаны түсінікті. Яғни, рухани азық беретін кітап жайында ғана айтылған. Ендеше кітап расымен де рухани азық, өмірлік қазық бола алатын қалам мен қағаздың көмегімен жазылатын дүние. Мұндай дүниелер өмірлік нұсқа бола алады. Қазір кітап шығару миссиясы шамалы өзгерген. «Атың шықпаса, жер өрте» деуші еді ежелгілеріміз, мен айтар едім, «атың шықпаса, кітап шығар» деп. Әрине, ондай кітаптың өрісі қысқа болады. «Кітап» ұғымының өзі қасиетке ие. Сондықтан да Алланың Кәләмі болған Құран Кәрім кітап боп жинақталды.

2. XXI ғасырда кітаптың рөлі баяғыдай болады. Кітаптан ешкім қашып құтыла алмайды. Кітаптың оқырманы қашанда табылады. Ал электронды кітапты, аудио кітапты «кітап» дей алмаймын. Менің ұғымдағы кітап – кез келгенге қолжетімді болу әрі қолыңа алып оқу, ұстау, сезіну. Кітаптан оқыған дүниеңнен әсер алсаң, сол кітапты құшағыңа алып, кеудеңе басу, бәрі-бәрі адамға ерекше сезім береді. Кітап оқып отырғандай сезім береді. Компьютерге телміргеннен шынайы кітап оқығандай әсер ала алмайсың.

3. Рухани кітап оқимын. Дүкеннен жаныма азық болсын деп сатып аламын.



Структура электронной библиотеки включает такие информационно-ресурсные составляющие, как электронный каталог, состоящий из сводного краеведческого каталога, формируемого ОУНБ совместно с ЦБС области, фонд электронных документов, полнотекстовые копии документов историко-краеведческой тематики, веб-сайты Павлодарской ОУНБ и ЦБС области.

Начало реализации проекта, рассчитанного на вовлечение в информационный оборот электронных ресурсов, создаваемых районными и модельными сельскими библиотеками, было положено в 2006 году. Библиотеки, участвующие в создании регионального краеведческого каталога, имеют одинаковое программное обеспечение – программу «РАБИС» и единые подходы к созданию баз данных. Здесь нужно отметить, что все 13 ЦБС Павлодарской области, имеющие «РАБИС», активно создают собственные электронные базы данных, формируют электронные полнотекстовые краеведческие коллекции. Областная библиотека начала создавать ЭК в программе «РАБИС» с 1993г., и поэтому мы пришли к единодушному решению, что ОУНБ и все ЦБС должны иметь одинаковое программное обеспечение.

Электронные БД Павлодарской области развиваются по своей идеологии, основными моментами которой являются единое программное обеспечение РАБИС, пополнение и дальнейшее развитие качественного уровня электронных каталогов. Также большое внимание уделяется созданию различных тематических баз данных, полнотекстовых баз данных, сводного ЭК публичных библиотек Павлодарской области, приобретению правовых и других БД и проведению систематического обучения специалистов библиотек по качественному созданию электронных библиографических записей на различные виды изданий.

Важнейшим принципом формирования сводного краеведческого каталога является корпоративность и распределенность создаваемого ресурса. Особо следует подчеркнуть, что с самого начала все работы по созданию ЭК в публичных библиотеках области ведутся совместно, на корпоративных началах. Между ОУНБ и центральными районными/городскими библиотеками распределены обязанности по отбору аналитических данных по краеведению, заключен договор о корпоративной росписи периодических изданий. Идет активный процесс обмена базами данных.



Проанализировав состав электронных баз данных публичных библиотек Павлодарской области, можно увидеть, что на сегодня по области имеется 68 БД, из них 16 – в ОУНБ, 52 – в ЦБС области.

На сегодня в нашей библиотеке имеется 51 БД по области, которые мы сами создаем и ведем. Это БД «Книги», «Статьи», полнотекстовая БД по краеведению и другие. ОУНБ создает следующие электронные БД – «Книги», «Авторефераты», «Электронные ресурсы», «Статьи», «Детская книга», «Статьи для детей», «Периодические издания», полнотекстовая БД «Павлодарское Прииртышье», «Редкие книги», «Решения местных органов власти», «Сценарии», «Грампластинки», «Библиотечное дело».

Также имеется 18 приобретенных электронных БД по области. В областной библиотеке можно поработать с 4 правовыми базами данных - справочно-поисковой системой «Параграф»,

«Защита – Закон», «Цифровая библиотека по правам человека», «Законодательство России». Все 13 ЦБС области имеют одну правовую БД



– офф-лайновую версию «Цифровой библиотеки по правам человека», а ЦБС г. Павлодара – еще и справочно-поисковую систему «Юрист».

Краеведческую полнотекстовую БД имеют все ЦБС, которые в основном оцифровывают статьи из периодических изданий, посвященные истории, экономике, экологии своих территорий. Большого успеха в этом деле достигла ЦБС г. Экибастуза, оцифровав 983 документа. На втором месте Щербактинская ЦБС – 329, на третьем – ЦБС г. Аксу – 292 документа и далее Качирская ЦБС – 259, Успенская ЦБС – 158, Иртышская ЦБС – 154 документа.

Имеется 37 электронных библиографических БД по области. ЦБС в основном ведут 2 библиографические электронные БД – «Книги» и «Статьи». ОУНБ – 11. Это «Книги», «Авторефераты», «Электронные ресурсы», «Статьи», «Детская книга», «Статьи для детей», «Редкие книги», «Решения местных органов власти», «Сценарии», «Грампластинки», «Библиотечное дело».

На сегодня общий объем собственных электронных ресурсов библиотек области составляет 449 005 записей, в том числе ЭК ОУНБ – 197 575, ЦБС – 251 430. /Данные на 1.10.09г./ В декабре 2009г. мы выставляем на сайте наш электронный каталог. А на сегодня для восполнения этого информационного пробела, на сайте нашей библиотеки есть раздел «Новые поступления», где посетители могут



ознакомиться с новой литературой, поступившей в наш фонд. В разделе «Виртуальная выставка» представлены наиболее интересные издания из фонда библиотеки. Также был создан новый раздел «Библиотечная тусовка. Страница для продвинутого читателя» с программой летних чтений. Здесь размещена информация о Всемирном дне книги, организованном областной библиотекой, о праздниках и памятных датах, связанных с книгой, книгах-юбилеях 2009 года, об акции «Одна страна – одна книга». Интересна рубрика «Читатели отвечают...», где читатели делятся своими мнениями о литературе, любимых книгах и т.д. Появилась новая сетевая услуга – on-line-продление книг на сайте ОУНБ. Также к концу 2009 года появятся версии сайта на государственном и английском языках.

Для дальнейшей эффективной работы мы определили пути формирования фонда электронных документов. Это создание электронных версий печатных изданий библиотеки, получение электронных версий документов от авторов, оцифровка фондов печатных документов и получение свободно доступных электронных документов из Internet. Мы активно пополняем ЭБ доступными интернет-ресурсами. Среди них Конституция РК, программа «Казахстан-2030», ежегодные Послания Президента РК народу, «Библиотека энергетика», «Архитектура компьютера», «Библиотека социального работника», «Библиотека нефти и газа», «Материалы «Сталь», «Материалы по электроустановке» и др. Общий их вес составляет 200 мб.

Одним из перспективных инновационных направлений деятельности нашей библиотеки стало формирование электронной краеведческой книжной коллекции из фонда ОУНБ. В целях сохранности электронные версии хранятся в архивной папке в локальной сети отдела автоматиза-

ции. Оцифрованные издания записываются на компакт-диски. В скором времени мы получим 100 единиц электронных копий книг из редкого фонда, переданные для оцифровки в КазНЭБ. Новое поступление существенно пополнит нашу электронную книжную коллекцию.

Краеведческие полнотекстовые документы представлены на сайте областной библиотеки в разделе «Электронная библиотека «Павлодарское Прииртышье». Это уникальные материалы о Павлодарском крае, полнотекстовые документы по истории нашего региона, экологии, о современном социально-экономическом положении, произведения местных авторов. Всего на сайте ОУНБ представлено 75 полнотекстовых документов, в том числе 15 оцифрованных книг.

Еще мне бы хотелось обратить внимание на следующей момент. Библиотеки, выступая в качестве субъекта краеведческой деятельности и проводя собственные исследования, посвященные истории библиотечного дела и библиотечного обслуживания в своем регионе, производят собственные краеведческие знания. При этом появляются уникальные материалы аналитического и справочного характера. С развитием новых технологий эти материалы стали доступными, и вправе рассматриваться как часть информационных краеведческих ресурсов. Например, на сайте областной библиотеки в разделе «Проекты» представлена областная программа «Ауыл кітапханасы 2004-2006гг.» и итоги ее реализации. И это тоже часть истории библиотечного дела Павлодарской области, информационного краеведческого ресурса. А на сайтах публичных библиотек области размещена очень содержательная информация об истории библиотек, о первых библиотекарях.

И, конечно же, все эти задачи невозможно решить без высококвали-

фицированных и профессиональных библиотечных специалистов. Активное внедрение новых информационных технологий в практику работы публичных библиотек области говорит о том, что библиотечно-информационная среда быстро меняется и требует постоянного обучения библиотекарей. Областные семинары, разрабатываемые ОУНБ, как правило, поднимают проблемы освоения современных технологий и отражают самые актуальные темы. Среди них «Библиотечный сайт в информационном пространстве Павлодарского региона», «Базы данных библиотек области как фактор эффективной реализации информационных технологий на современном этапе», «Электронные ресурсы модельных сельских библиотек» и другие.

Безусловно, создание электронной библиотеки «Павлодарское Прииртышье» требует немалых усилий. Качественная оцифровка документов, их перевод в электронный формат, приобретение оборудования, программного обеспечения, создание специализированных отделов/секторов невозможны без финансовых вливаний. ЭБ «Павлодарское Прииртышье», разрабатываемая и создаваемая областной библиотекой совместно с ЦБС, является конкурентоспособным электронным продуктом, имеет уникальный документальный материал, большой хронологический охват.

Наши библиотеки находятся в постоянном творческом поиске. Мы делаем все возможное, чтобы быть лидерами в этом новом и перспективном направлении работы с информационными и краеведческими ресурсами.

И в завершение, перефразируя слова академика Российской инженерной академии, директора Института развития информационного общества Хохлова Юрия Евгеньевича, скажу следующее: «Будут сильные электронные регионы – будет сильный электронный Казахстан!».



БАБАЛАР СӨЗІ – ТАРИХТЫҢ КӨЗІ

Қазақ халқының бай ауыз әдебиеті өзінің құнары мен көлемі жағынан әлемдік фольклорлық мұралардың алдыңғы қатарында тұр. Осынау мол рухани құндылықтарымыздың тарихи-мәдени мәні мен көркемдік деңгейі туралы осыдан екі ғасырдай бұрын бірқатар жат жұрттың озық ойлы ғалымдары таңдайы тамсана пікір айтса, кейін орыс оқымыстылары мен қазақ зерттеушілерінің еңбектерінде де жан-жақты ой-тұжырымдар жасалып, жоғарыдағы көзқарас ғылыми тұрғыда дәлелденді.




Қазақ фольклоры ғасырлар бойы ауыздан-ауызға тарап, халық жадында сақтала келе XIX ғасырдың 30 жылдарынан ғана қағазға түсіріліп, ғылыми қауымның назарына іліне бастады.

XIX ғасырдың II жартысындағы фольклорымыздың сан алуан жанрды

қазақ фольклоры жанрлық жағынан сараланып, олардың озық үлгілері түрлі хрестоматиялық оқулықтар мен жинақтарға, сондай-ақ халық ауыз әдебиетінің алғашқы сериялық басылымдарына еніп, қалың оқырманға жол тартты.

Бұлардың қатарында діни дастандар, мифтік аңыздар, магиялық жанрдың көптеген үлгілері, тарихи жырлар және басқа да фольклорлық мәтіндер бар.

Екіншіден, фольклорлық туындылардың табиғаты ескерілмей, оларға жазба әдебиет шығармаларына қол-



қамтитын таңдаулы нұсқалары, сондай-ақ шығыстық сюжеттер желісімен (назира үлгісі) жырланған көптеген дастандар жеке-жеке кітап болып басылып, мыңдаған данамен таратылды.

Дегенмен, фольклорлық туындыларымыздың көбірек жарияланып, жүйелі зерттеле бастаған кезеңі – кеңестік дәуір екенін баса айтуымыз керек. Сол кезеңдерде (1920-1991)

Бірақ бүгінгі күнге дейін жарияланған фольклорлық жинақтар халқымыздың көнеден келе жатқан асыл мұраларын түгелдей қамтыды деп ешкім де айта алмаса керек. Әрине, мұның түрлі себептері болды.

Біріншіден, қоғамдық-идеологиялық мүдделерге сай келмегендіктен, бірқатар фольклорлық шығармалар жарық көрмек түгілі зерттелген де жоқ.

данылатын талаптар қойылып, сол өлшеммен баға берілді. Осының салдарынан бірқатар фольклорлық шығармалардың эстетикалық құндылығы, көркемдігі төмен деген қорытынды жасалып, ғылыми айналымнан мүлде шығарылып тасталды.

Үшіншіден, жарияланған мәтіндердің басым бөлігі саяси-идеологиялық әрі қатаң цензуралық қадағалаудың құры-

ғына түсіп, редакциялық қасақана қысқарту мен түзетуге ұшырады. Бірсыпыра фольклорлық шығармалардың мәтіндері ішінара бұрмаланса, кейбіреулерінің сөздері, тіпті, тұтас сөйлемдері мен шумақтары ауыстырылып, өрескел өзгертулермен түзетілген күйінде жарыққа шықты. Баспа редакторлары, әдетте, мәтіндерге көркем өңдеулер де жасап отырған. Ал кезінде қысқарып, кесіліп, пышаққа түсіп, туралып, жарияланбай қалған діни дастандар атауының өзі құбыжықтай көрінді. Күн көсем Лениннің «Дін – апиын» деген сөзі осыған тікелей себеп болды.

Міне, осы олқылықтардың орнын толтыру үшін М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасымен әзірленіп, жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында «Бабалар сөзі» ғылыми басылымы жарық көре бастады.

Аталған басылымның мақсаты – халықтың рухани мұрасын сол күйінде өзіне қайтару, яғни қолда бар фольклорлық материалдарды түгел жарыққа шығару.

Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін:

1) Қолжазба қорларында сақталған барлық фольклорлық мәтіндерді жариялау. Оның құрамында:

а) Қазан төңкерісіне дейін кітап болып басылған шығармалар;

ә) қолжазба күйінде жеткен материалдар;

б) Кеңес дәуірінде саяси-идеологиялық бақылауға алынып, төбесінен құс ұшырмайтын «цензура сүзгісімен» жарияланған мәтіндер;

в) түрлі желеумен жариялануға тыйым салынып, осы күнге дейін ғылыми айналымға түспеген шығармалар бар;

2) фольклорлық шығармалардың мәтіні бүгінге қандай күйде жетсе, оларды сол қалпында жариялау. Демек, ешқандай редакторлық өңдеуге жол берілмейді.

«Бабалар сөзі» сериясы – ғылыми басылым. Оның негізгі принципі – шығарманың табылған нұсқаларын жүйелеп, өзара салыстыра зерттеп, фольклорлық шығарманың сюжеті мен жанрлық белгілері туралы толық көрініс беретін мәтінді таңдап, оқырманға

ұсыну. Керек болған жағдайда бірнеше нұсқалары жарияланады. Ол нұсқалар бір томда жинақталмаса, ғылыми жұмыстардың барысына қарай кейінгі томдарда басылады.

Аталмыш серияның томдары жанр бойынша топтастырылады. Белгілі бір жанрға жататын шығармалар бір томнан асып жатқан жағдайда олар бірінбірі жалғастырып отыратын бірнеше томға жинақталады. Бірнеше том құрайтын тізбектің алғашқы томы жарияланып отырған шығармалардың жанрлық ерекшеліктерін сипаттайтын кіріспе мақаламен, ал әрбір том ғылыми қосымшалармен толығып отырады. Ғылыми қосымшалар томға енген мәтіндерге жазылған түсініктемелерді және олардың табылған нұсқалары жөнінде мәліметтерді қамтиды. Сонымен қатар бұған сөздік, жер-су атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен діни есімдерге арналған түсініктер, дастанның жинаушылары мен оның жырлаушылары туралы деректер, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, орыс және ағылшын тілдерінде жазылған түйін кіреді.

«Бабалар сөзі» көптомдық сериясы халқымыздың аса бай әрі көп жанрлы рухани мұрасының барлық үлгілерін түгелдей қамтиды. Әрқайсысының көлемі 25 баспа табақтан тұратын осыншама мол материал 100 томға енеді.

Аталған басылымның жарық көруі – қазақ халқының өткен өмірі мен рухани мәдениетінің тарихын әділетті әрі жан-жақты бағалауға мол мүмкіндік туғызады.

Халық шығармашылығының барлық жанрларын қамтитын тұтас серия ешбір халықтың мәдени тарихында болған емес. Бірқатар елдердің ауыз әдебиетіндегі сериялар жеке жанрларға тиесілі шығармаларды жариялаумен шектеледі. Бірақ бұл ертегілер не эпикалық шығармалардан аса алмай отыр. Сондықтан «Бабалар сөзі» сериясы әлемдік фольклор тарихындағы осы мақсатқа арналған алғашқы талпыныстың бірі деп сеніммен айта аламыз.

Өлгенімізді тірілтіп, өшкенімізді қайта жаңғыртумен қатар, бұл серия төлтума мәдениетіміздің әлемдік рухани-интеллектуальдық, ғылыми үрдіспен байланысын дамытуға көмектеспек.

Қазіргі таңда осы сериямен 55 том жарық көрді. Бұл – қазақ руханиятына, қала берді жалпақ әлемнің мәдени тарихына зор құбылыс әкелген іргелі

еңбектің жартысын еңсеріп, ел назарына ұсындық деген сөз.

Ықылым заманнан бері кітап – ақпараттың басты көзі және осылай болып қала бермек. Өзге де ақпарат көздерінің көптігі оның маңызын жоймайды. Осы заманғы мәдениет пен білім жүйесінің өркендеуі, халықтың, әсіресе өскелең ұрпақтың рухани дамуы ұлттық ділімізді қайта жандандырып, дамытып, әдебиет пен өнер сияқты рухани құндылықтарға баулымай қалуы мүмкін емес. Ал руханият дегеннің өзі ілім, мінез, арнамыс деген сипаттардан тұратын сауыт сияқты. Олай болса, хакім Абайдың: «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық», – деп айтатыны тегін болмаса керек.

Заңғар КӘРІМХАН

Мақалада мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көрген ауыз әдебиетінің үздік үлгілерін, кешегі ғұлама бабаларымыздың ешбір баспа бетін көрмеген, ешбір жерде жарияланбаған даналық дастандарын, сарқылмайтын сөз бұлағы – асыл ойларын, өнегелі өсиеттерін ұрпаққа жеткізу жайы баяндалады.



«АСТАНА – МЫҢЖЫЛДЫҚ ТАРИХЫ БАР ҚАЛА»



Қазақ халқының тамыры қалай тереңде жатса, елордасы Астананың да тарихы соншалықты тереңнен бастау алып жатыр. Зерттеуші-ғалым – Марат Абсеметовтің «Астана – мыңжылдық тарихы бар қала» атты танымдық кітабы негізінен аңыздарға сүйеніп жазылған. Қобыланды батыр, Баян сұлу, әз-Тәуке, Абылай хан, Кенесары, Қажымұқан сынды тарихи тұлғалардың тағдыры Ақмола жерімен байланысты екенін дәлелдейтін ғылыми деректер де келтірілген. Сондай-ақ кітапқа қасиетті Ақ мазардың, Омбы қаласы мен Ақмола облысының

салыну тарихы, Құлагердің алтын тағасы туралы баян, патшаның алтын қазынасы туралы құпиялар енгізілген. Сол сияқты Колчактың соңғы махаббат машақатына, тың өлкесінің астанасы деп дәріптелген «Хрущевоградқа» қатысты тың деректер бар.

Кітап-альбом негізгі бес ірі тақырыптан құралған. Әр бөлім өзіне тән тарихи зерттеулермен, деректі фотосуреттермен қамтылған. «Астананың аңыздары мен хикаялары», «Қазақтың жері және шекарасы Ресей империясының карто-

графиясында» бөлімдері заманауи технологиямен түрлі түсті дизайнмен безендірілген. Ал «Заманның тарихи бейнелері» атты бөлімі түгелдей дерлік белгілі тұлғалардың суреттеріне толы. Көк түріктің киелі тауы – Ұлытау да бұл бөлімде өз бейнесімен жарқырап тұрғаны ғажап. Автордың айтуы бойынша, Ұлытау – кең Сарыарқаның жүрегі болса, кіндігі – Ақмола екені рас. Аталмыш тарауда әйгілі хандардың, елімізге еңбегі сіңген ұлы жандардың ұрпақтары, мұрағатта сақталған хаттары, жарлықтары берілген. Сондай-ақ қазіргі жас әрі әсем, жаңадан қалыптасып келе жатқан қаламыздың көркі «Алты Алаштың алтын ордасы – Астана», «Астана» деген тақырыппен берілген. Бұл бөлімдер Астананың тарихы, мәдени орындары мен әсем көріністері үндестік тапқан таңғаларлық фотоларымен безендірілген. Сонымен қатар әр аңыз суретпен бейнеленген. Басылымда бұрынғы Ақмола қазіргі Астана қаласында XIX ғасырда тұрғызылған көне ғимараттардың тарихы жазылған. Ғалымның жиырма жыл бойы тірнектеп жинаған дерекнамалары мен құнды фотосуреттері талғамға сай шебер безендірілген. Танымдық альбом-кітап 10 мың дана таралыммен шығып отыр.

Баспасөз қызметі



ВСТУП

Вступ до музею, який є важливою частиною культурної спадщини. Музейні експозиції надають цінні знання та враження, що формують наше розуміння минулого та сучасності.

Музейні експозиції надають цінні знання та враження, що формують наше розуміння минулого та сучасності. Вони є важливою частиною культурної спадщини, яку ми повинні зберегти та передати наступним поколінням.

Музейні експозиції надають цінні знання та враження, що формують наше розуміння минулого та сучасності. Вони є важливою частиною культурної спадщини, яку ми повинні зберегти та передати наступним поколінням.



Музейні експозиції надають цінні знання та враження, що формують наше розуміння минулого та сучасності. Вони є важливою частиною культурної спадщини, яку ми повинні зберегти та передати наступним поколінням.

Музейні експозиції надають цінні знання та враження, що формують наше розуміння минулого та сучасності. Вони є важливою частиною культурної спадщини, яку ми повинні зберегти та передати наступним поколінням.

Музейні експозиції надають цінні знання та враження, що формують наше розуміння минулого та сучасності. Вони є важливою частиною культурної спадщини, яку ми повинні зберегти та передати наступним поколінням.



Өтеген ОРАЛБАЙҰЛЫ,
Ақын, ҚР Мемлекеттік
хатшысының кеңесшісі,
Қазақстан Жазушылар
Одағының мүшесі



Қымбатты оқырман!

Құрметті «Кітап патшалығы» журналының ұжымы!

Әлемдік өркениеттің ұзын-сонар көшіне ой көзін салсаң, талай патшалықтың дүркіреп, күркіреп, ең соңында үзіліп тынғанын тасқа түскен тарихтан білеміз. Бірақ солардың бәрінен де аз-кем болса да ауыз тұшырлық сөз, шемен мен шерге толы шежіре қалған. Талай патшалық құрдымға кеткен. Бірақ солардан желкем-желкем болып, ғасырлар желі мүжіген сирек те құнды кітаптар қалған.

Әр дәуірде әр түрлі аттармен, атаулармен үстемдік құрған патшалықтардың бәрінен де жанға жақын, жүрекке жылы бір патшалық болса, тегінде ол «Кітап патшалығы» болар. Өйткені, бұл патшалық игілік пен ізгілікке, сұлулық пен салтанатқа негізделген. Білім мен білікке негізделген. Ғылым мен ғибратқа негізделген. Қысқасы, тек қана жақсылыққа негізделген. Демек, бұл – парасат патшалығы.

Осы өмірлік негіздерге арқа сүйеп, алғашқы беттерін айқара ашқалы тұрған жаңа басылым – «Кітап патшалығы» кісілік пен кішілікке жол бастайтын, адамды білуге деген құштарлық пен құмарлыққа шақыра алатын, жоқ іздеген жан жоғын тауып қуанатын, жоғын таба алмағандар жолын тауып жұбанатын журнал болсын деп тілек қосамын.

Айдай ажарлы, жәрмеңкедей базарлы болғай!

ДОСПАМБЕТ ЖЫРАУ

(XVI ғасыр)

Доспамбет жырау XV ғасырдың 90-жылдарының орта шенінде Азау қаласында туады. Сол Донның төменгі ағысын, Азау маңын мекендеген Кіші Орданы билеуші әскери шон-жарлар тұқымынан шыққан болашақ жырау заманы мен ортасының талабына сай тамаша тәрбие алып өскен сияқты. Доспамбеттің бүкіл Дешті-Қыпшақты жақсы білгені, Стамбұл мен Бақшасарайында да болғаны, сахара тұрмысымен қатар мұсылман кенттердің жайы-на да қаныққаны аңғарылады. Өз заманындағы талай әскери жорыққа қатысқан жауын-гер жырау туыстас түркі тайпаларының арасындағы көп қырқыстың бірінде, 1523 жылдың бас кезінде Астрахан түбінде қаза табады. Өмірімен қоштасқан сәтінде Доспамбеттің жасы әлі отызға да толмаған еді.



Айнала бұлақ басы тең,
Азаулының Стамбұлдан несі кем!
Азаулының Аймадет Ер Доспамбет ағаның
Хан ұлынан несі жоқ,
Би ұлынан несі кем!
Тәңірінің өзі берген күнінде
Хан ұлынан артық еді менің несібем!
Азаулыда аға болған ерлер көп еді,
Әйтсе де алмаға ат байлағаны жоқ еді!

Сере, сере, сере қар,
Асты кілең үсті мұз,
Күн-түн қатса жібімес,
Мен көлікке қосымды артқанмын,
Көмбідей ару жаларға
Күректтей мұзды тоңдырып,
Кірмембес ауыр қолға бас болып,
Күңіреніп күн түбіне жортқанмын!
Дүниенің басы сайран, түбі ойран,
Озар сойды бұ дүние
Азаулының Аймадет Ер Доспамбет ағадан.

Ағарып атқан таңдай деп,
Шолпанды шыққан күндей деп,

Май қаңбақта ағалардан аты жусап жатыр деп,
Ақ шаңдақты құрып қойған шатыр деп,
Жазда көп-ақ жортқан екенбіз
Арғымақтың талдай мойнын талдырып,
Үйде қалған арудың
Ал иіндігін аудырып.

Арғымаққа оқ тиді
Қыл майқанның түбінен,
Аймадетке оқ тиді
Отыз екі омыртқаның буынынан,
Зарлап аққан қара қан
Тыйылмайды жонның уақ тамырдан.
Сақ етер тиді саныма,
Сақсырым толды қаныма,
Жара бір қатты, жан тәтті,
Жара аузына қан қатты,
Жарықшылар жоқ па екен
Жарама білте саларға,
Жағдайсыз жаман қалып барамын
Жанымда бір туғанның жоғынан!

Қарағайлы көдік бойында
Қамшым қалды ойында:

Бүлдіргісі бұлан терісі,
Өрімі құнан білдің қайысы,
Шырмауығы алтын, сабы жез,
Бейазының бойында
Күзен, қарсақ жер ме екен!...

Алғаным Әли ағаның қызы еді,
Қас арудың өзі еді.
Маңдайы күнге тимеген,
Желге шашын үрмеген,
Серпіліп адам бетін көрмеген,
Қалай күні кешті екен!
Қосақай, Қосай, Ер Досайдың анасы
Хан қызындай сұлтанның
Айдындықтай ақ білегін жастанып,
Ерең үйін тіктіріп,
Омыраудағы он түймесін ағытып,
Кейінгі қалған көпекке
Қалай да белін шешті екен!...

Айналайын Ақ Жайық,
Ат салмай өтер күн қайда,
Еңсесі биік боз орда
Еңеке кірер күн қайда,
Қара бұлан терісін
Етік қылар күн қайда,
Күдеріден бау тағып,
Кіреуке киер күн қайда,
Күмбір, күмбір кісінетіп
Күреңді мінер күн қайда,
Толғамалы ақ балта,
Толғап ұстар күн қайда,
Алты құлаш ақ найза
Ұсынып шаншар күн қайда,
Садақ толған сайгез оқ
Масағынан өткеріп,
Басын қолға жеткеріп
Созып тартар күн қайда!
Кет-Бұғадай билерден
Кеңес сұрар күн қайда,
Еділдің бойын ел жайлап,

Шалғынына бие биз байлап,
Орындықтай қара сабадан
Бозбаламен күліп, ойнап,
Қымыз ішер күн қайда!

Тоғай, тоғай, тоғай су,
Тоғай қондым, өкінбен,
Толғамалы ала балта қолға алып,
Топ бастадым, өкінбен,
Тобыршығы биік жай салып
Дұспан аттым, өкінбен,
Тоғынды сарты нар жегіп
Көш түзедім, өкінбен,
Туған айдай нұрланып
Дулыға кидім, өкінбен,
Зерлі орындық үстінде,
Ал шымылдық ішінде
Тұлымшағын төгілтіп,
Ару сүйдім, өкінбен,
Бүгін, соңды өкінбен,
Өкінбестей болғанмын,
Ер Мамайдың алдында
Шаһид кештім, өкінбен!..



Гуль-Чара Сарыкулова, «Евгений Сидоркин»,
(Иллюстрация к «Казахскому эпосу». 1962.) - 41 бет



Омар ЖӘЛЕЛҰЛЫ,
Л. Н. Гумилев атындағы
ЕҰУ-нің оқытушысы

ДОСПАМБЕТ ЖЫРАУ ІЛІМІНДЕГІ ШАҢИДТІК ПӘЛСАПА

Жаратушы Иеміз бізге аз ба, көп пе ғұмыр сыйлайды. Адамның өмірге келуі қандай ақиқат болса, өмірден өтуі де сондай хақ. Осы аз ғана ғұмырды қалай өткіземіз?.. Міне, сұрақ! Сұрақ болғанда қандай? – Сұрақтардың көкесі! Осы сұраққа үздіксіз жауап іздеу және оны табу, тауып үлгеру – бабаларымыздың өмірлік мұраты мен ұстанымы болғаны еш дау тудырмайтын ақиқат. Өмір сүру және өкінбеу!

Бұл оңай шаруа болмаса керек. Әдетте адам баласы ғапылдықпен өмірін өткізіп алып, өкініп жатады. Данышпан, хакім Абайдың өзі: «Өкінішті көп өмір кеткен өтіп», – деп күңіренеді. Содан да болар, қазақтың біртуар хас қаламгері Асқар

Сүлейменов: «Өмір – өнер болғанда, өнер – өлшем. Өнер – өлшем болғанда, өлшем – үнем. Ал үнем – тірліктің күре тіні», – деп толғайды. Осыдан келіп өмір сүру жай ғана жан бағып, ас ішіп, аяқ босату емес, Өнер екені мәлім болады. Өмірін Өнер қылып

өткізген қайран бабалар-ай! Осы асқақ философияны жоғалтып алып, тұлыпқа мөңіреген сиырдай отырысымыз мынау енді... Ендігі кезекті қас қағымдық ғұмырын өкінбестей қылып өткізген, бізге өмір сүрудің эталонын ұсына білген, ұқтыра білген Доспам-

бетке берейік:

Қоғалы көлдер, қом сулар,
Қоныстар қонған өкінбес.
Арыстандай екі бұтын алшайтып,
Арғымақ мінген өкінбес.
Кілең бұздай кілшейтіп,
Көбелер киген өкінбес.
Жұпарын қардай боратып,
Арулар құшқан өкінбес.
Торы төбел ат мініп,
Той тойлаған өкінбес.
Құрама шапшақ көп қымыз,
Құйып ішкен өкінбес.
Екі арыстап жау шапса,
Оқ қылқандай шаншылса,
Қан жусандай егілсе,
Аққан судай төгілсе,
Бетегелі Сарыарқаның бойында
Соғысып өлген өкінбес!

Алла тағала қасиетті хадис шарифінде: «Мен бір жасырын қазына едім. Құдіретімді көрсеткім келді, мына әлемді жараттым», – дейді. Алла тағаланың мына жарық дүниені жаратудағы мақсаты – Өзінің құдіреті мен шеберлігін көрсету. Қазақ ғұламасы Мәшһүр Жүсіптің айтуынша, Жаратушының құдіреті адам арқылы көрінеді. Адам, адам – Жасаған иенің көзінің қарашығындай адам: құдіреті күшті Иеміз өзінің ең үздік туындысы адам арқылы мына әлемге қарайды. Адамның аз ғана ғұмырында өз болмысын мейлінше ашып үлгеруі, Жаратқан Раббымыздың теңдессіз шеберлігінің айқын дәлелі болмақ. Ал болмыс дегеніміз не?! Болмыс – ол бола білу өнері (Мартин Хайдеггер). «Боларыңда болып өт, //Боз жорғадай желіп өт!» – бұл бабалар ұстанымы.– Болмыс, бола білу өнері – ол тіршілік деп аталатын екі жоқтық арасында (Шәкәрім) адам мүмкіндігінің мейлінше, барынша ашылуы. Ол үшін тіршілік иесі адам мына жалған дүниеге алданбай өмір кешуі, алданбауы шарт. Жалған дүниеге алданбау үшін

де, күш-қайратыңды болымсыз емес, болымдыға, өнбейтінге емес, өнетінге жұмсау үшін де тіршіліктің мағынасын уыстан шығармау қажет. Үнемі көз алдыңда өмір мен өлімді, туу мен жоғалуды қатар ұстағанда ғана адам баласы ғұмырдың шын мағынасына жетуге мүмкіндік алары сөзсіз. Бұл туралы Шәкәрім атамыз:

Тумақ, өлмек – тағдырдың
шын қазасы,
Ортасы өмір, жоқтық қой екі басы.
Сағымдай екі жоқтық арасында,
Тіршілік деп аталар біраз жасы.

Жоқтық, барлық, жоғалмақ –
араласы,
Үш еріксіз болады мағынасы.
Найзағайдай жарқ етіп өшер болса,
Өмірдің он тиындық жоқ бағасы, –
деп тұжырады.

Адамның мүмкіндігінің, болмысының деп ұқсаңыз да болады, ашылуына кедергі келтіретін, үнемі оның қадамын тұсап, адымын аштырмайтын бір нәрсе бар. Ол нәрсенің аты – өлім, өлім қорқынышы. Кімде кім өз бойындағы осы өлім қорқынышын жеңе алса, ол тіршілікті өкінбейтіндей қылып сүруге мұрсат алады. Осыдан келіп бабаларымыздың дүниетанымындағы ең өзекті мәселе – шаһидтік философия жарыққа шығады. Үйде жылы пештің қасында емес, соғыста өлу, соғысып өлу – әрбір қазақтың асыл мұраты болды десек артық айтпаспыз. Қартайып, басынан бағы тайған Ақтанберді бабамыз өткен өмірін саралай келіп:

Тоқсанға жас келген соң,
Өлім жақын көрінді.
Бар арманым, айтайын,
Батырларша жорықта,
Өлмедім оқтан, қайтейін!.. – деп өкініш білдіреді.

Осы өлшеммен алғанда Доспамбет жырау өмірден армансыз өтті десе де болады. Ол өз сөзіне, өз

сертіне адал. Талай жаудың көзінің құртына айналған, күндіз есінен кетпейтін, түнде түсіне кіретін қасиетті бетегелі Сарыарқа үшін соғысып өлген адамның арманы жоқ дейді. Жыраудың айтқаны айнымай келді, Тәңірі тілегін қабыл алды. Отызға да толмаған, бірақ артына жүз жасаған данадай ерлік пен өнегеге толы жырлар қалдырып үлгерген жырау дүниеден қас батырларша озды:

Тоғай, тоғай, тоғай су,
Тоғай қондым өкінбен.
Толғамалы ала балта қолға алып,
Топ бастадым, өкінбен.
Тобыршығы биік жай салып,
Дұспан аттым, өкінбен.
Тоғынды сарты нар жегіп,
Көш түзедім, өкінбен.
Ту құйрығы бір тұтам,
Тұлпар міндім, өкінбен.
Туған айдай нұрланып,
Дулыға кидім, өкінбен.
Зерлі орындық үстінде,
Ал шымылдық ішінде,
Тұлымшағын төгілтіп,
Ару сүйдім, өкінбен.
Бүгін, сонды өкінбен,
Өкінбестей болғанмын.
Ер Мамайдың алдында
Шаһид кештім, өкінбен!..

Доспамбеттің біз келтіріп отырған екі толғауынан да бүгежектемей, именбей, иілмей, тасқын судай ағызып іркілмей кешілген өмір суретін көреміз. «Пах, шіркін!» – дейсің еріксіз; мұндай несібе әркімге бір бұйыра берсе пенде шіркіннің не арманы бар?.. Ендігі сұрақ: Доспамбет мұндай толыққанды өмірге қалай жетті? Шешуі қайда бұл сұрақтың? Сұрай отырып, жауапты ержүрек жыраудың өзінен ізделік:

Екі арыстап жау шапса,
Оқ қылқандай шаншылса,
Қан жусандай егілсе,
Аққан судай төгілсе,



Бетегелі Сарыарқаның бойында
Соғысып өлген өкінбес!

Соғысып өлу. Бағзыда өткен әрбір қазақ аламанының мақсаты – осы болған: соғысып өлу. Мақсат – жан сақтап қалу емес, батырларша, еркекше шаһид болу. Мұсылмандық түсінік-пайым бойынша шаһид жомарт пен ғалымның қатарында еш тергеусіз жұмаққа кіреді. Оны қойшы, жұмақты айтам, бабаларымыздың ойында жұмақ – тозақ ұғымынан гөрі «соғысып өлу» бірінші орында тұрғанына анық көзім жетеді. Шіркін, бабалар-ай! Қазір ғой, жапондардың өз қарнын қанжармен есіп-есіп жіберетін камикадзелеріне, қожайыны үшін опат болуды бақытқа санайтын самурайларына қызыға да тамсана қарайтынымыз. Аралда алмағайып күн кешкен жапон жұртының бәрі самурай, бәрі камикадзе болмағаны тағы да анық. Ал әрбір қазақ аламаны шаһидтік философиямен тәрбиеленген десек ақиқаттың ауылынан тым алыс та кете қоймаспыз.

Таяқтан тайсалмасаң,
Семсерден сескенбесең,



Гуль-Чара Сарықулова, «Евгений Сидоркин»,
(Иллюстрация к «Қазақскому эпосу». 1962.) 40 бет

Найзадан бұқпасаң –
Жеңдім дей бер.

Таяқтан тайсалсаң,
Семсерден сескенсең,
Найзадан бұқсаң –
Бұқсаң – сұқты,
Сескенсең – тықты
Өлдім дей бер.

Бұл – Баукең, Бауыржан Момышұлы. Қазақ шаһидтік философиясының XX ғасырда жүзеге асқан жарқын көрінісі. Сөйтсек, өлім, адам баласы сонша қорқатын өлім, өзіне қорықпай қарсы тұрғаннан тайсалып, кері шегінеді екен де, қорқып, бет бұрып қашқанның соңынан қуып жетіп түбіне жетпей тынбайды екен.

Адам баласындағы ең үлкен қорқыныш – өлім қорқынышы. Оны жеңген адам бәрін жеңеді, тіршіліктің барлық тарапында жеңіске жетеді. Доспамбет – соның айқын дәлелі. Бұл өлім қорқынышы проблемасының шешілуі бабалар дүниетанымының ерекшелігіне байланысты. Әдепкі адам үшін өлім мен өмір өзінің қолында тұрғандай көрінеді, ал бабаларымыз үшін өлім мен өмір – екеуі де Тәңірінің қолында; Адамның бұ шаруаға еш қатысы жоқ. Солай болғандықтан да оған бас қатырудың, ол туралы ойланудың өзі басы артық шаруа. Ал пенденің санасында «өлемін-ау» деген ой болмағандықтан да ол ештеңеден қорықпайды, өлімге қарсы тұрады. Барлық адами мүмкіндіктерін барынша ашып, жүзеге асырады, қимыл мен қозғалыстың, шапшаңдықтың шыңына жетеді. Бұл бабалар дүниетанымының асыл үлгісін Шалкиіз жыраудан табамыз:

Жапырағы жасыл жаутерек
Жайқалмағы желден-дүр,
Шалулығы белден-дүр,
Төренің кежігі елден-дүр,
Байлардың мақтанбағы
малдан-дүр,

Ақ киіктің шабар жері
майдан-дүр,
Кешу кешмек сайдан-дүр,
Батыр болмақ сойдан-дүр,
Жалаңаш барып жауға ти,
Тәңірі өзі біледі
Ажалымыз қайдан-дүр!

Тап солай, пенде білмейді, Тәңірі біледі, қашан ажал сәті жетіп өлім құшатынынды.

Қазақ елі Тәңірдің алқауымен, бабалар рухының қолдауымен қасиетті де киелі Тәуелсіздікке қол жеткізді. Бабалар қасық қанын аямаған бетегелі Сарыарқаның бойында қазақ жұртшылығының мерейі мен мақтанышы, айбары мен айдыны – Астана қаласы бой түзеп келе жатыр. Осы Астананы, жалпы Қазақ елін қорғап қалу үшін де, тәуелсіздікті баянды ету үшін де бізге Доспамбеттің шаһидтік философиясы ауадай қажет:

**Айнала бұлақ басы тең,
Азаулының Стамбұлдан несі кем, – деп, азуын Айға білеген Осман империясының астанасы Стамбұлмен бой таластыратын өр рухқа қазақ баласының ділгірлігі орасан. «Кемсің, кемсің!» деп басқа-көзге төпелеп бойымызға сіңірген отаршылдық кезеңіндегі кембағалдық, кіріптарлық сезімінен арылу үшін де қажет. Қазақ халқынан да Доспамбеттей ұл туып, «Астананың өзге жұрттан несі кем?!» дейтіндей күннің туары алыс емес екенін сеземіз.**

Материалда жыраулық поэзиядағы ислам дінінің көрінісі мен елі үшін шаһид кешкен бабаларымыздың өмір сүру қағидасы сипатталған.



Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ,
филология ғылымдарының
докторы, алаштанушы



АЛАШ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАСТАР ЖУРНАЛЫ

Алаш қозғалысы тұсындағы мерзімді басылымдардың ішінде ұлттың жас қайраты һәм жалынды жігері шығарған “Садақ” (1915-1918) және “Балапан” (1916-1918) қолжазба журналдарының да орны ерекше.

Жәдитшіл бағыт ұстаған “Медресе Ғалияның” (Уфа) қазақ шәкірттері шығарған “Садақ” қолжазба журналы жаңа серпінді руханият қалыптастыруға, бұрынғының тағылымды жағын меңгеруге күш-жігер жұмсады. Бұл басылымды алғаш қарастырған сындарлы баспасөз зерттеушісі Қайыржан Бекхожин: “Журналдың мақсаты – оқуға келген қазақ жастарына жол-жоба көрсетіп, қалам ұстауды, сөз жазуды үйрету, өткендегі өмірдің жақсылық жағын өнеге етіп, жаманшылығынан безді-

ру”, - деп жазған-ды. Ал осы журналды нақты зерттеп, кітап жазған көрнекті ғалым Тұрсынбек Кәкішев: “Садақты” түгелдей әдебиет журналы десе де болғандай”, - деп тұжырымдайды.

Әр басылымның бағыты оның басында тұрғандардың талғам-түсінігіне байланысты болып келеді. “Садақ” журналының ұйытқысы – Бейімбет Майлыұлы мен Жиенғали Тілепбергенұлы еді. Екеуі де қиялы ұшқыр, тілі кестелі, қазақ әдебиетін көтерсем деген жас талап жазушылар болатын.

Елді ағарту мәселесінде “Медресе Ғалия” шәкірттері “Қазақ” газеті бағытын ұстанды. Мұны осы газетте жарияланған шәкірттердің хаттары мен “Қазақтың” “Медресе Ғалия” туралы жазған материалдары толық растайды. Бұл “Айқап” бейтарап қалды деген сөз емес. Ол да жәдитшіл шәкірттердің табысына (мысалы, “Ғалия” шәкірттері жазған “Әліппе, яки төте оқуға”) қуанып отырды. “Қазақ” – “Айқаптың” бір жағынан тынысы, заман сұранымын дәйекті ескерген білімді жалғасы еді.

Шәкірттер “Садақ” шықпай тұрғанда, 1913 жылы “Қазаққа” жазған бір хатында: “Әдебиет – жан, матбұғат – соның тәні. Бір халықтың әдебиеті қандай мол, кең болса да ол жұрт мылқау жұрт болады (матбұғаты болмаса). Әдебиеті болмаған жұрт осы заманда бар жұрттай есептелінбейді”, – деп жазыпты. Бұл тұжырымнан қазақ жәдитшілдігінің өріс алып, Алаш қозғалысына ұласқан тұсында аға толқын сараптаған руханият туралы пайымдардың табиғи жаңғырығы естіледі. Әсер деп, түсіну деп осыны айтсақ керек.

Әлбетте, “Садақ” журналы Б. Майлыұлының “Шұғаның белгісі”, Ж. Тілепбергенұлының “Жазғы көш”, Қ. Басымұлының “Ырысты”, С. Сарталиевтің “Мақтым”, Ә. Мұстафиннің “Тұрғынбайдың оқуы”, т.б. прозалық шығармаларын, шәкірттердің ел, білім, мәдениет туралы балаң поэзиялық туындыларын жариялады. Мұны үлкен еңбекке балаймыз. Алайда оның бұдан да зор еңбегі болды. Ол жұмысы жаңа әдебиетті, жалпы ел өресіне қатысты жаңалықты дамытуға тікелей байланысты. “Садақтың” зор еңбегінің іргетасы 1911 жылы, яғни журнал әлі тұмаған шақта “Әліппе, яки төте оқу” кітабымен (оқулық) қаланды. Мұны И.Арабайұлы (Ишанғали кейін қырғыздың шоң зиялысы болып қалыптасты) мен Х. Сәрсекеұлы құрастырса да, аталған еңбек “Ғалияның” қазақ-қырғыз шәкірттеріне ортақ дей аламыз. “Әліппе, яки төте оқу” – тіл, әдебиет, тарих, этика, практикалық арифметика, шетел тілі (араб) мәселелерін арқау еткен қазақ-қырғыз тіліндегі алғашқы жәдит оқулығы еді. Осы оқулықтың мақсатын іске асыру барысында “Садақ” журналы дүниеге келді деп есептейміз. Қазақ жәдитшілдігінің Алаш қозғалысына

ұласуын тездеткен себеп – 1914 жылғы мұсылман съезіндегі түрік бірлігін дұрыс түсінбегендіктен туған қате шешімдер екені мәлім. Яғни, Әлихан жазуынша, шетқақпайланған мұсылман ұлттарын саяси күресте біріктіреміз деп мәселе көтерілгенде, Ресейлік зиялылардың басым көпшілігі іс қағазына бір ғана тіл керек деп шешкен. Әлихан мен Жиһаншаһтың “әр жұрт өзі тілінде жазсын” деген ұсынысы қабылданбай, ресми тіл “татар-түрік тілі” болып шыға келген (Әлихан: “Жығылатын болған соң, “түрік” дегеннің ішіне кірдік қой деп тоқтадық”, – деп жазады). Назаланған Ә. Бөкейхан “Қазаққа” (бұл газетті татарлар алып тұрған) Абай, Шәкәрім, Міржақып, Мағжан өлеңдерінен үзінділер келтіріп, “айналайын-ау, бұл таза тіл түрік тілін байытпаса, арытпайды” дегендей ой айтады. Тарихта аса шетін мәселелер болады. Оған бір кездегі зиялылардың тығырыққа тірелуі себепші. Бұдан кейінгі ұрпақ, еуропа ұғымымен айтсақ, “кикілжің алмасын” іздемей, сабақ алуы тиіс. Жаратқан үйлесімділігі үшін осы сауап болмақ...

Сонымен Алаш зиялыларының тілді қорғауы – әдебиетті қорғауы еді. Таза тілді қалағаны – таза әдебиет тілін қалағаны еді. Бұрын ана тілінде көркем шығармалар аз жазылса, зиялылар енді оның көп жазылуына тілеуқор болды. Таза тіл – ел тілі, ел тілі – соққан жүрек тілі, жүрек тілі – шын тіл, шын тіл – жаратқан шапағатындағы тіл. Бұл – Алаш зиялыларының тезісі.

“Садақ” авторлары болып табылатын “Медресе Ғалия” шәкірттері “Мұғалімдерге ашық хатында”: “Халық қамын ойлаған азаматтар әр тұстан бастауыш мектепте оқытатын оқу құралдарын шығарып жатыр. Емлеміз де белгілі бір негізге құралып

келеді. ...Қолдарына не кітап түссе, сонымен оқыту, ол кітаптың тілін, емлесін талғамау, оқытып отырғандарды қай халықтың балалары екендігін ұмыту... – зор кемшілігіміз осы”, – деп жазды. Шәкірттердің осындай хаттары және “Қазаққа” шығып жатқан осындай материалдар татар тілді кейбір басылымдардың “түсінбестігіне” түрткі болған. Ғалым Т. Кәкішев тапқан дерекке қарағанда, “Вақт” (“Уақыт”) газетінің 1916 жылы 1 қаңтардағы санында Кабир (Бәкір) әфенді тілге байланысты қазақтың табиғи талабын “көңілсіз оқиға” деп жазған. Бұған қарсы түсіндіру мақсатында “ғалиялықтар” “Вақттың” тікелей өзіне хат жолдаған. Ол 1916 жылы 16 қаңтарда аталған газетте жарияланған хатта мынандай сауатты ойлар бар: “Көп жылдардан бері татар әдебиеті матбұғатымен халқымыздың бұл дәрежеге келуін естен шығарып, қарсылық жасау емес еді һәм әдебиет айырмашылықтары екі халық арасын бүлдіріп, татар әдебиеті мен матбұғатын қазақтарға жек көрсету ниетінен аулақ едік. Ол тіпті қаперімізде болмаған жай. Сондықтан біз Отан, дін, қан, мемлекет һәм іс-әрекетте біріміз. ...Татардың белгілі зиялыларының кейбіреуі татар халқын ерекше сүйіп, Ресейдегі бүкіл мұсылмандарды жоғары бір түрік-татар ұлты етіп жасауды тілейді екен. Пікірлеріне рахмет. ...Олардың өздері де әдебиет матбұғаттары, ғұрып-ғадеттері, қайнаған қаны, соққан жүрегі жасаудан үмітті болар. Біз сол үміттеріне жетуге әрбір халық ерікті деп айттық. Өз әдебиет матбұғатына мұқтаж, басқалардың әдебиеті мен ғұрып-ғадеттерінен көркемдеп алса да, өз әдебиетін құрбан етуі мүмкін емес. ...Өз әдебиет матбұғаттарымен өркендеген тарихты “өз тарихы” деп айта аламыз. ...Тілден айырылған халық - грамофонға қосылып

жүрген қуыршақ секілді һәм сондай халықтың тілін алып қоймай, жанын, пікірін, зейінін, мағыналы тіршілігінің барлығын алып, тек қана суретін қалдырады һәм өз тілінің өмірге берген әсемділігін басқаларға бере алмайды”.

Осы хатты жазғандардың ішінде “Садақтың” негізгі авторларының көбі бар. Ендеше бұл – “Садақ” позициясы және оның тілі таза, ойы анық жаңа тұрпатты әдебиеті хақындағы тұжырымы.

“Садақ” журналының әдеби-эстетикалық талғамы “жаңа әдебиетке” лайық болғанын дәлелдейтін мұралар аз емес. Мысалы, Бейімбеттің “Өлең туралы” атты поэзиялық туындысын көркемөнердің мәнін, мақсатын аңдатқан тап-тұйнақтай шығарма деуге негіз бар. Жас

Бейімбеттің поэзияның көркемдігіне қатысты ойын осы өлеңнің соңындағы “Алтын да сақталмаса жез болады” деген халық нақылына сүйенілген тармағынан аңғарамыз. Осындағы “сақтау” – мұраны да сақтау, дәстүрді де сақтау. Сонымен бірге ол ізденісті жоғалтпау деген мағына береді деп ойлаймыз.

Профессор Т. Кәкішевтің “Садақ” кітабындағы деректер журналда жарияланған әңгіме, өлеңге, фольклор мұрасына пікір жазылып отырғанына куәлік береді. Басылымның бұл ісін ғалым “эстетикалық ойға қозғау салғаны” деп есептейді. Жас сыншылар қолданылымындағы “ажарлы сөз”, “халық көзі”, “келісті сөз”, “ораулы қалып”, “кемеліне келтіру”, т.б. тіркестер олардың, бір жағынан

дәстүрлік ойлауға табан тірегенін, екінші жағынан көркемдікке қатысты нақтылыққа барғанын көрсетеді.

Алаш ұлтына “Медресе Ғалияның” сіңірген еңбегін айта келе, “Қазақ” газеті былай дейді: “Жастар ескі қалыпты тарсынды, ескі білімді азсынды. ...Дүниеауи тағылым-тәрбие берерлік түрге айналдырған бауырларымыздың бас медреселерінің бірі “Ғалия”... жастарға ұлтын сүйетін рух кіргізді”. “Садақ” журналы жастардың осы ұлтын сүйген рухынан туған басылым болды деп санаймыз. Бұл басылымның әдеби-эстетикалық ізденісіне албырттық пен зеректік тән еді.

“Балапан” қолжазба журналы, С. Садуақасұлының жазуына сүйенсек, “бірыңғай беллетристи-



«Ғалия» медресесіндегі зиялы қауым

ка жариялаған бірден-бір басылым” болған. Ол да “Садақ” тәрізді шәкірттердің журналы еді. Оның редакторы болған Қ. Кемеңгерұлы: “Ұйымымыз (“Бірлік”) патша режиміне қарсы еді, сондықтан жасырын жұмыс жасадық. “Балапанды” шығару да оңай емес-ті”, – деп көрсеткенін



С. Садуақасұлы

ескерсек, журналдың бірде-бір саны табылмай отырғанының сырын ұққандаймыз. Бірақ “енді табылмас” деу әлі ерте. “Балапанға” қатысты дерек мүлде жоқ емес. Оның сүбелісі – Мағжанның “Балапан қанат қақты” атты аллегориялық шығармасы. Бұдан аңғаратынымыз: “Балапанмен” жаңаға құштар, Алаш көркемөсінің жоғын жоқтаған әдебиет келген.

“Балапанның” бір үзік материалы (1917, N5, ақпан) Қ. Кемеңгерұлының 1924 жылы Мәскеуде шыққан “Қазақ тарихынан” атты зерттеуіне еніпті. Материал аты орысша – “Горе от ума”. А. Грибоедов шығармасымен аттас (М.Әуезұлы оны “Ақылдың азабы” деген). Енді үзіндіні сөйлетейік: “Біздің іс басындағыларымыз – сәлделі молдалар, солбырайған, схоластика-

мен миы айналған шәкірттер емес, орыс тәрбиесін, күнбатыс білімін алғандарымыз еді. Сондықтан біздің іс аналардыкінен тезірек ілгері кетуге тиіс еді. Ойлағандай болмады. Біз не істедік? Басылған кітап санын оннан асыра алмадық. Алты Алашқа екі газет шығара алмадық. Жалпы жұртқа жалғыз журналды көтере алмадық. Мектеп деген ауызда құр аты жүр. Игілік қауымы (меценат – Д.Қ.), оқу жұрты (университет – Д.Қ.) дегенді шетелден естиміз. Театрдың өзі тұрсын, бір кітабын жаза алмадық. Бұл неліктен? Көп білгенімізден. Сары түйме тағып, қағаздан көкірекше киіп, кеудемізді жоғарылатқан адвокат ондай істерге өздері бас болу түгіл, талапты жастарға жылы жүзі, жұмсақ сөздері де жоқ. “Жеңіл-желпі іске” кірісуге арланады. Олардың көп білгенінен жұртқа, жастарға қайғыдан басқа нәрсе жоқ”. Бұл – журналдың бас мақаласы болса керек. Қошкенің есінде мықтап сақталып қалғанына қарағанда, мұның авторы үзіндіні кітабында ұсынушының өзі десек те ақылға сиятын секілді. Бірақ мәселе авторының кім екенінде емес. Бірден байқалатыны: материал өте эмоционалды жазылған. Үстірт қарағанда газетке, журналға қаржы табылмағанының да, меценат, университет болмауының да, тіпті театр кітабының жазылып, жарияланбауының да объективті себебі бар сияқты. Алайда “бәрінің тігісін жатқызған” уақыт бізге солай ойлауға ерік береді. “Балапан” кезеңінде өйтіп ойлау... мүмкін емес. Жұртқа, жаңалыққа болысқан ой: ұқсат, көзін тап, жігерлен, көш соңында қалма дейді. Бұл – адамшылық, имандылық және ыждағаттылық иммунитеті. Көркемдік те, үйлесімділік те – бәрі осының ішінде. “Балапан” шығарушылары ойының

арғы жағынан Абайдың “Уайым – ер қорғаны, есі барлық” деген сөзі мен Әлиханның “Ең үлкен кемшілігіміз – әркім өзіне тиесілі жүкті белгілі орнына көтеріп апарып қоймайтыны” деген рәуішті пікірі сезіледі.

“Балапан”: ұлтқа қажет істің жеңіл-желпісі болмайды дейді.



Қ. Кемеңгерұлы

Бұдан шығатын қорытынды: саяси іс те, рухани іс те ауыр әрі жауапты. Немқұрайлылық – қайғы, адасқан ақыл – азап. Саясат үшін де, руханият үшін де.

“Әліппе, яки төте оқу” оқулығы – “Садақ” журналының іргетасы дегеніміз секілді, Омбыда жұмыс істеген “Бірлік” ұйымының әдебиетке қатысты ісінің бәрі – “Балапанның” негізі. Айталық, С. Садуақасұлының жазуы бойынша, “Бірлік” програмында мынадай сөздер болған: “Қазақ халқының мәдени һәм әдеби жағынан ілгері қатардағы жұрттарға қосу, ұлтшылдық сезімін туғызу һәм ұлтты сақтау. Бұл айтылған мақсаттарға жету үшін жастар арасында ұлтты сүю сезімін сіңдіре беру. Халық әдебиетін жинау, ол әдебиетті кітапша һәм



үлкен кітаптар етіп бастырту. Театр кітаптарын шығару, газет-журналдар шығару. Бастауыш, орта дәрежелі мектептерге кітаптар жазу, школға түсемін деген шәкірттерді даярлайтын курстар ашу, мұқтаж шәкірттерге жәрдем көрсету, спектакль, концерт һәм басқа ойындар жасап, қазақтың ішінде театр туғызу”.

Алашты мәдени-әдеби жағынан озық ел қатарына қосу, кітап, оқулық жазу, газет-журнал шығару секілді мәселелерді күн тәртібіне қоюы – “Бірлік” пен оның үні “Балапанның” тарих алдындағы үлкен қызметі. Ұйым әдебиетті ұлт тағдырына жауапты күш деп есептейді. Ол, әсіресе, жаңа әдебиеттің іргелі саласы – драматургияны өрістетуді жиі айтады. Бұл – 15-17 жасар жігіттердің ойы. Байқалатыны: қазақ сұранымы оларды ерте естиярландырған. Осы пікірімізді “Бірлік” мүшелерінің “Өткен күндерге” (Сәкен Сейфоллаұлы)



жазған алғысөзі растай түседі. Онда былай делінген: “Әдебиет деген тілге қанша жеңіл болса, оның тууы, өсуі һәм өнуі сонша қиын. Қай білімді халықты алсаңыз да, бәрінің әдебиеті жүре-жүре түзелген, қайсыбіреулерінде – шабанырақ. Халық арасында әдебиет қолдағын неғұрлым көп болса, солғұрлым әдебиет аяғын шапшаңырақ баспақ, қолдамақ (көтермек). ...Жолдасымыз С.С. мырзаның бұл кітабын бастырудағы... мақсатымыз оны сатып баю емес, осындай талапкерлердің өнері жерде қалмауы үшін, өсуі үшін һәм қазақ әдебиетінің ұлғаюы үшін”.

Жастар бұл жерде, негізінен жаңа бағыттағы – елшілдік бағытындағы әдебиетті сөз еткен. Оларға керегі – “талапкер өнері жерде қалмауы”, жастың “өсуі”, “қазақ әдебиетінің ұлғаюы”. Яғни, ізденіс, жетілу, өріс. Жастар мұны жалпы айтпайды, нақты айтады. Бұл да – рухани есею мен

әдебиет тағдырына жауапкер ретінде қараудың көрінісі.

Сонымен Алаш рухты “Садақ” және “Балапан” журналдары ұлттық ұйысу мен серпілудің тұғырнамасын бекемдеуге қайтіп жәрдемдесті деген сұраққа төмендегіше жауап береміз: біріншіден, олар қал-қадерінше білім мен білік елдіктің қорғаны һәм дамытушы күші екенін түсіндірді; екіншіден, аталған басылымдар жаңа рухтағы шығармашылықтың тәжірибе шеберханасына айналды; үшіншіден, олардың бетінде жарияланған қайсыбір материалдар жастар санасында елшілдік пен мемлекетшілдік ой-аңсарды қалыптастырды.

Материалда Алаш қозғалысы ке-зіндегі жастардың шығармашылық шеберханасына айналған басылымдар және оның ұлт тұғырын көтерудегі рөлі талданған.





Рахымжан ОТАРБАЕВ,
ҚР Ұлттық академиялық
кітапханасының
Бас директоры

Шоқан мен М.-С. Бабажанов

Көсем жеккен қоңыраулы күйме хан ордасына маңдай түзегелі төртінші күн. Сағым шалған бидайығы мен жусаны араласқан жазық дала Текеден шыққалы бір өзгерсінші. Анда-санда аяқ астынан пыр етіп ұша жөнелетін жорға торғайдан басқа көңіліңді аулар, көзіңді қуантар бөгде құбылыс кездеспейді. Сайын далада көшкен құйындай бекет пен бекет аралығын жеделдете жалғаған жүргіншілер ғана марғау даланың мекер тыныштығын ырықсыз жұлқылағандай. Көкжиекке ұзақты күн телмірген Мұхамед Салықтың көзі жұмулы болғанмен көңілі ояу, көкірегі сергек. Қоңыраудың үздіксіз шылдыры мен ат айдаушы Қайыптың үзілмейтін ыңылы ойына бөгет, қиялына кеселдік келтірер емес. Қайта осы ыңғай-ай

әуенге елти түсіп, өткен күндер еншілеген сапарнаманы саралап келеді.

1860, яки «тышқан жылы» көрісу айты өтісімен Орынбор генерал-губернаторының мәлімдемесі бойынша — Нелюев кадет корпусының Азиялық бөлімін үздік бітірген бұрынғы хорунжий, қазіргі жұмыссыз отырған патша офицері Мұхамед Салыққа сотник атағы берілген. Әрі өзі тұратын Бөкей ордасын басқару жөніндегі уақытша Кеңестің кеңесшісі қызметіне тағайындаған. Кезінде ізіне шырақ алып түскен мәртебелі мырзалардың бұл кеңдігін қай қисынға жатқызарын білмей жүргенде Орынбордан және шақырту алған-тұғын. Биылғы көктем жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілерін ескергендей қыс аяғын құрдымға созбай шуақты

басталған. Құм елінің қырбай шаруасы мынандай мамыражай маусымға сенерін не сенбесін білмей, алақөңіл қалыптан арыла алмай дал. Өткен жылғы келеңсіз оқиғадан кейін негізгі қонысынан алшақтап, Жалғызшағыл етегін қыстаған Қарауылқожаға қарайтын әулет, етек-жеңдерін жиып, жайлау қамына ертелете кіріскен. Мал төлдеуін аяқтап, күзде жиналып тасталған киіз үй сүйегі қозғалып, қатын-қалаш, келін-кепшік күнгей бетке туылдырық, ірге-аяқтарын жайып салып жамай бастаған сәуір айының сәтті күнінің бірінде Мұхамед Салық осы Қайып екеуі Орынборға аттанған.

Алыс сапарға аттанар алдында Ас-траханьнан хорунжий Алексеев келген болатын. Көптен көріспеген досы

әкелген басты жаңалық:

– Мұның Астрахань губерниялық «Волга» газетіне «Нарын құмы жөнінде географиялық мәліметтер» деген мақаласының жариялануы еді.

– Мақалаға ғылыми тұрғыдан қарағанда өте құнды әрі тың мәселе, – деген досы Мұхамед Салыққа сынап қарап.

– Өзіңе белгілі, қазақ жері - Россия үшін әлі толық ашылмаған жұмбақ өлке. Егер сен осы зерттеулеріңді одан әрі жалғастыра берсең, географиялық қоғамға өлшеусіз пайда келтіретіңіз ешбір шүбәм жоқ. Газеттегі жолдас-тар да сенің тағдырыңа қызыға ынта қойысты.

– Ниетіңе көп рахмет, — деген Мұхамед Салық та Михаил Васильевичке ризалық пішінмен. — Кенже қалған жұрттың кем-кетігін толтыруға жарасақ болғаны, қалғанын тірлік көрсетер.

– Мақаладағы айтқан ойыңның құндылығы сол, — деп Михаил Васильевич өз әңгімесін жалғастырған, — тек жалаң географиялық фактілерді тізіп кетпей, осы өңірдің өзіндік ерекшелігін, онда қоныстанатын бұратана жұрттың тұрмыс-тіршілігін, қам-қарекетін шынайы сипаттағандығың.

– Бұратанадан шығып, байыпты пікір айттың дегеніңе де шүкір.

– Ну, Мұхамед Салық, кешіре сал, ауызекі байқамай айтылған нәрсе ғой, айтпесе...

– Әйтпесе, айтып нем бар, ішіме бүге салам дегенің ғой, ә, Михаил Васильевич, — деп бұл ақтарыла күлген. Мұхамед Салықтың кейбір қағыс айтылған пікірлер үшін қым-қиғаш тартысқа түсіп кетер қызба мінездерін аңдап үлгерген досы әңгіме желісін басқа арнаға бұра берген. Өткен күзден бері Петербургқа қазақ депутатиясы барады деген хабардың барлығын айта келіп, сол құрамға бұған да іліккен боларсың деген сыңай танытқан.

– Егер де сәтін салып астанаға бара қалсаң, Россия география қоғамына соқ. Атақты Семенов-Тянь-Шанскиймен таныс, сенің білімің оларға ауадай қажет. Сырт көзге мен саған бұл пікірді айтқан

жоқпын, бір-бірімізбен дұрдараз пенделерміз, — деп қулана күлген. Достықты өзара аңдысудан бастағандықтан Михаил Васильевичтің нені меңзеп отырғанын қиядан аңғарған Мұхамед Салық та пейілдене жымып, бабына келген қысырақ қымызын досына ұсына берген...

* * *

Россияның батыстағы сенімді қақпасы Петербургке — Мұқан сұлтан бастаған қазақ депутатиясы келіп түскелі екінші тәулік. Мамыр айының майда лебі ескен нағыз шырайлы шақ. Өзіндік өрнек, нақышы мол, ақ түндер аялаған айтулы шаһар — киіз үйден басқа көлеңкесі жоқ қыр қазақтарын сан түрлі сәулетімен таңдай қаққызып бағуда. Тоғыз кісіден құралған бұл депутатияға тілмәш болып, орыс тіліне жетік сұлтан әрі патша офицері Әлмұханбет Сейдалин тағайындалған-ды. Патша ағзамның депутатияны қабылдайтын күнін анықтаған соң қала аралау басталды.

– Әлмұханбет, жеңгелеріңнің қолқаларынан осы бастан құтылып қоялық. Тай-тай жібегі мен шұғасына, шәйі мен шәрбатына бастай бер, — деп Мұқан сұлтан жымия қараған.

– Айыпқа бұйырмаңыздар, мен сіздерден бөлініп Россия жағрафия қоғамына барсам ба деп отырмын, — деген Мұхамед Салық сұлтандарға назар аударып:

— Біраз бөгеліп қалуым да мүмкін, сондықтан қаламен өздеріңіз таныса беріңіздер.

– Ау, ондағы көретін қызық пен алатын дүниені бізден несіне қызғандың, бірге баралық, — деп Көшәлі құрдасы иектей жөнелген. Жағрафияны кулинария секілді жылы-жұмсақтың мекені деп қалса керек... Таң рауандап атысымен-ақ орнынан тұрып кеткен Мұхамед Салық тез киініп көшеге шықты. Қала тірлігі енді-енді жандана бастаған. Әр тұстан арбакештердің дауыстай сөйлегені, тас көшеге қадай басқан ат тұяқтарының тықылы үздіксіз естіліп тұр. Қарсы көшедегі трактирдің жа-

нында тұрған арбакешке барар жерін айтты да, артқы орындыққа жайғаса кеткенде, жүріс тілеп тұрған жаратуры жұлқи жөнелген. Санасы саққа, ойы онға бөлініп отыр. Қазір көптен арман еткен ортаға да барады. Қолында бары — Астрахань мен Орынборда шыққан үш-төрт зерттеу мақаласы. Онда да түбегейлі талдау емес, естіп-білгенін тізіп шығу басымырақ. Көрген-түйгенін ашық айтқаны үшін ана жылғы Орынбордағыдай сау басын саудаға салып жүрмесе?

– Айтқан жеріңіздің алдында тұрсыз, мырза, — деген арбакеш даусынан ойын үзіп қараса, шынында да төрт қабатты сары үйдің қарсысына келіп тоқтапты. Баяу басып келіп есігінің тұтқасын тартқан, жабық. Ертерек келгені сонда есіне түсті. Бие сауым сәттен соң-ақ сары үйге келушілер көбейді. Пенсене таққан егдесі де, өзі құралпы жастар да, қыз-келіншектер де жоқ емес. Бойы ортадан сәл жоғары, толықша келген ақсары өнді, елуді еңсеріп қалған ер адамның соңын ала бұл да кірген. Әлгі бұған сәл қарап тұрды да, жоғары көтеріле бергенде Мұхамед Салықтың:

– Жоғары мәртебелі мырза, мен қазақ депутатиясының мүшесі едім, — дегенін естіп, күлімсірей түсіп, орыс тілінде соншама жатық сөйлеген бұған тосын таңданыспен:

– Чокан Чингизовичті іздеп келдіңіз бе, әлде өзіңіз де география саласында еңбектеніп жүрсіз бе? — деген.

– Кешірерсіз, мен Орынбор губерниясы, Орда бойының қазағы, патша офицері Мұхамед Салық Бабажанов боламын. География жөнінде азды-көпті хабарым бар. Ақыры жол түскен соң осында соғып, пікірлесе кеткенді жөн көрдім.

– Этнограф Небольсин.

– Павел Иванович? Сіздің «Орыс география қоғамының хабарлары мен жазбаларында», «Этнографиялық жинақтарда» жарияланған еңбектеріңізбен жақсы таныспын. Сізбен кездескеніме шын жүрегіммен қуанамын.

– Рахмет. Жүріңіз, оңаша бөлмеде



әңгімелесейік, жазған мақалаларыңызды өзіңізбен бірге алып келген боларсыз.

— Барырас. Әйтседе... — Ыңғайсыздық танытқан Мұхамед Салықты қолтығынан демеп, үшінші қабаттағы өз кабинетіне бастай берді.

— Павел Иванович, кешірсіз, әлгінде Шоқан жөнінде айтып едіңіз...

— Ә-ә, ол неміс этнографы Адольф Шлангтвистің басын кіре беріс қақпасына қадап, әлемге үрей шашып тұрған атақты Қашқария сапарынан кейін араға жеті ай салып Петербургке келген. География қоғамының алдында жасаған есепті баяндамасы өте жоғары бағаға ие болды. Семенов-Тянь-Шанскийдің өзі бас болып, ашқан айтулы жаңалығымен қызу құттықтағанбыз. Қазір мақалалары неміс, ағылшын тілдеріне аударылып шықты. Кесек тұлға, ірі талант.

— Ол осында ма? Қазір қайда? — деп тағатсызданған Мұхамед Салыққа қарап, онсыз да сұйық шашын әлсін-әлсін желкесіне қайыра түсіп:

— Бүгін-ертең еліне жүргелі отыр. Сонау Сырымбетке барып, ұзақ сапардан кейін күрт төмендеп кеткен денсаулығына шипа дарытпақшы. Соңғы үш айда көкірек ауруы өзін тым еңкейтіп жіберді.

Небольсин басын шайқай түсіп: — Аяулы азамат, қараңғылық торлаған елге жалғыз жіберу қандай өкінішті? Өзі кетіп қана қоймайды, бойындағы қаншама білік, өнер, мүмкіндікті құрдымға жібереді, — деп орнынан тұрып кетті. Сәл сабасына түскен соң: — «Чоканға бүгін барам», — деген уәдем бар еді. Қысылмаңыз, бірге барайық, таныстырайын, қалған әңгімені сонда жалғастырармыз, — деп әлгінде Салық сұраған «Санкт-Петербургские ведомости» газетінің тігіндісін ақтара бастады...

Бұлар төргі үйдің есігінен ене бере, ұзынша столдың шетінде әлденені жазып отырған сұңғақ бойлы, қыр мұрын, қияқ мұртты, ашаң жүз, арық жігіт аққұба жүзіне күлкі ойнап, орнынан

көтеріле берді. Келбетіне жас та болса парасаттылық, ақылдың нышаны мен шаршаған, қажығандық табы қатар қонақтаған. Жанарында тұнған ойға уайым, тұнжыр мұң сабақтасып жатыр.

— Есенсіз бе, Чокан Чингизович, сізге кімді таныстырғалы тұрғанымды білесіз бе?

— Орынбордан келген қазақ депутациясы мүшесінің бірі шығар, Павел Иванович, — деп екеуіне де қос қолдай амандасып, төрге жайғастырды.

— Айтам ғой, көріпкелдігіңіз бар деп. Жолыңызды қуған жас ғалым Мұхамед Салық Бабажанов деген азамат.

Небольсин ғалым дегенде ыңғайсызданып қалған мұны құшақтай алған Шоқан:

— Естуім бар, өте қуаныштымын, — деп жуықта босатар емес. Аты мәшһүр ғалымның өзін білетіндігіне тандана қалғанын сезген бұған: — Сіздің ұстазыңыз, белгілі шығыстанушы ғалым Григорьевтен естігенмін, сырттай бәріне қанықпын. Сіз жөніндегі пікірімді «Сот реформалары туралы жазбаларымда» айтып та кеткенмін. Асықпай жайғасыңыздар. Вера Николаевна, қадірлі қонақтарға дастархан мәзірін әзірлей берерсіз, — деп әлгіндегі столына қайта жайғасты.

— Бір нәрсе жазып жатырсыз ба, сізге дәрігер уақытша барлық ғылыми жұмысты тоқтата тұруға кеңес берген жоқ па?

— Оныңыз рас, Павел Иванович. Кеше Федор Михайловичтен хат алғанмын, енді соған жауап жазып отырған бетім еді. Дәрігерлер қанша қарсы болса да аяулы досыммен қалайша хабарласпай тұрармын.

— Достоевский ме? Туған жеріне айдаудан қажып келді ғой деймін. Денсаулығы қалай екен?

— Бұрынғы ауруы қайталана беретін болыпты, бір қонақтаса жуықта арыла қоймайтын қозба кесел көрінеді.

— Ал, Салық, әңгіменді сабақтай отыр, ел десе еңсе көтеретін әдетіміз емес пе? — деп Шоқан қонағына ынташынымен бұрылды.

— Басы қайырусыз, аяғы жию-

сыз жатқан жұртпыз ғой. Жалпы тыныштық, бар көңілге тоқ санарлық сол ғана.

— Әттең, ел іші деп аңсарың ауып барады-ау, әрі-беріден соң өз-өзіңнен зәрепел боласың. Бір қарағанда, бәрі бар, мол, сонда не жетпейді, не? Белгілі бір орынды мекендеу, отырықшылық жоқ. Аттың жалында, түйенің қомында сар желіп жүргендері. Жер кең дейміз, сонда арқаны кеңге салып, бал ашқан бақсының құмалағындай бытырап, жөңкіліп көше беру керек пе? Неге көршілес жұртқа назар аудармаймыз. Біздікі баяғы бір кеспірсіздік. Өзін үрей қуып болған соң өзге аяулыңнан аттайды, ардақтыңды таптайды...

Қызына сөйлеген Шоқан өңі сәл кұқыл тартып, әңгіме арасына ауық-ауық қыстырылып отырған жөтелі үдеп, булығып, қатты демігіп қалды. Үй қызметшісі Вера Николаевна берген дәріні ішкен соң ғана біртіндеп саябырлап, бұрынғы қалпына түсті. Әлгінде жүйелене түскен әңгіме бұлар дастархан басына келіп, шайға отырғанда шырайлана, арнасы кеңі берді. Ғалымдар арасында жас та болса бастай боп қалған Шоқанның қай елдің тарихы мен тағылымы, озғаны мен тозғаны болмасын, жетік білетіндігі әбден байқалып отыр. Қандай сауал қойсаң да, шашасын шаңға шалдырмайтын хас жүйріктей іркілмей, еркін көсіле жөнеледі. Әрі бір ерекшелігі — айтқанын құр баяндап қоймай, соған өз көзқарасын, пікірін қоса айтып, тың ойларға түрткі, қозғау салып отыратындығы. Сәл жарқыншақтанған жіңішке дауысында тыңдаушысын өзіне еріксіз еліктіретін, күмәнсіз нандыратын құпиялық бардай.

— Ғылыммен айналысу үшін, — деген Мұхамед Салыққа, — орыс тілін жақсы білу жеткіліксіз. Сонымен бірге бейімділік, зерттеуге қабілетің болуы қажет. Ал, ең бастысы — төзімділік. Кадет корпусын тәмамдап, жеті-сегіз жылдан бері адъютант болып жүргендерді жақсы білем. Өмір-бақи ешнәрсе тындырмай, біреуге бас шұлғумен өтетін бейшара пенделер ғой. Оларды мүсіркеу

керек. Ал ғылымға құштарлық — өткен өмірімізге, бүгінгіміздің бедеріне, еліктіріп тұратын ертеңімізге үңілу деген сөз...

Менің мұны неге тәптіштеп отырғанымды сезесің ғой, — деп бұған қараған. Шоқанның түпкі ойын көңілмен оқыған Мұхамед Салық Небольсин екеуіне алма-кезек ілтипатпен бас изеді.

— Қашқар сапарынан оралып келе жатып, көліктерімізді тынықтыру мақсатында жолай таулық қырғыздарға біраз аялдағанымыз бар, — Шоқан әңгімесін қайта жалғастырды. — Қайтар жолда қуғынға ұшырап, жалтыр мұзға тірелгенімізде түйелердің қомындағы киіз бен жабуларын мұзға төсеп өтіп, әрең құтылғанбыз. Жайдақ артылған жүк өзі арық жануарлардың арқасын алақандай-алақандай қып ойып тастады. Сонымен қатар көмекші жігіттер де әлденеше күннен бері ұйқы көрмей, әбден қалжыраған. Жалпы, алған ісіміз бірыңғайланғанымен менің де өз уайымым өзімде. Бұрынғы ауруым ертелі-кеш мазалап әрі біраз қолжазбаларым мен салған суреттерімді Қашқар жерінде жасырған орыннан кетерде ала алмай... Сегіз ай сен деспеген қаракөз сұлу да қалды...

Небольсин мен Мұхамед Салықтың жүзіне сәл жымиыс жүгірді.

— Сонда айтайын дегенім, қырғыздың «Манас» дастанының Көкөтайдың асын баяндайтын тұсын жазып алдым. Содан күдіктенді ме, әкеммен қырғи-қабақтары бар ма, кейбіреулері мені «Қашқарға бармай, бері жағынан оралды» деп өсек таратыпты. Сол сөз Петербургке келгенше алдымды орады да отырды ғой, өсекті сағызша созатын кейбіреулерге не дауа айтарсың?

— Ондай жел сөзді көңіліңе қаттай беріп қайтесің. Кімдікі дұрыс, қайсысынікі бұрыс екенін барша ғалым, әлемдік ғылым алдында дәлелдеген жоқсың ба? — деп Небольсин өз-өзінен жасып қалған сырқат Шоқанға дем бере сөйледі.

— Батыстағы губерния қазақтарының дау-далабасына сот мекемелерінің араласуы қандай ықпалға ие болды? Орта, Ұлы жүз қазақтарына

қарағанда діни көзқарастары қалай қалыптасқан?.. — Небольсин де манадан бері көңілінде түйткілденген сауалын ірікпеді. Көп жылдардан бері Шығыс халықтары мекендейтін жер топонимикасы, салт-дәстүр, тіл ерекшелігімен айналысып жүрген ғалымның көп нәрсеге ынтызар болып отырғанын сезген Мұхамед Салық:

— Сұрауыңыз орынды, Павел Иванович,— деді. — Меңі де біраз мәселе қоймай толғандырып жүр. Айталық, өзіңізге де аян шығар, бізде не көп, жер қақтығысы, жесір дауы көп!.. Айдап бергенін есептемей, аяқ астынан пайда табуға құштар жұртпыз ғой. Алыстап кетсе аңсап, жанына келсе, айналымға келмей тебісе жөнелетініміз тағы бар. Несін айтасыз, бір беткейде отырып, бет жыртысқан екі қандасқа билік айтқан боп, үшінші біреулер олжаға омақаса құлайды. Ақ, адал шыным, әлденеше қылмысты істердің куәсі болып жүрмін. Әйтсе де уездік сот қызметкерлерінің бірде-бірін байыбына барып дұрыс шешкенін көргенім жоқ. Қай қолы ұзыны бұрын барып пайдаға бөктірсен, олардың аузы солай қарай қисаяды. Осындай былықтары мен қылықтарын тиісті жеріне ашық айтқаным үшін кезінде жұмыстан қуылдым әрі артыма бақылаушы да салып қойды. Мұндайда елде береке, ерде сенім бола ма?

Мұхамед Салықтың өз ойын әсерлі де бүкпесіз жеткізгеніне риза болып отырған қос ғалым «әңгімеңді жалғай түс» дегендей бас изесіп, тыңдай беруге құлықты екендіктерін білдірісті. Олардың өзіне осыншама зер салғанын көңіліне тоқ санаған жас талаптың қызыл көрген қырандай нағыз шабытты шағы.

— Елге тап болған тағы бір кесел, — деді сәл тыныстаған соң — ауқаттылар үйлеріне татар, башқұрт молдасымақтарын ұстайды. Олардың міндеті — жас балалардың тілін сындыру, «Құлқалла» мен «Иманшартты» мағыналарына түсінбесе де жаттаттыру. Онымен қоймай, жүрген жерлеріне дінге жат, қисынсыз аңыз, әңгімелерді уағыздап, халық санасын әбден улап барады, — деп қапаланған күйі отырып

қалды...

— Ал, бауырым, — деген бұларды қас қарая күймеге мінгізіп салып тұрған Шоқан, — Өзіңе көңілім толды. Жалқұйрықсыз еместігіме көзім жетті. Тек осы бағытыңнан жазбағайсың. Пенде көңіл — қандай шетсіз, шексіз, ғұмыр — қандай қысқа. Мақсат қойғаныңның бәріне үлгеріп қал. Бүгінгіңің ісін ертеңге еншілеме, оның да өз ырыздығы бар. Әлі талай пікірлесеміз, тек тірі кездесуге жазсын, ал, қош...

— Павел Иванович, сізбен ертең аттанарда жолығысармыз, — деп Шоқан бұларды шығарып салып, қою қараңғылық құшағында қала берді.

— Айтқаныңыз келсін! — деген Мұхамед Салық та іштей тебіреніп. Көңіл көгіңдегі көптен торлаған кірбің бұлты бүгін тарағандай, жайдары қалпы: — Ештеңесін бөліп бермей-ақ қойсын, бірақ тірлікте осындай ғажайып адамдармен қанаттас өмір сүру қандай бақыт! Солардың өмірге деген құштарлығын сезіну, ғылымға деген ақ жүректігінен тәлім алу қандай ғанибет!..

Қарынбайлар арасындағы сұлтандығымды ғылым жолындағы ұлтандыққа қидым, ал қош...

...Небольсин сол түні қойын дәптеріне мынандай сөйлемдер түсірген болатын. **«25 жаста. Келбетті. Ат жақты, өңі қараторы, бота көзді Бабажанов орыстың айшықты әдеби тілін еркін меңгерген. Сөздері өткір әрі көркем, әсіресе өзін толғандыратын мәселеге келгенде қызып кетіп шешен сөйлейді...»**

...Осы кездесулерден екі жыл өткен соң, Мұхамед Салық орыс география қоғамының қызметкер мүшесі болып сайланып, ғылымға сіңірген еңбегі үшін үлкен күміс медаль алды. Бұл қоғамның алғашқы мүшесі, өз жұртының ұлы ғалымы, қыршын Шоқан ізбасарының болашағын болжаған да шығар, кім біліпті?



Тандем пера и кисти



Книга, сама по себе, является продуктом деятельности целого творческого коллектива. Над ее изданием трудится не только автор, но и корректор, верстальщик, художник. Большую роль в этом трудоемком процессе играет и дизайнер. Ведь первую оценку книге читатель дает, судя по ее оформлению, внешнему виду. Только потом, открыв и пролистав, он знакомится, непосредственно, с содержанием. Удачный дизайн обложки, профессионально подобранные иллюстрации являются важными составляющими в успехе новой книги.

В Астане состоялась презентация книги Ирины Серкебаевой «Кризис среднего возраста (которого нет)». Автором иллюстрации выступила известный казахстанский дизайнер Балнур Асанова.

Ее имя широко известно не только в нашей стране, но и далеко за пределами. Работы Балнур являются предметом восхищения многих наших современниц. Арт-директор Академии моды «Сымбат», кандидат искусствоведения, магистр дизайна, член Союза дизайнеров Казахстана, а также дизайнер компании Mast Industries (Нью-Йорк, США), лауреат многочисленных международных конкурсов и выставок, талантливая художница. Ее коллекции заняли достойное место и приобрели своих постоянных поклонников на Неделе моды в Москве, Дубае ОАЕ, Вашингтоне DC Fashion week, Сибирской неделе моды и KFW в Казахстане.

О работе над книгой, отношениях к книге Балнур сегодня рассказывает нашему журналу.

Ирина Серкебаева
Кризис среднего возраста
(которого нет)



- Балнур, решили попробовать себя в новом амплуа?

- На самом деле, как это обычно бывает, все произошло совершенно случайно. Мы познакомились с Ириной Серкебаевой, разговорились, подружились. Оказалось, у нас много общего.

По мере общения как-то спонтанно пришла идея о совместном проекте, реализацией которого стала вот эта книга. Ирина мне присылала с Америки по электронной почте свои рассказы, а я, отталкиваясь от прочитанного, рисовала иллюстрации. Все это время мы созванивались, переписывались.

сывались. На самом деле, расстояние никоим образом не повлияло на создание книги. Просто каждый делал свою работу.

- Это был ваш первый опыт иллюстрирования книги? Как-то в интервью одному изданию вы сказали, что хотели бы поучаствовать в качестве декоратора и художника по костюмам в фантазийном или этническом кино. А об иллюстрации к книге вы думали?

- Да, это был мой первый опыт иллюстрирования книги. Но еще в художественном училище наш преподаватель Петр Михайлович Криушин привил нам любовь к книжной графике. Мы, будучи подростками, ходили каждую неделю в книжные магазины и разглядывали там часами книги с иллюстрациями, а наиболее понравившиеся покупали и делали копии.

- Как вам работалось с Ириной? Две состоявшиеся женщины, две творческие личности – разногласия были?

- На самом деле не было никаких разногласий. Потому что Ирина выбрала художника для книги осознанно. Она знакома с моими работами. Были просто рабочие моменты, где каждый говорил о своих пожеланиях, излагал свое видение темы. Ирина очень легкий и цельный человек, поэтому



мне с ней было очень легко работать.

- Какое место в вашей жизни занимает чтение? Вы любите читать?

- Я очень люблю читать. Читаю везде и всегда, когда появляется свободное время. Также в свободное время я рисую. Иногда хожу в кино.

Кроме этого, люблю читать о творчестве выдающихся людей: художников, архитекторов, дизайнеров. Для меня представляет большой интерес их путь становления, их мироощущение, стиль жизни. Мне интересно, каким образом эти люди смогли себя создать, найти в этой жизни свое место.

- Вы читаете своим детям сказки на ночь?

- Мои дети сейчас взрослые, но когда они были маленькие, к сожалению, я не каждый день читала им книжки перед сном, потому что не успевала. Но своему маленькому племяннику я стараюсь почаще читать сказки, детские рассказы. Вообще, я считаю, что совместное с ребенком чтение способствует укреплению его памяти, развитию мышления, логики. Все мы выросли на добрых сказках про внучку Красную Шапочку, Колобка, про дедку и репку ... А с приобретением нашей страной суверенитета стали издаваться и казахские национальные сказки. Возрождение таких сказочных персонажей, как Алдар Косе, Ер Тостык, Кожанасыр и других, на мой взгляд, укрепляет любовь к родной земле,

к традициям наших предков. А также призывает молодое поколение не забывать свои корни, историю, легенды своего народа.

- Балнур, спасибо вам большое за интересную беседу. И напоследок, еще один вопрос о вашем творчестве. Над чем вы сейчас работаете? Чем в очередной раз порадуете своих поклонников?


- На данный момент работаю над новой коллекцией одежды 2010—2011. Есть много проектов, которые взаимообогащают друг дру-

га. Живопись, керамика, стекло, коллекция кукол, а также иллюстрация обложки новой книги Ирины Серкебаевой под названием «Одна в большом городе». Если раньше я считала, что живопись и дизайн несовместимы, то теперь они переплетаются в моей работе. Если я нахожу какую-то изюминку, когда делаю что-то в одежде – переношу ее в живопись. И наоборот.

Беседу вела

Гулжанат ЖУБАНИЯЗОВА,
НАБРК





Қазақтың би атасы

КҮЛЖІКЕН КӘБЕЙҚЫЗЫ,

ҚХР, Шынжаң ұйғыр автономиялы өлкесі,

Алтай аймағы Буыршын аудандық мәдениет сарайының қызметкері



Көз жеткісіз көне тарихқа ие ұлттық көркемөнеріміздің қатпарлы қазынасын ақтарар болсақ, ән-күй мұрамызбен қатар би өнері де көзге түседі. Ата тарихымызды жүлгелесек, би өнері кең далада көшіп-қонып жүріп, мал бағып, аң аулап тірлік кешкен халқымыздың тұтас тіршілігімен тамырласып, жымдасып жататынын байқаймыз. Нақтылап айтсақ, қазақ халқы өзінің төл тума музыка аспабы домбыра мен қобыздан құйқылжыған күй шығарса, сол тәтті күй, әдемі ырғақтарына бейімдеп, өзінің тіршілік дағдысындағы әрекет-қимылдарын бейнелеп би жасаған. Осы тұрмыс дағдысынан, көңіл толғанысынан, психикалық тебіренісінен туған билер біртіндеп музыкалық ырғаққа, қимылдық қағидаға айналып, қазақ биі болып қалыптасып, әулеттен-әулетке жалғасып, бүгінгідей көсегесі көгерген сындарлы да сымбатты көркемөнер қорымызға қосылып отыр.

Зерделей қарасақ, жоқтан барға, аздан көпке қарай дамып, кемелдене түскен бір шоғыр қазақ билері ішіндегі би атасы – «Қара жорғаның» маңызы мен мәні өзгеше.

Қазақ халқы – «ат үсті ұжымақ»


деп санап, ат үсті тіршілігіне ерте көндіккен, жақсы атты жан серігі еткен атжанды халық. Сондықтан да «ат пен өлең – қазақтың қос қанаты» деген тұрақты тіркес дүниеге келген. Байқасақ, қазақтың байырғы күйлерінің бір тобы жылқыға қатысты. Мәселен; «майда жал», «жібек жирен», «көкшұбар ат», «қара қасқа аттың жүрісі», «Жәнібектің көк дөнені» деген сияқты аты әйгілі жорға жүйріктерге арналған күйлерді көп кезіктіруге болады. Атжанды халқымыз осы күй ырғақтарын үйлесімді әрекетпен бейнелей жүріп, жылқы жануарына қатысты би жасаған. «Қара жорға» биі осындай әдемі ырғаққа сәйкестендірілген әсем бидің бірі болып табылады.

Қазақ халқы жылқы тұқымынан өте сирек кезігетін жорға атты мінуге тым құштар келеді. Жорға мінуді аса үлкен мақтаныш, айрықша салтанат деп біледі. Жорға жылқының жүрісі әсем әрі жайлы келетіндіктен, екінің бірі мінген аты жорға болуды көксейді. Ал аттың «жүйрік», «аяңшыл», «желісті», «жортақы», «ұшқыр» дейтін қасиеттерінен тек жорғаға арналған би жасауы, халқымыздың жорғаны барын-

ша әспеттейтіндігі байқалады. Сондықтан жібектей жал-құйрығын желге сүздіріп, шоқпардай кекілін желкілдетіп, тұла бойын тербелтіп, жер бауырлап тайпала жөнелетін жорғаның жүрісін биге айналдыруы халқымыздың ерен талғампаздығы деуге болады. Ал аттың шабысын, желісін, аяңын немесе басқа жүріс дағдысын биге айналдырсақ, ол би тым дөрекі, қопал, көріксіз болып шығарма еді, қайтер еді?! Демек, бұл арада аттың жүрістері ішіндегі жорға жүрісі жанға жайлы әрі шалымды болып қалмастан, оның үстіне тым әсем, сүйкімді көрінісімен тәнті етіп, адамға өлшеусіз эстетикалық әсер жеткізеді. Сөйтіп ат жорғасы адамның аралуан қимылымен бейнеленіп, белгілі ритмі, қағидасы бар әрекетке, яғни биге айналдырылғанда, аса тамаша бір жағымды образ туындап, жаңағы әсемдік пен сүйкімділік одан әрі әрлене, сымбаттала түседі. Демек, «Қара жорға» биі жай ғана еліктеуден емес, керісінше аса үлкен эстетикалық талғамнан туған деуімізге әбден болады.

Бұл арада «Би неліктен «Қара жорға» деп аталады? Ол «күрең

«Қара жорға»



Қытай Халық Республикасы ақпараттық Синьхуа агенттігінің мәліметінше, Алтай аймағындағы Шіңгіл аудандық партия комитетінің хатшысы Жаужиен жергілікті ақпарат көздеріне жасаған мәлімдемесінде: «Қазақ ұлтының дәстүрлі биі «Қара жорға» 10 мыңнан астам адамның билеп шығу салтанатын Қытай коммунистік партиясының алда келе жатқан 60 жылдық мерейтойына орайластырып өткіздік. Сондай-ақ, тамыры тереңге тартылған тарихи мәнге ие қазақ дәстүрлі мәдениетін Гиннесстің рекордтар кітабына енгізе отырып, әлемге танытуды көздедік», – деген. Өнер рекорды жасалған Шіңгіл ауданында «Қара жорға» топтық биіне, негізінен, қазақ, қытай, моңғол ұлттарынан құралған 13288 адам қатысқан. Рекордтарды тіркейтін арнайы мамандар келмей тұрып биге деген дайындық үш ай көлемінде жүргізілген.

жорға» немесе «құла жорға» деп неге аталмайды?», – деген сұрақ туындайды. Рас-ау, жылқының да күрең, торы, көк, бурыл, қарагер, жирен, құла, ақбоз, сары, қызыл, кері сияқты сан алуан түрі бола тұра, осы бір биіміз неліктен «қара жорға» аталғандығына таңданудың жөні бар. Егер біз «күрең жорға» немесе «құла жорға» биі деп атап, сол биді билей берсек, әуелгідей билене берер еді-ау. Ептеп ой жүгіртіп көрсек, бұл тағы да эстетикалық талғамның жемісі секілді. Басқаны айтпай-ақ, халқымыздың сөйлеу дағдысында да «қара» сөзін әспеттей қолданатындығын байқау қиын емес. Мәселен; «қара таудай», «қара нардай», «қара ормандай», «қарасы мол», «қара күші басым», «қара шаңырақ», «қара қазан, сары бала» тәрізді сөз саптауларынан халқымыздың қара түсті ұнататындығын аңғаруға болады. Әсіресе, төрт түлік мал ішінен «қара атан», «қара арғымақтарды» келісті, сәнді есептейді. Айтып-айтпай, көмірдей қара жылқы өлі жүннен арылып, тойына бастағанда, жылтырап айрықша әдемі көрінеді. Жал-құйрығынан тартып шашасына дейін меңсіз қара жылқының ерекше сұлу көрінетіндігіне ешкім талас тудыра алмайды. Өзіңіз жылтыр қара аттың суырыла жорғалап, тайпалып бара жатқан кескінін көз алдыңызға келтіріңізші, еріксіз елітесіз, таңдай қағасыз, құлай қызығасыз. Сондықтан бидің басқа жорға емес, тек «Қара жорға» аталуы әбден үйлесім тапқан деп білеміз.

«Қара жорға» биінің қашан, қай заманда дүниеге келгендігі, қандай тарихи дәуірдің туындысы екендігі жөнінде әзірге бірдеңе деу қиын. Бұл жөнінде жазба деректерді былай қойғанда, соған қатысты аңыз-әңгімелер де жоқтың қасы.

Әйтеуір, «Қара жорға» биі бізге өте әріден жалғасқандығын, ол аса ұзақ тарихқа ие, қазақтың ата биі екендігін білеміз.

«Қара жорға» биі өзі аттас күйдің, яғни, «Қара жорға» күйінің ырғағымен биленеді. «Қара жорға» күйі - өте қарапайым, жинақы, қысқа, санаулы ғана дыбыс бунақтарынан құралған, қоңыр сарынды, жеңіл ырғақты күй. Сонысына қарамай күй аса ойнақы, жағымды келеді де, ритмін қалағаныңызша баяулатуға да, жеделдетуге де келе беретін ебдейлі ерекшелікке ие. Алайда оны өзіндік іліс-қағысы, орындау (шерту) тәртібі бар, беталды бұрмалай беруге келмейтін музыкалық туынды деп тануымыз керек.

«Қара жорға» биіне келсек, оның көркемдік ерекшелігі тағы да сол қарапайымдылық дер едік. Қол-аяқ буындарының, иықтың, белдің, тізенің қағидалы қозғалысы (ритмді қимылы) арқылы келетін би тым күрделі емес. Оны үйреніп билеу де қиынға соқпайды. Алайда айғайдың бәрі ән емес деген сияқты, ербеңдегеннің бәрі қара жорға бола бермейді. Оның да дәстүрлі үлгісі, формасы бар. «Қара жорғаның» қарапайымдылықпен әсемдік ұштастырылған меншікті үлгісін өз мәнерінде орындау екінің бірінің қолынан келе бермейді. Оны ерлердің билеуі мен әйелдердің билеуі арасында да белгілі парық бар. Демек, би қарамаққа тым қарапайым көрінгенімен, өзіндік қағидасы, тәртібі, ережесі, көркемдік талабы бар халықтық көркемөнер жемісі болып табылады. «Қара жорға» биі соған қоса аса үлкен икемділікке ие. Оны жалғыз адам орындауға да, жұптасып (ер-әйел) орындауға да, топтасып (ер-әйел аралас) орындауға да, отбасында, үлкен-кіші мерейтойларда да орындай беруге де болады.

Тіпті, бұрынғының сал-серілері оны ат үстінде де билей берген.

Қазір «Қара жорға» биі дәуір қадамына ілесіп дамып, кемелдене түсті. Сахарадан сәулетті сахнаға көтерілді. Бертін келе Алтай қазағынан шыққан Қымбат Айдарқызы сияқты би саңлақтары оны одан әрі әрлендіріп, образдандырып, дәстүр мен жасампаздық ұштастырылған жаңа үлгісін жаратып, халықтық биіміздің сәулетін асырып, тұғырын биіктетті. Әр дәрежелі көркемөнер үйірмелері де «Қара жорғаның» жеке және топтық орындалуын сахнаға шығарып, оның бітімдік ерекшелігін сақтай отырып, формасын жаңалап, мазмұнын байытып, образын айшықтап, халықтың алғысына бөленді. Бір өкініштісі, бірқатар бишілеріміздің мұның көркемдік сипатын арттырамыз деп бітім-болмысын күңгірттендіріп, ұлттық бояуын солғындатып жібергеніне қатты қынжылғанымызды да жасыра алмаймыз.

Бүгінгі таңда мемлекетіміз тарапынан мәдени мұрамызды қорғап, қанға сіңген қасиетті дәстүрді кейінгіге дәріптеуге жан-жақты жағдай жасалып отыр. Осындай игі бастама үстінде біз ұлттық биіміз болған «Қара жорғаны» құлшына зерттеп қорғауымыз, сөйтіп асыл мұрамызды ардақтай білуіміз қажет.

Мақала қазақпен қайта қауышқан мәдени мұрамыздың бірі - «Қара жорға» биіне арналады. Алтайдың ар жағында жаңғыртылып, төл өнеріміздің тұғырын биік белеске көтерген бұл биді ұлттық брэндімізге айналдыру қажеттігі айтылған.

Утвержден
распоряжением
Премьер-Министра
Республики Казахстан
от 4 марта 2009 года № 31-р

**Перечень
юбилеев и памятных дат, проводимых
на республиканском уровне в 2009-2011 годах**

№ п/п	Наименование юбилеев и памятных дат	Форма завершения	Ответственные за исполнение	Срок исполнения
1	2	3	4	5
1.	175-летие Биржан сала Кожагулулы	Постановление Правительства Республики Казахстан	МКИ, аким Акмолинской области	2009 год
2.	125-летие Кенена Азербаетова	Постановление Правительства Республики Казахстан	МКИ, акимы Жамбылской области, города Алматы	2009 год
3.	100-летие Гарифоллы Курмангалиева	Постановление Правительства Республики Казахстан	МКИ, акимы Западно-Казахстанской, Мангистауской, Атырауской областей, города Алматы	2009 год
4.	100-летие Абдильды Тажибаева	Постановление Правительства Республики Казахстан	МКИ, акимы Кызылординской области, города Алматы	2009 год
5.	175-летие Чокана Валиханова	Постановление Правительства Республики Казахстан	МКИ, МОН, аким Северо-Казахстанской области	2010 год
6.	175-летие Григория Николаевича Потанина	Постановление Правительства Республики Казахстан	МКИ, МОН, аким Павлодарской области	2010 год
7.	125-летие Миржакипа Дулатова	Постановление Правительства Республики Казахстан	МКИ, МОН	2010 год
8.	100-летие Бауржана Момышулы	Постановление Правительства Республики Казахстан	МКИ, акимы Жамбылской, Атырауской областей, города Алматы	2010 год
9.	150-летие Дины Нурпеисовой	Постановление Правительства Республики Казахстан	МКИ, акимы Западно-Казахстанской, Мангистауской областей, города Алматы	2011 год
10.	100-летие Касыма Аманжолова	Постановление Правительства Республики	МКИ, МОН, акимы Карагандинской	2011 год

Примечание: расшифровка аббревиатур:

МКИ - Министерство культуры и информации Республики Казахстан

МОН - Министерство образования и науки Республики Казахстан



ЖАН ЖАЗБАЛАРЫ



АҚТОТЫ СМАҒҰЛОВА

- 1966 жылы 27 сәуірде Алматы облысы Шелек ауданы Қаратұрық ауылында дүниеге келген.
- Т. Жүргенов атындағы Өнер академиясының кескіндеме және мүсін факультетінің түлегі.
- Қазақстан шығармашыл жастары «Жігер» фестивалінің лауреаты және Гран-При жүлдесінің иегері.
- Қазақстан Жастар одағы сыйлығының лауреаты.
- Халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты.
- Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі.
- Туындылары АҚШ, Германия, Швейцария, Франция, және ТМД елдерінің көрмелеріне қойылып, жоғары бағаланған.
- Қазір Астана қаласы Тәуелсіздік сарайындағы қазіргі заман галереясының директоры.

Суретші – Ақын. Ақын – Суретші. Суретші суретті салмайды. Суретті жазады.

Суретші – Жазушы. Жазушы – Суретші.

Бұлар жеті қат көктен жеті нотаға шомылып, жеті нұрда саулаған жеті бояуға бөленіп, жетінші түйсік арқылы сезінген періште ойды пенденің тіліне аударады. Шексіздіктен шексіздікке сапар шеккен тылсым дүниенің іңгәлаған аппақ дұғасын жер бетіндегі рухы шөліркеген жандарға жеткізу үшін жүрегімен жер басып жанталасады. Маңдайында бағы барлар да — осылар. Маңдай демекші, олардың жазмышы да – қос дүниенің сұлуы. Демек, Тәңірдің сыйымен ғана өлшеніп берілетін әдемі қасиетке ие адамдар ғана жан тілінде жарқын сөйлей алады. Жан тілі – сұлулық тілі. Сұлулық тілі – Құдайдың тілі. Он сегіз мың ғаламды көркем етіп жаратқан аса ұлы Жаратушы таңдаулы адамдардың санасына сұңғылалық дарытып, еріктен тыс сұлулық сыйлайды. Саналы тән емес, жан екенін ескеретін болсақ, жаны сұлу адамдар ғана жұмақтың жұпары бұрқыраған ғажайып шығармаларды дүниеге әкеледі.

Әрине, жан қуанатын...



Иә, біздің сөз еткелі отырған кейіпкеріміз – Суретші.

Суретші Ақтоты Смағұлованың жүрегінен көктеп шыққан жазбалары – көкірек көзіңе көгілдір жас тұндыратын картиналары. Ақтотының палитрасында гүлдеген шығармалардың ерекшелігі – әлем халықтарына ортақ ежелгі ғарышнамалық ұғымдармен қатар, әсіресе, Қазақтың ұлттық дүниетанымының айрықша көрініс беруі. Мәселен, бір қараған кезден ақ қанындағы ұйқысыраған ұлттық санаңды дүр сілкіндіретін «Наурыз» картинасы. Алтай мен Атырау арасында кермаралдай көркем керілген ұлан-ғайыр даланың қожасы – дана Қазақтың күллі болмысына сіңіп, шаттығының шүкіріне айналып, өмірінің сабырын шалқытқан күн мен түннің теңескен мезетіндегі ұлттық терең мәні бар мерейлі мерекені бір картинаға сыйғызу – үлкен шеберлікпен қатар қазақи иіс саусағында сұңқылдаған сұңғылалықты қажет етеді.

Жүздеген жылдар өзегінде қуанышы күліп «Ұлыс оң болсын, Ақ мол болсын!», – деп ақ сөйлеп асқақ

өмір сүрген ұлыстың ұлы күнін сурет тілінде кербез сөйлету терең талғамды да талап ететіні хақ.

Қазақтың ұғымында, жалпы әлемнің пайымында қыз – көктемнің символы. Ол қазақтың қызы болса ше?! Жанарында жарық дүниеміз құбылып билеген арудың аялы алақанындағы ағаш тостағанға құйылған ақ тағам «Ақ мол болсын!», – деп нәзік күбірлеп тұрған секілді. Қабағында ай нұрланып, маңдайында ақ ниет ақ алтындай буланған хас ару бұл картинада өз орнын тауып, қазақ дүниетанымындағы бұ дүние мен о дүниеге қатысты жаратылыстарды қақ бөліп тұр. Қазақтың бай пәлсапасы өрнектелген өрелі шығарма бар болмысын көрермен көкейіне сіңіріп, көз алдында боз жусандай қайта аңқытатынына еріксіз сенесіз. Өйткені, көк пен жердің көркін келтірген үйлесімді табиғаттай шығарманың композициясы тас түйін. Көз сүріндіретін көлденең деталь, басты қатырған басы артық кеңістік таппайсыз. Жоғарыда айтқан хас арудың келбетіндей келісті, суретші керек деп тапқан дүниенің бәрі де өз орнында. Егер сіз картинаға сын көзбен

қарасаңыз: «Бұл суретші қазақтың жәннаттай құлпырған жан әлемін, ұлттық дүниетанымын жаһанға жеткізіп тұр...», – деп, өзіңізден өзіңіз еріксіз күбір ете түсесіз.

Қош. Келесі бір келісті картина «Түс» деп аталады екен. Түс. Атам қазақ: «Түс – Тәңірдің аяны», «Түс – Құдайдың елшісі» десе, шым-шытырық шайтани түске: «Түс – түлкінің тезегі» деп байыпты байлам жасағаны бізге бесенеден белгілі. Картинаға бір қараған сәттен көзіңізге ала құлан (зебра) түседі. Біреуі кіріп, біреуі шығып бара жатқан кәдімгі ала құлан. Ала құлан – Күн мен Түн, Өмір мен Өлім, Ақ пен Қара. Қос дүние. Иә, өмірдің өзін – сол ала құлан екен деп қаласыз. Жақсы мен жаманы алма кезек ауысқан ала құла бес күндік жалған дүниенің едәуір бөлігі ұйқымен өтетіні тағы бар. Таңнан кешке дейін дамыл бермейтін қу тірліктен босап, жұмсақ төсекке қисая кетсеңіз болды әйтеуір түс көресіз. Осы бір түс көру мәселесінде әйгілі адамдардың шындыққа айналған түстері туралы таңғажайып мәліметтер жеткілікті. Мысалы, Харун Рашидтің Әзірейіл періштенен

енді қанша өмірі қалғанын сұрағанда, оның бес саусағын көрсеткен түсін Әбу Ханифаның ғайыптың бес хаба-рын Аллаһ тағаладан басқа ешкім де білмейді деп жоруы, Абылай ханның түсін өзіңнен кейінгі ұрпағыңның ұсақталуы деп Бұқар жыраудың жоруы, Шыңғыс ханның қайын атасы Дэй шешеннің түсі, Бабырдың Самарқанд қаласын алар алдындағы және оның өлімге бас байлағандағы көрген түсі, қайда барса өз көрін қазғандарды көрген Қорқыттың түсі, қазақ жерін орыстың басып алу қаупіне алаңдап: «Бұл арадан көшпесең, айтқаныма түспесең, орыс алар қалаңды, шулатар қатын-балаңды, осыны көрдім түсімде!», – деген Асан Қайғы бабаларымыздың түсі әлі күнге дейін ұрпақтан-ұрпаққа ұмытылмай келе жатыр. Бұған химиялық элементтердің периодтық жүйесін түсінде көріп барып тапқан әйгілі Д. Менделеевті де қоссаңыз, апыр-ай, түс көру деген сонда не өзі?! Міне, мұның мысқылдай болса да жауабын осы картинадан сезінуге болатын секілді. Біздің ғұмыр – ұмытшақ сананың дұғасы. Біздің ғұмыр – Жаратушының әлдеқашан жасап қойған құдіретті жоспары. Кейде өңдегі оқиғалар көз алдына бұрын көріп тастаған ескі кино-ленталарындай сезіледі. «Мен осы сәтті бұрын бір жерден көргенмін», – деп, есіңе түсіре алмай есеңгіреп тұратын сәттер көптеп кездеседі. Біздің айтарымыз – бұл емес. Алайда, картинадан соны да сезінуге болады. Композициясы тамаша пәлсапаның түйінімен түйілген жазбаның тағы бір ерекшелігі – ұйқыдағы сұлу. Ал

Мақалада белгілі суретші Ақтоты Смағұлованың сұлулыққа сүйсінген биік талғамынан туған тылсым туындылары талданған.

ұйқының дұшпан екені бәрімізге мәлім. Осы пәлсапа тамшысын Ақтоты өте нәзік мөлдіретеді. Сұлудың кездесі мен етегінің сәл ашылып қалуы – қазақи санамен қарасақ өте ұят нәрсе. Ұят – иманның тең жартысы. Бұл – сегіз қырлы картинаның бір қырындағы ұтқыр шешім. Сұлудың жоғарғы жағында мәнерлі мәнмен өрнектелген тұскиіз тұр. Ол ұлтымыз түстің қос дүниемен байланысты екені жайлы түсінігін меңзейді. Данышпан халқымыздың бір оюы бір оюына ұқсамайтын терең мағыналы тұскиізді төсектің тұсына іліп қоюының өзі бір бөлек әңгіме. «Түс» картинасындағы әр түрлі бояулардың бір-бірімен үйлесім тауып, бір-біріне сәулесін түсіріп, іңкәр аңқылдаған пәлсапаны көкірек көзі бар кез келген адам жүрегімен оқи алады.

Өз қолтаңбасы бар автордың келесі бір ерекше картинасы – «Томирис».

Көкірегі кекке толы қатал патшайымның Кирдің басын кесіп алып, қанға толы меске салып тұрып: – Әйтеуір тірі жүрмін демесем, сені жеңіп шықтым демесем, жар дегендегі жалғыз ұлымды қулықпен қолға түсіріп, сен менің түбіме жеттің, жауыз! Берген сертімді берік ұстап, енді сені сусының қанғанша адам қанына бөктіргеннен басқа амалым қалған жоқ, деген сақтардың қатал патшайымы Томирисің әйел екенін, оның да осалдығы бар екенін шығарма желісінде айқын жазады. Сондай-ақ, шығарманың тағы бір қыры кез келген әйел адамдардың нақ өз келбетін жауып тұратын бет перде (маска) болатындығын айтып әрі түсінікті етіп жазады. Ер жігіттің құшағында махаббаттың бал шырынына балқыған Томирисің бет пердесін қолына алғаны – әрбір әйелдің өз табиғатынан аса алмайтындығын шегелей түседі.

Ақтотының қай шығармасын алып қарасаңыз қай-қайсысы болсын ұлттық дүниетаным тамырынан нәр алып тұр. Мәселен, «Шебер», «Әуен», «Баршын», «Қазына», «Қалыңдық» сынды картиналарының орны ерекше.

Қылқаламның ұшынан сурет болып сөйлеп, сұр кенепке сұлулық қондырған Ақтотының аппақ әлемі – қазақтың жан дүниесі. Кез келген халық тамыры тереңге тартылған ұлттық құндылығымен мақтанады. Өнері мен өмірі өз ұлтының дүниетанымымен біте қайнасып жатуы керек. Міне, сондықтан автордың қазақи картиналарының ғұмыры ұзақ деп білемін. Өйткені, жер бетінде соңғы қазақ қалғанша, тіпті соңғы адам қалғанша өз құндылығын жоғалтпайды деп ойлаймын.

Әр картина өмір күрсініп, нағыз өмір – жан қалауымен, жүректің әмірімен рухани өмір сүру екендігін меңзейді.

Әр картина іңкәрлікті нәзік жазып, ішкі жан-дүниесі жадыраған, рухында нәзіктік, кәусар тазалық және сабыр мен иман дұғасын оқып тұрған қасиет тілін сездіреді.

Әр картина тылсым күбірлейді, бұ дүние мен о дүниенің ең ұлы арманын әуенге айналдырып тұрған секілді...

Суретші – Ақын.
Ақын – Суретші.
Суретші суретті
салмайды.
Суретті жазады.
Суретші – Жазушы.
Жазушы – Суретші.

Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ



Aktoty

"Түс", к., м.б., 100x117, 2000 ж.



"Томирис", к., м.б., 100x120, 1999 ж.

سبحان ربك رب العرش العظيم
بسم الله الرحمن الرحيم
الحمد لله رب العالمين
والصلاة والسلام على
سيدنا محمد
الذي ولد في مكة
في ليلة الاثنين
الثامن عشر من
شعبان سنة
الفيل
في عام
البعث
على يد
الجنات
والجن
والانس
والعنه
الذي ولد
في مكة
في ليلة
الثامن عشر
من شعبان
سنة الفيل
في عام
البعث
على يد
الجنات
والجن
والانس
والعنه